

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
«М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ» КММ**

**КАБИМОЛДИНА А.К.**

**КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ  
ТҰЛҒАЛЫЛЫҒЫН ДАМУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ  
ЖЕТІСТІКТЕРІН МОНИТОРИНГІЛЕУ**  
(өзін-өзі тану пәні бойынша колледж оқытушылары мен студенттеріне  
арналған әдістемелік көмекші құрал)



**СЕМЕЙ,  
2021**

**УДК 159.9**  
**ББК 87.3(2К)я73**  
**К 21**

Жалпы редакциясын басқарған педагогика ғылымдарының  
кандидаты **Жұмажанова Т.Қ.**

Әдістемелік нұсқаулық Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы  
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КММ әдістемелік  
кеңесінің шешімімен басуға ұсынылды.  
№ 6 хаттама 13.10.2021 ж.

ШҚО Білім жетілдіру институтының сараптамасынан өтіп, мақұлданды  
Көмекші оқу құралын баспаға Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы  
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорны

«Өрлеу» «Біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ Филиалы «Алматы облысы  
бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының» бағдарға  
ұсынған нұсқаулық негізінде әзірленді

Пікір жазған: «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің» КеАҚ  
профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты **Исмагулова Б.Х.**

**К 21**

**Кабимолдина Айгуль Кайрбековна**

Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы  
жетістіктерін мониторингілеу (өзін-өзі тану пәні бойынша колледж оқытушылары мен  
студенттеріне арналған әдістемелік көмекші құрал), «М.О.Әуезов атындағы  
педагогикалық колледж» КММ, Семей: «Zhardem» республикалық баспа компаниясы., -  
2021 жыл, - 124 бет.

**ISBN 978-601-2405-28-3**

Әдістемелік нұсқаулықта өзін-өзі тану пәнінің жеке тұлғаны дамытудағы мән-  
маңызы пәнді оқытудағы басты мақсат-міндеттермен байланыстырыла отырып  
көрсетілген. Жеке тұлғаны дамытуда, оның функционалдық сауаттылығын арттыруда  
жаңа инновациялық технологияларды тиімді пайдаланудың жолдары нақты мысалдармен  
дәлелденген. Өзін-өзі тану пәнінен баға қойылмайтындықтан, әдістемелік нұсқаулықта  
қол жеткен жетістікті саралау, нәтижені бақылау, сандық және сапалық көрсеткіштің  
үйлесімін анықтау, мониторинг жасау ісіне баса көңіл бөлінген.

Әдістемелік нұсқаулық өзін-өзі тану пәнінен сабақ беретін колледж оқытушылары  
мен студенттеріне арналған.

**ISBN 978-601-2405-28-3 УДК 159.9 ББК 87.3(2К)я73**

© Кабимолдина А.К.  
© «Zhardem» РБК, 2021 жыл

## АЛҒЫ СӨЗ

«Әр адам – өз заманының баласы». Бүгінгі ғылым мен техника дамыған жаһандану ғасыры адамзат баласының бойында көптеген игі қасиеттердің болуын талап етеді. Сол себепті де қазіргі таңда оқушыларға, жалпы білім алушыларға заманауи талаптарға сай білім мен тәрбие беру мәселесі ерекше қолға алынып отыр. Білім беру саласына реформалар жасалып, мектепте 12-жылдық білім беру, үш тілде білім беру тәрізді жаңа жүйелер оқу үрдісіне енгізілуде. Оқу орындарында оқытудың жаңа форматы сан алуан оқыту технологияларына негізделіп, білім беру саласына өзіндік жаңалықтарымен келіп отыр. Бұлардың қай-қайсысының болмасын, мақсаттары біреу, міндеттері ортақ болып келеді. Яғни білім сапасын жетілдіріп, өз заманына сай, қазіргі күннің талап-тілектеріне жауап бере алатын жан-жақты тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазіргі оқушы, студент – болашақ ел азаматы. Олар алған теориялық білімдерін күнделікті өмірде өз қажетіне жарата білуі қажет. Бұл үшін оқушының функционалдық сауаттылығын арттыра білу керек. Студенттерге заманауи білім алу, үш тілді еркін меңгеру талабы т.б. қойылуымен қатар, олардың ұлттық құндылықтарды құрметтей білуі, Отанын, елін, жерін сүйетін ел патриоты болуы, мемлекеттік тілдің мәртебесін әрдайым биік ұстауы, адамгершілік қасиеттерді бойына еркін сіңіре білуі т.с.с. міндет етіледі. Осы орайда, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуын қалыптастыратын «Өзін-өзі тану» пәнінің маңызы ерекше.

«Өзін-өзі тану» пәні – адамды өмір сүруге үйрететін пән десек артық айтқандық емес. Пән арқылы білім алушылардың адам атаулыға тән асыл қасиеттерді дамытып жетілдіруі, өмірдегі ең өзекті деген тақырыптар төңірегінде ой өрбітуі – осы айтқанымыздың айқын дәлелі. «Өзін-өзі тану» пәнінің күнтізбелік жоспарындағы тақырыптардың барлығы өмірдің шынайы құбылыстарымен астасып жатыр. Сабақ барысында жаңа инновацияға негізделген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, түрлі ситуациялық жағдаяттар туындату нәтижесінде білім алушының функционалдық сауаттылығын арттыру, өмірге бейімдеу, оқушылар бойында патриоттық сезімді нығайтып, олардың рухани әлемін байыту, жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасау пәннің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады. Әдістемелік нұсқаулықта өзін-өзі тану пәнінде түрлі технологияларды пайдаланудың маңызын ашып көрсетумен қатар, пәнді өзге пәндермен кіріктіре жүзеге асырудың көздеген мақсат-міндетке қол жеткізудегі орны айрықша екендігіне тоқталып өткенді жөн көрдік. Бұл пәннің негізгі өзегін, маңызын танытады. Ал басты мақсат білім алушылардың меңгерген теориялық білімдерін, игерген дағдыларын т.б. саралау, сараптау, бағалау, анықтау, мониторинг жасаудың маңызы мен түрлерін өз тәжірибемізге сүйене отырып ашып көрсету болып табылады. «Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы жетістіктерін мониторингілеу» деп аталатын нұсқаулық пән мұғалімдеріне әдістемелік тұрғыдан өзіндік жәрдемін, септігін тигізеді деген сенімдеміз.

## **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖОЛДАРЫ**

Колледж студенттері міндетті білім беру ордасымен қоштасып, өмірдің жаңа бір белесін бастап, жаңа өмірге жолдама алып отырған азаматтар болып саналады. Оларға өзін-өзі тану пәні бастауыш сыныптан бастап оқытылады. Алайда колледж табалдырығын аттағаннан кейін-ақ олардың өмірге деген көзқарастары өзгере бастайды. Білім алушылардың басым бөлігі ата-аналарынан жыраққа кетіп, ересек өмірге қадам жасайды. Бұл кезеңде оларда психологиялық тұрғыдан түрлі қобалжулардың туындауы заңды. Сол себепті осы кезеңде өзін-өзі тану пәнінде білім алушыларға тақырыптық жоспарға сәйкес дұрыс бағыт-бағдар беру, адамгершілік, ізгілік жолына тәрбиелеу, олардың танымдық деңгейін арттыру, жалпы өмір, адам, бақыт, махаббат тақырыбында тереңірек сөз қозғап, адамгершілік қасиеттеріне баулу қажет. Жас ерекшелігіне байланысты пәнді күрделендіріп, өмірдің шынайы құбылыстарымен бетпе-бет келтіре отырып оқыту қажет.

Пәннің мазмұндық сипатын толық таныту үшін, пәннің колледж студенттеріне арналған күнтізбелік тақырыптық жоспарын ұсынып отырмыз:

### **Күнтізбелік-тақырыптық жоспар:**

#### **I тарау. Жаңа қауымдастық**

- Сәлеметсіздер ме! Сіздермен танысайық!
- «Мен бүгін студентпін».

#### **II тарау. Ересектер ойын ойнай ма?**

- Ойын ойнайтын адамдар.
- Адамдар ойнайтын ойындар.

#### **III тарау. Пікірлесе білу – баға жетпес байлық**

- Үйлесімділік пен жанжал.
- Сабырлылық.
- Ұжымдық, достық, әріптестік.
- Махаббат сезімдері.
- Нәзіктік пен қажырлылық.

#### **IV тарау. Көкжиектің ар жағында не бар?**

- Ғалам – біз өмір сүретін орта
- Еліктегіш нәрселерден қалай сақтану керек?»
- Өмірді алдын ала болжауға бола ма?

#### **V тарау Құндылық**

- Материалдық және рухани құндылықтар.
- Болмасаң да ұқсап бақ...
- Болашақ бүгіннен басталады.

#### **VI тарау Ғұмыр ұзақтығындай жол**

- Өмір – мәңгілік;
- Әрқашан мейірімділік жолымен жүр.

Тақырыптық жоспардан көріп отырғанымыздай, пәннің тақырыптық аясы өмірдің сан-салалы жағын қамтиды. Өзін-өзі тану пәнінде берілген тақырыптарды жан-жақты барынша терең талқылай отырып, өмірдің ақ пен қарасын белгілі дәрежеде ажырата білетін, ар-ұжданды жоғары қоятын, ата-ана мен ағайын-туыстың қадірін түсінетін, елін-жерін сүйетін азамат тәрбиелеп шығару мүмкіндігіне ие боламыз. Өзін-өзі тану пәнінде оқушыларға бұлайша рухани-адамгершілік білім берудің С. Назарбаева тарапынан көрсетілген төмендегі жалпы мақсаттарын назарда ұстаймыз:

## Рухани-адамгершілік білім беру мазмұны:

- өзінің өмірлік айқындамасын анықтау;
- түрлі мәселелерді адамгершілік қағидаларға сәйкес сындарлы түрде шешу;
- өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау;
- адамдарға көмек көрсету, туыстарына және жақындарына мейірімді, қамқор болу;
- өзімен-өзі үндестікте өмір сүру, ойы, сөзі және іс-әрекеттерінде шынайы болу;
- жасампаздық пен белсенділік, азаматтылық және елжандылық таныту;
- өз ойын, сөзі мен ісін адамгершілік тұрғысынан таңдауға дайын болу және оған жауапты болу;
- қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде дамыту.

Осы мақсатқа қол жеткізу барысында сабақтың тәжірибелік, қолданбалылық сипатын арттыра түсу үшін, оқытудың сан алуан әдіс-тәсілдерін пайдаланғанымыз жөн. Сабақтағы ең маңызды элементтің бірі білім алушылардың қызығушылығын арттыру болып табылады. Себебі пәнді игеруге деген құлқы болмаса, барлық еңбектің зая кеткендігі. Сондықтан бәрінен бұрын мұғалім пән мазмұнын игертуде аса құзыреттілік танытып, сабаққа күнделікті дайындалғаны дұрыс. Өйткені мұғалім қай уақытта да ұйымдастырушы, бағыт-бағдар беруші, бақылап-бағалайтын негізгі тұлға ретінде қала береді. Сабақты деңгейлік бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып жүргізу жоғары нәтижеге қол жеткізуге мұрындық болады. Сабақ барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияны, сыни тұрғыдан ойлау технологиясының түрлі элементтерін орнымен пайдалану білім алушының түрлі дағдыларының дамып жетілуіне басты мұрындық бола алады. Сабақ құрылымының бастан-аяқ дұрыс ұйымдастырылуы да білім алушының пәнге деген ынтасын арттыра түсетіні анық. Сабақты ұйымдастыру барысында, ең әуелі, «оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» атты модульдегі тезистерді басшылыққа алғанымыз жөн.

## Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер тезистерінен

- 1- жаңа нәрсені оқыту адамның нені білетінімен және түсінетінімен байланысты;
- 2-оқыту оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады.
- 3-оқушыларға гипотеза жасауға, оны қорғауға, сынақтан өткізуге және құруға уақыт беріңіз.
- 4-оқушылардың бір-бірін оқытуына мүмкіндік беріңіз.
- 5-материал көлемі шектеулі болуы керек.
- 6- оқушылардың алған білімдерін қорытындылап, талдауға көмектесу керек.
- 7-кері байланыс пен мадақтау қажет, бағалау ізгі болуы керек.

Суретте бейнеленген тезистер сабақ жүйелілігін сақтауға мүмкіндік береді. Өйткені оқушының жаңа тақырып жөнінде өздерінің білетін, түсінетін мәліметтерінен мұғалім хабардар болуы қажет. Оқушының өзіне түсінікті, оның бұрыннан бері білетін ақпаратын қайтадан қайталап, оны мезі етпеу үшін, яғни жалықтырып, пәнге деген қызығушылығын төмендетіп алмау үшін, оның танымдық деңгейін әрі қарай арттыра түсу үшін 1-2 тезисте айтылғандарды назарда ұстаған абзал. Бұл оқытудың концентрлік жүйесі деп аталады. Оқушының жаңа тақырып туралы бұрын меңгерген білімдерін еске түсіру, ақпаратты жандандыру, өткенді қайталауда жиі қолданылатын әдіс-тәсілдер төмендегідей болып келеді: ассоциациялық карта, ментальды карта, ББҮ стратегиясы, ой қозғау, синквейн әдісі, шатысқан логикалық баулар стратегиясы т.б. Оқыту сапасын арттыру үшін әр сабақта бұл аталғандардың әрқайсысын алмастырып, кезекпе-кезек қолданып отырғанымыз жөн.

«Өзін-өзі тану» пәнінің өзіне тән мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері бар. Бұл пән жайлы сөз болған жерде оны айтпай кетуге болмайды. Мәселен, пән бойынша қамтылатын тақырыптар, әдетте мына төмендегі төрт салаға негізделеді.

- 1.Адамның өзін-өзі тануы;
- 2.Адам және қоғам;
- 3.Адам және қоршаған орта;
- 4.Адамзаттың рухани тәжірибесі.

Білім алушының жеке тұлғалылық қасиетін дамытуда төрт түрлі процестің жүзеге асуы қадағаланады:

1. Өзін-өзі тану.
2. Өзін-өзі реттеу.
3. Өзін-өзі бақылау.
- 4.Өзін-өзі бағалау.

Пәннің құрылымы төмендегі бөлімдерден тұрады. «Шаттық шеңбері», «Тыныштық сәті», «Оқу», «Сабақтың дәйексөзі», «Мұғалімнің әңгімелеуі», «Оқушының әңгімелеуі», «Әңгімелесу», «Ойын», «Жаттығу», «Шығармашылық жұмыс», «Жағдаяттар кезінде ойлану», «Ән шырқайық, достар», «Сергіту сәті», «Сахналау», «Қорытындылау», «Жүректен жүрекке», «Үй тапсырмасы». Сабақ барысында ұжымдық дискуссия, топтық жұмыс, психодиагностикалық тест, тренинг т.б. форма жиі таңдалады. Мұғалім берген ақпараттан өзге білім алушының өзіне қойылатын талаптар:

1. Іздену
2. Талдау – жинақтау
3. Жобалау

Мәселен, «Махаббат сезімдері» тақырыбын алып қарайық.

**Тақырып:** «Махаббат сезімдері»

**Құндылық:** «сүйіспеншілік», «мейірімділік», «жүрек жылуы»

**Қасиеттер:** махаббат сезімдерін ұялату

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушыларға махаббат, сүйіспеншілік, мейірімділік, жүрек жылуы ұғымдарының құндылық ретіндегі мәнін ашу.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- махаббат, сүйіспеншілік, мейірімділік ұғымдарының адам өміріндегі мәнін түсіндіру;</li> <li>- тұлғааралық қатынастарда сүйіспеншілік қарым-қатынастарын дамыту;</li> <li>- білім алушыларды өз Отанын, туған жерін, ата-анасын, дос-құрбысын сүюге тәрбиелеу.</li> <li>- махаббат көп жақты сезім екені жайлы түсініктерін кеңейту;</li> <li>- махаббаттық өмірлік мәнді күшіне сенімін дамыту;</li> <li>- махаббат жолында ізгі әрекет жасау қабілетін дамыту.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер). Жабдықталуы.</p>																														
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті <b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық</p>																															
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, сергіту сәті, тыныштық сәті, ой толғау, талдау, ән айту</p>																															
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr><td>1. Ұйымдастыру</td><td style="text-align: right;">(2 мин)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td><td style="text-align: right;">(10 мин)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>5. Пікірлесу сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(5 мин)</td></tr> <tr><td>6. Даналық ойлар</td><td style="text-align: right;">(7 мин)</td></tr> <tr><td>7. Шығармашылық жұмыс</td><td style="text-align: right;">(5 мин)</td></tr> <tr><td>8. Ой бөлісу</td><td style="text-align: right;">(5 мин)</td></tr> <tr><td>9. Сергіту сәті</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>10. Талқылау сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(5 мин)</td></tr> <tr><td>11. Топпен ән айту</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>12. Үй тапсырмасы</td><td style="text-align: right;">(2 мин)</td></tr> <tr><td>13. Рефлексия</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>14. Қорытындылау</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> <tr><td>15. Соңғы тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(3 мин)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру	(2 мин)	2. Тыныштық сәті	(3 мин)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 мин)	4. Дәйексөз талдау	(3 мин)	5. Пікірлесу сұрақтары	(5 мин)	6. Даналық ойлар	(7 мин)	7. Шығармашылық жұмыс	(5 мин)	8. Ой бөлісу	(5 мин)	9. Сергіту сәті	(3 мин)	10. Талқылау сұрақтары	(5 мин)	11. Топпен ән айту	(3 мин)	12. Үй тапсырмасы	(2 мин)	13. Рефлексия	(3 мин)	14. Қорытындылау	(3 мин)	15. Соңғы тыныштық сәті	(3 мин)	
1. Ұйымдастыру	(2 мин)																														
2. Тыныштық сәті	(3 мин)																														
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 мин)																														
4. Дәйексөз талдау	(3 мин)																														
5. Пікірлесу сұрақтары	(5 мин)																														
6. Даналық ойлар	(7 мин)																														
7. Шығармашылық жұмыс	(5 мин)																														
8. Ой бөлісу	(5 мин)																														
9. Сергіту сәті	(3 мин)																														
10. Талқылау сұрақтары	(5 мин)																														
11. Топпен ән айту	(3 мин)																														
12. Үй тапсырмасы	(2 мин)																														
13. Рефлексия	(3 мин)																														
14. Қорытындылау	(3 мин)																														
15. Соңғы тыныштық сәті	(3 мин)																														

<p><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау,</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	<p>Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.</p>
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b> Аутотренинг өткізу</p>	<p>Баяу әуен</p>
<p>➤ <b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әбу Насыр әл Фарабидің философиялық трактаттарынан үзінділер;</li> <li>- Ақтамбердінің толғауы;</li> <li>- Абайдың алтыншы қара сөзі;</li> <li>- М.Мақатаевтың достық жайлы өлеңдері.</li> </ul>	<p>Сабаққа дайындығын тыңдау, талдау, бағалау, мадақтау.</p>
<p><b>Дәйексөз.</b> «Махаббатсыз дүние бос»</p> <p style="text-align: right;">Абай.</p> <p>➤ Адамның күллі тіршілігі махаббатпен байланысты. Ол – адамның ішкі әлеміндегі рухани сезімдерінің көрінісі ретіндегі жан күйі. Барлық әдемі, сүйкімді, шарапатты, ұлы істерге, ерліктерге, адамды сүйіспеншілік сезімдер жігерлендіріп, дем беріп отырады. Адам біреуді сүйгендіктен яки біреудің өзін сүйетінін сезгендіктен немесе біреудің сүйіспеншілігінен үміттенгендіктен, оның бойын күш-жігер кернеп, биік мақсаттарға ұмтылады, асқан қажырмен және өнерпаздықпен жайшылықта қолдан келмейтін үлкен істер тындырады. Демек, махаббат - өзі үшін ғана емес, екінші адам үшін өмір сүре білу, сол екінші адамның қайғысына да, қуанышына да ортақ болу, айналаға соның көзімен қарау, сол арқылы тіршіліктің қадір-қасиетін танып, оны ардақтау деген сөз. Өз ісіне шын ықыласпен, өмірге сүйіспеншілікпен қарайтын адамдар ғана ұлы жаңалықтар аша алады, қалалар салады, бақтар өсіреді, ұрпақ тәрбиелейді. Сонымен қатар адам сезімінің көрінісі ретінде тамаша әндер мен өлеңдер, ғаламат шығармалар дүниеге келеді.</p>	<p>Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.</p>
<p><b>Пікірлесу сұрақтары.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Махаббат туралы аз айтылмаса да бұл тақырып бізді көп ойландырады. Неліктен деп ойлайсыз?</li> <li>➤ Махаббат - көп қырлы, ғұмыр бойғы тағдыр. Біз біреуге махаббат сыйлап, біреудің сезімін түсіне аламыз ба немесе сүйю қабілеттілігі үшін тағдырға алғыс айта аламыз ба?</li> <li>➤ Махаббаттың түрлі көрінісін бір-бірінен ажырата аламыз ба?</li> <li>➤ Оның жақсы мен әлсіз тұстарын аңғара аламыз ба?</li> <li>➤ Махаббат пен ғашықтық арасындағы өзгешелікті ажырата аламыз ба?</li> <li>➤ Адам сүйіспеншілігі қандай сезім тудырады?</li> <li>➤ Махаббат неліктен құдіретті де қасиетті ұғым?</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>



<p><b>Даналық ойлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Махаббат жалғыз да, ал оның жалған түрі мыңдап саналады. (Ф. Ларошфуко)</li> <li>➤ Адам қалауының үш қайнары бар, олар: Жан, сана және тән. Жан қалауынан достық, Сана қалауынан сыйлау, Тән қалауынан құмарлық туады. Осы үшеуінің қосылуынан махаббат пайда болады. («Шабдал бұтақтары» кітабынан)</li> <li>➤ Махаббат ешбір қуанышсыз болса, айрылысу өкінішсіз болады. (М.Ю. Лермонтов)</li> <li>➤ Жек көргеннен жалыққан жүрек сүюді үйренбейді, сүйе алмайды (Н.А. Некрасов)</li> <li>➤ Махаббат адамды танымастай етіп өзгерте алады. (Теренций)</li> <li>➤ Адамды тану үшін оны сүю керек (Л. Фейербах)</li> <li>➤ Азапсыз махаббат - арзан махаббат. (халық мақалы)</li> <li>➤ Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу (халық мақалы)</li> <li>➤ Махаббат-ең ұлы сезім (А.С.Макаренко)</li> </ul>	<p>Махаббат туралы айтылған сөздерді талдау.</p>
<p><b>Шығармашылық жұмыс.</b></p> <p>Әрбір адамның жақсы қасиеттері болады, өз бойыңыздағы асыл қасиеттерді бағалаңыз және қабылдаңыз, сонымен қатар ол қасиеттер сіздің өз күшіңізге сенімдік береді және қиын сәттерді жеңе білуге көмектеседі. Ешқашан өз қабілеттеріңізді төмендетпеңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ал енді бойымыздағы жақсы қасиеттерімізді жазайық. Сонымен қатар өзіміздің бойымызда жоқ, бірақ болса екен деген қасиеттерді жазуларыңызға болады.</li> <li>• Таблица толтыру сіздерге бес минут беріледі.</li> </ul>	<p>Шығармашылық тапсырма арқылы тұрақты зейін қалыптастыру.</p>
<p><b>Сіз мына айтылған ойлармен келісесіз бе?</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Махаббат өшеді, өмірдегі ұлы трагедия - адам өлімінде емес, оның сүйе алмағанында (Сомерсет Моэм).</li> <li>➤ Адамшылықтың алды - махаббат, әділет сезім бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтін де жері жоқ. Ол жаратқан тәңірдің ісі, жан-жануарларда да махаббат сезімі бар. Бұл әділет, махаббат сезім кімде көбірек болса сол - ғұлама, сол - ғалым. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді көзбен көріп, ақылмен біліп сезбекпіз (Абай).</li> <li>➤ Махаббат құпиясы айрылысарда ашылады. (М.Қашғари).</li> <li>➤ Сүйетін адамыңа өзіңнің дұрыстығыңды көрсете беруге ұмтылма. (Жан Итье).</li> </ul>	<p>Өз көзқарастарын білдіруге, ойды талдай алуға, дүниетанымдарын дұрыс қалыптастыра білуге баулу.</p>
<p><b>Сергіту сәті.</b> «Ана мен бала» бейне баян көрсету</p>	<p>Бейнесюжет көрсету, талдау</p>

<p><b>Талқылау сұрақтары</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Махаббаттың құндылығы неде?</li> <li>2. Оның ғашықтық, сүйіспеншілік, құштарлық, ұғымдарымен қандай байланысы бар?</li> <li>3. Махаббат адамға қандай артықшылық береді?</li> <li>4. Махаббат әрқашан да жақсылық әкеле ме?</li> <li>5. Махаббат қай уақытта жағымсыз қасиетке айналады?</li> </ol>	<p>Ой бөлісу, пікірлесу, талдауға баулу.</p>
<p><b>Топпен ән айту.</b>  <b>Нәби Аймуратов</b>  Енесей мен Еділді шатыстырып картадан  Ең алғашқы махаббат басталады партадан  Күндей таза көңілі қардай аппақ парақтан  Ең алғашқы махаббат басталады сабақтан</p> <p>Кешпегендер басынан сенбе мейлі сен мейлі  Ең алғашқы махаббат бірін-бірі көрмейді  Айта алмас ем ертедеп айта алмас ем кеш деп мен  Ең алғашқы махаббат басталады мектептен</p> <p>Бәйшешекте бүр жарып бұзып жарып сен тоңды  Ең алғашқы махаббат болу керек ең соңғы  Болар бәлкім қамалып болар бәлкім қақ басып  Ең алғашқы махаббат махаббаттың патшасы</p>	
<p><b>Үй тапсырмасы.</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.«Мен өзімді сүйемін, себебі... » тақырыбына эссе жазу;</li> <li>2.Біржан салдың «Ер жігіт дүниені көргені артық»,</li> <li>3.М.Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты»,</li> <li>4.М.Мақатаевтың «Ғашықпын»,</li> <li>5.Қ.Мырзалиевтың «Ғашықтық жәйін қозғама»,</li> <li>6.Р.Ғамзатов пен Т.Мәтмұратовтың өлеңдері</li> </ol>	<p>Махаббат жайлы өлеңдерді оқи отырып, алған әсерлерімен бөлісу.</p>
<p><b>Рефлексия</b>  Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау.</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру.</p>
<p><b>Қорытынды.</b>  Сіз басқа адам бола алмайсыз, тек қана өзіңіз ғана бола аласыз. Сол себепті сабыр сақтаңыз. Қоршаған орта сізді дәл осы қалпыңызда қабылдайды.</p> <p style="text-align: right;">Шығыс даналығы.</p> <p>Ең бастысы өзіңе деген махаббатты мәнмендікпен шатастырып алуға болмайды. Барлық іс-әрекет тіршілікпен негізделсе, демек адам өзін адам ретінде сезіну үшін де өзіне деген сый-құрмет пен махаббат болуы керек. Адамның қайырымдылық, мейірімділік, жақсылық жасау сияқты ізгі сезімдерінің барлығы жүректен шығады.</p>	<p>Сабаққа қорытынды жасау.</p>
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Баяу әуен</p>

Мән беріп қарайтын болсақ, аталған тақырып төңірегінде білім алушының адами қасиетін қалыптастыру, танымдық көкжиегін кеңейту, тақырыпты жан-жақты талқылау, түрлі даналық ойлар арқылы сабақ нәтижесінен ой түйю тәрізді іс-әрекеттер жүзеге асады. Бұл білім алушының жеке бас қасиеттерінің қалыптасуына, адам ретінде болашақ өміріне деген дұрыс саналы көзқарасты

қалыптастыруна түрткі болатын жағдайлар деп есептейміз. Ұсынылған сабақ жоспары негізінде өзін-өзі тану пәнінің мазмұндық-құрылымдық ерекшелігін таныта білдік деп санаймыз. Дәл осы тақырыпты өту барысында мына бір әдістерді қолдану да олардың танымдық тұрғыдан жетілуіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына т.б. өзіндік ықпалын тигізетіні анық.

**Тақырыбы:** «Махаббат сезімдері».

Эпиграф: Адазаттың бәрін сүй – бауырым деп.

Не болмаса, «Махаббатсыз дүние бос» ( *Абай*).

Ең әуелі тақырып төңірегінде оқушыларға БЖӘ (бастама – жауап – кейінгі әрекет) нысаны бойынша сұрақ қоямыз.

Бастама: Махаббат деген не?

Жауап: ол адамдардың бірін-бірі жақсы көруі.

Кейінгі әрекет: дұрыс т.б.

Ал енді төмендегі мына слайд туралы не айтамыз.



Өзін-өзі тану пәнінде, әсіресе, колледжде жиі қолданылатын жұмыс түрі – ол топтық жұмыс. Топтағы білім алушыларды түрлі тәсілдермен үш топқа бөлеміз. Ұжымдық дискуссия өткізіледі. Үш топ слайдта көрсетілген мәліметті жан-жақты ашып көрсетуге тырысады. Не болмаса, ана, бала махаббаты, туған жерге және Отанға деген махаббат, екі жастың махаббаты жайында қысқаша бейнежазбалар дайындап әкеліп, оқушыларға көрсетеміз. Түрлі ситуацияға байланысты әр топ өзінің көзқарасын білдіреді.

## I. Есенберлин. “Ғашықтар” (үзінді)

«**Жақсы көру** деген бір ұлы қасиет. Бұл қасиеттің өзі де екі түрлі болады. Жалпы адам баласын жақсы көру бар да, жеке адамды жақсы көру бар. Жалпы адам баласын жақсы көріп, оның бақыты үшін күресу ол – **үлкен жүректі алыптардың ісі**. Ал жеке біреуді жақсы көру, сол үшін барынды аямау – **бәріміздің де қолымыздан келетін ерлік**. Кім өзінің ата-анасын, туған бауырларын жақсы көрмейді? Солар үшін жан аямай еңбек еткісі келмейді? Кім өзінің сүйген адамы үшін сын сағаты туса, жанын құрбан етуден бас тартады? Меніңше, бұл – қайсымыздың болса да қолымыздан келетін іс. Бірақ біреуді жақсы көру, ұнату бар да, не болмаса оны шын жүректен өлердей сүю, онсыз өмір сүре алмайтындай **ғашық болу** бар. Жан-тәнімен сүю, ғашық болу меніңше адамда бір-ақ рет кездесетін қасиет. Сен **махаббаттан құмарлықты**, еркек пен әйелдік сезімді алып тасташы, сонда бірін-бірі жақсы көрген екі адам бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын екі аққуға ұқсаса, міне, сонда ғана олар – **шын ғашықтар**».

Мәтінді слайд түрінде әзірлеп, білім алушылар назарын аударуы тиіс сөздерді өзге түспен бояп ерекшелеп қоямыз. Олар мәтінді дауыстап кезекпе-кезек оқып шыққан соң, сұраққа жауап береміз. Ол үшін өзге сыныптың оқушыларына сұрақ қойғызып, диктофонға немесе бейнежазбаға жазып алуға болады. «Алтын қақпа» бағдарламасы тәрізді олар бейнежазбадағы сұраққа жауап береді. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттыра түседі.

<b>СӘЙКЕСТЕНДІР</b>	
<b>Ғашық болу</b>	бір-бірінсіз өмір сүре алмайтын адамдар
<b>Шын ғашықтар деген кім?</b>	бәріміздің де қолымыздан келетін ерлік
<b>Махаббат</b>	онсыз өмір сүре алмайтындай, шын жүректен сүю
<b>Құмарлық</b>	бір-бірінсіз өмір сүре алмай
<b>Жеке біреуді жақсы көру</b>	үлкен жүректі алыптардың ісі
<b>Жалпы адам баласын жақсы көру</b>	еркек пен әйелдік сезім

Өзін-өзі тану пәнінде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажет. Мектеп, колледж қабырғаларында қолданылатын АКТ құралдарына компьютер, ноутбук, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, видеопроектор, планшет, фотоаппарат, дыбыстық және бейнежазбалар, ғаламтор ресурсы, теледидар бағдарламалары т.б. жатады. Сабақта АКТ құралдарын пайдалану үшін мұғалім де жан-жақты дайындалады, алдын ала презентациялар әзірлеп, сабақ материалын іріктейді. Тақырыпқа байланысты материалдарды іздестіріп, аудио-бейне жазбаларды іздестіреді. Материалды мұғалім үйде дайындап келетін болғандықтан, бұл уақытты тиімді пайдаланудың негізгі көзі болып саналады. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау модулінің түрлі элементтерін пайдалана аламыз. Мәселен, «Жақсылық – жан шуағы» тақырыбында адам бойындағы ең асыл қасиет адамгершілік екендігін түсіндіру үшін оқушыларға төмендегі мәтінді ұсынамыз:

Физика-математика факультетінің бір профессоры бір күні студенттеріне өмірлік бір сабақ үйрету ниетімен тақтаға үлкен 1 санын сызады да, студенттеріне қарап “Бұл адамгершілігіңіз. Өмірлеріңізде болуы керек ең маңызды қасиет”,- деп түсіндіреді. Сосын 1-дің қасына 0 санын жазады да: “Ал бұл болса жетістіктеріңіз. Бойыңыздағы адамгершілікке табыс қосылса, адам 1-ден 10 бола қалады. Тағы бір 0 – тәжірибеңіз. Тәжірибесі болса адам 10 емес, енді 100 болады” деп кезек-кезек 0-дерді қоса береді: зеректік, тәртіптілік, сүйіспеншілік... Қосылып тұрған әрбір 0 саны адамды 10 есе байытатынын түсіндіреді ұстаз. Бір кезде профессор сандар тізбегінің ең басында тұрған 1 санын өшіріп тастайды. Сонда тақтада тек 0 сандары ғана қалады. Профессор студенттеріне былай деген екен: **“Егер басындағы адамгершілігіңіз жоқ болса, қалғанының бәрі түкке те тұрмайды”.**

Мәтін мазмұнын толық түсінгенін тексеру үшін, оқушыларға мәтін негізінде сұрақ дайындатамыз. Әрқайсысы 5 минуттың ішінде үлгергендерінше сұрақ әзірлейді. Соңынан бір-бірімен алмасып, келесі оқушының сұрағына жауап дайындайды. Әр сабақта тақырыпқа қатысты нақыл сөздерді берген өте дұрыс (Даналық ойлары). Өйткені күнделікті өмірде оқушылар бұндай нақыл сөздерді тауып оқи бермейді. Сондықтан сабақта түрлі нақыл сөздермен таныстырып отыру оқушының танымдық көкжиегін кеңіте түсері сөзсіз. Мәселен адамгершілікке байланысты:

- *Өзімізге қалайтын нәрсені, басқаларға да тілейік. Бұдан асқан адамгершілік жоқ.*
- *Адамгершіл кісі ержүрек, бірақ ержүректің бәрі адамгершіл емес.*

Тіпті осындай нақыл сөздер негізінде шығарма, эссе жазғызуға болады. Бұндай нақыл сөздер топтық жұмыс барысында да талқылауға таптырмас тақырып болып саналады.

Сабақ барысында қай тақырыпты өтсек те, оқытуда позитивті идеяны ұстану қажет. Оқушыларға оптимистік жарқын көзқарастағы идеяларды ұсынамыз. Яғни, ата-ананы құрметтеу, айналадағы адамдарға дұрыс көзқараста болу, кешірімді болу, адал еңбек ету т.б. Бақыттың өзі – еңбекте, жақсы ізгі қасиеттерде екендігін баса түсіндіреміз. Қазіргі таңда пәндерді кіріктіре оқытудың маңызы ерекше. *Р. Декарт «Барлық ғылымдардың байланыстылығы сондай, олардың бәрін бірден оқыту – олардың біреуін басқасынан бөліп оқытудан оңай»*, -деген екен. Пәндерді кіріктіре оқытудағы басты мақсат – ғылымның қай саласы болмасын бір-бірімен байланысты екендігін, олардың біртұтас әлемнің жекелеген бағыттары екендігін түсіндіру. Оның үстіне пәндерді кіріктіре оқыту арқылы пән мазмұнының қолданбалылық сипатын арттыра түсеміз, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіре түсуге бірден-бір себепкер болады.

Жалпы пәндерді кіріктіре оқытудың ғылымда үш түрі анықталған. Атап айтар болсақ, пәндердің толық ықпалдасуы, блоктық ықпалдасуы және жартылай ықпалдасуы. «Өзін-өзі тану» пәні негізінен әдебиет пәнімен өте тығыз байланыста. Өйткені бұл екі пән де оқушыны адамгершілікке баулитын, өмірдің ақ-қарасын ажыратуға үйрететін пәндер болып табылады. Біздің күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша, өзін-өзі тану пәнін әдебиетпен және жаратылыстану пәндерімен байланыстыра аламыз. Ал «Ғалам – біз өмір сүретін орта» тақырыбын өту барысында өзін-өзі тану пәнін жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқытудың да өзіндік теориялық, тәжірибелік, қолданбалылық мән-маңызы ерекше болып табылады. «Материалдық және рухани мәдениет» тақырыбында пәнді әдебиет және жаратылыстану пәндерімен байланыстырамыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында «Біз әрбір адамның ар-намысын, жағымды қасиеттері мен беделін, жоғары адамгершілік, этикалық стандарттары және рухани құндылықтарын бағалайтын қоғам құруымыз керек» деп атап көрсеткен болатын. «Өзін-өзі тану» пәні адами құндылықтарды оқытуға бағытталған. Расында, оқушы қай саланы таңдаса да, оның ең алдыменен адамгершілігі жоғары азамат болғанын мақсұт етіп, рухани дүниесі бай жеке тұлғаны қалыптастыруымыз қажет. Сол себепті қай пәнді оқытсақ та, бірлікті, өзара түсіністік пен сыйластықты, адамгершілікті басты нысан ететін өзін-өзі тану пәнін кез келген пәнде орайын тауып ықпалдастырып отырған жөн. Колледж білім алушыларына арналған өзін-өзі тану пәніндегі өзге тақырыптар тікелей өмірмен байланысты болып келеді. «Ересектер ойын ойнай ма?», «Пікірлесе білу – баға жетпес байлық», «Еліктегіш нәрселерден қалай сақтану керек?», «Өмірді алдын ала болжауға бола ма?», «Әрқашан мейірімділік жолымен жүр» тәрізді тақырыптар жайлы білім алушының жан-жақты түсінігі толық қалыптасуы үшін өмірден алынған мысалдарды қолданамыз.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕГІ БАҒАЛАУДЫҢ ШЕШУШІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Білім алушылардың «Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім сапасын бағалау талаптары олардың өмірде жалпы адамзаттық құндылықтарға иек артуына, сондай-ақ қоғамға қызмет ете білу дағдыларын жетілдіруіне байланысты болып келеді. Мектеп қабырғасында 11 жыл бойы өзін-өзі тану пәнінен білім алған оқушының тоқсандық бағалауы «сынақ, сынақ емес» деп бағаланатыны белгілі. Бұндағы мақсат, адамгершілік-рухани білім беру ешқашан сандық емес, сапалық тұрғыдан бағалануы қажет. Егер білім алушы қойылған меженің 2/3 бөлігінен көріне алса, оған «сынақ» деген баға қойылады. Бұндай бағалауға қол жеткізу үшін білім алушының күнделікті сабаққа дайындығы, сабақ үстіндегі белсенді іс-әрекеті есепке алынады, сонымен қатар олардың шығармашылық-жобалау жұмыстарының жиынтығы болып табылатын портфолиолары бағаланады.

Әрбір оқушының бұл пәннен жеке портфолиосы болуы қажет, портфолиода оқушының өзі жайлы қажетті мәліметтері, орындаған өздік жұмыс тапсырмалары, тест сұрақтарының қорытындысы, сауалнама жауаптары, жоба жұмыстары жинақталады. Сонымен өзін-өзі тану пәнінде баға қойылмайды. Ондағы басты себеп адами қасиеттің сандық емес, сапалық тұрғыдан бағалануының маңызды деп саналатындығы. Алайда бұл мәселенің екі жағы бар. Біріншіден, адам баласы әр уақытта өз еңбегінің бағаланғандығын қалайды. Ал екіншіден, бағалау арқылы қол жеткен жетістіктер сараланады, сонымен қатар әлі де болса, кем түсіп жатқан кейбір мәселелер назарға алынады. Бағалаудың білім алушылардың білім алуға деген ынтасын арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына оң ықпалын тигізетіні анық.

Білімді бағалау деген ұғымның аясы кең. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арналған нұсқаулықта бағалауды төмендегідей екі түрге бөліп қарастыратыны белгілі:

- Оқуды бағалау немесе жиынтық бағалау (суммативті бағалау).
- Оқытуды бағалау немесе формативті, қалыптастырушы бағалау.



Жиынтық бағалауда мұғалім оқушының тарау бойынша меңгерген білімін немесе тоқсандық, жылдық білімін жинақтап тексереді. Бағалаудың бұл түрінде мұғалім тест, өздік жұмысы т.б. арқылы оқушылар білімін анықтап, жоғарыда айтқандай «сынақ/сынақ емес» деген қорытынды шығарады. Ал қалыптастырушы бағалау әр сабақ сайын күнделікті жүргізіледі. Бұл арада оқушының білімін бағалау ісіне тек мұғалім ғана қатыспайды, білім алушылар өзін-өзі бағалай алады және сыныптастарын бағалайды. Қалыптастырушы бағалауды жүргізуге себеп болатын бірнеше алғышарттар бар:

1. Оқытудың қиындықтарын, жетістіктерін, кемшілік тұстарын анықтау;
2. Оқушылармен кері байланыс орнату;
3. Болжау және сұрыптау;
4. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау;

Бағалаудың барлық түрі үш кезеңнен тұрады:

- Бақылау;
- Алынған мәліметтердің интерпретациясы;
- Бұдан әрі қарайғы іс-әрекетті жоспарлау үшін қолданылатын шешім.

Қалыптастырушы бағалау арқылы мұғалім оқушының білім деңгейін барынша таниды, соның нәтижесінде өз жұмысына сыни көзбен қарап, оқытудың әдістерін толықтырады, жеке оқушымен жұмыс түрлерін ұйымдастырады, жалпы пән бойынша жұмысын жетілдіре түсетін болады. Білім алушылардың қабілетін анықтайды. Ал егер білімге бақылау жүргізілмесе, оқушының сабақ оқуға деген ынтасы күрт төмендей бастайды. Бағалау әділ жүргізілмесе де дәл осындай жағдайға тап боламыз.

Жалпы мектеп оқушыларының өзін-өзі бағалауына екі түрлі фактор әсер ететіндігі психологияда дәлелденген. Бала өзін, біріншіден, өзгелердің бағалауы арқылы, ал екіншіден өзінің нақты қол жеткізген жетістіктері арқылы бағалайды. Бұлардың екеуінің де оқушының өзін-өзі жетілдіруіне, өз білімін тереңдете түсуіне, кейбір кемшіліктерін жоюына ықпалы басым. Сол сияқты колледж білім алушыларының да білім деңгейін бақылау, бағалау нәтижесі олардың теориялық білімдерінің басты көрсеткіші деп есептеледі.

Білім сапасының жетіле түсуі үшін оқуды бағалауға төмендегідей талаптар қойылады:

- Бақылау жүйелі, тұрақты, әрі міндетті түрде жүргізілуі керек;
- Оқушы бүгінгі алған білімінің ертеңгі күні тексерілетіндігін, бағаланатындығын сезінуі қажет;
- Оқушының білімі, іскерлік дағдылары т.б. жан-жақты түрлі тәсілдер арқылы тексерілуі керек;
- орын алған кемшіліктер оқушының өзі тарапынан түзетілгені жөн;
- бағалаудың белгілі бір қағидаттарға сүйене отырып әділ жүргізілуі және бағаның әділ қойылуы;
- оқушының өзін-өзі және басқаларды бақылауы мен бағалауы;
- бағалаудың барлық оқушының оқу үлгерімінің одан әрі жетіле түсуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.



Білім алушылардың оқу жұмысы күнделікті бақылануы керек. Бақылау нәтижесінде мұғалім оқушылардың өзіндік жеке ерекшелігін, сабаққа жүйелі дайындығын, өз бетімен жұмыс істеу дағдысын, қабілетін анықтай алады. Өзін-өзі тану пәнінде оқушылардың күнделікті сабаққа дайындық деңгейін тексеру барысында Майк Гершон дайындаған төмендегідей бағалау құралдарын пайдаланып келеміз:

- *Оқушылар сұрақ құрастырады;*
- *Оқушылар сұрақ қояды;*
- *Түсініктеме арқылы бағалау ;*
- *Блок ортасында бағалау;*
- *«Мүмкін»;*
- *Оқушылардың сыныптастарын бағалауы;*
- *Оқушылардың өзін-өзі бағалауы;*
- *Мұғалім шолуы;*
- *Оқушылар шолуы;*
- *Бағдаршам арқылы бағалау;*
- *2 жұлдыз, 1 тілек;*
- *Бас бармақ арқылы бағалау;*
- *Оқушылардың бағалау сызбасы;*
- *Стикер;*
- *Смайликтер;*
- *Шаршылар;*

Бұл бағалау құралдары арқылы оқушы білімі ауызша және жазбаша түрде тексеріледі. Ауызша бағалауда мұғалім немесе оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды. Бұл тәсілді әңгімелесу деп те атайды. Ауызша бағалауда оқушы білімі толық тексеріледі және олардың ауызша баяндай білу, шешен сөйлеу тәрізді қасиеттерін байқаймыз. Алайда ауызша бағалаудың бір кемшілігі бір сағаттың ішінде білім алушылардың барлығы қамтылмай қалады. Ал сыныптағы оқушының барлығынан сұрап үлгеру үшін жаппай тексеру түрін қолданамыз. Бұл әдіс арқылы мұғалім сабақ материалын бірнеше бөлікке бөліп, оқушыларға таратып тастайды. Бұлайша жаппай тексеру тәсілі оқушылардың әрқайсысының сабаққа дайындығын тексеруге қолайлы болғанымен, баға қою барысында шарттылыққа әкеліп соқтырады. Өйткені оқушы бір-екі сұраққа ғана жауап берді, бұл оның білімінің толық көрсеткіші бола алмайды. Алайда сабаққа үнемі жақсы дайындалатын үлгерімі жақсы оқушыларды бағалау еш қиындық туғызбайды. Өйткені оларға нақты сұрақ қоймасаңыз да, сабақ барысында жоғары белсенділік танытып отыратыны белгілі. Олар біреудің жауабын толықтырады, ендібіреуінің жауап бере алмай қалған сұрағына жауап береді т.б. Сөйтіп ұпай жинау арқылы бағаланады.

Мектепте 1-сыныптың алғашқы жартыжылында жазбаша бағалау мүлдем қолданылмайды, өйткені олар жазуды толық үйренген жоқ. Оқушылар білімін жазбаша бағалау сөйтіп әр сынып сайын біртіндеп жетекші бағалау құралына айнала бастайды да, жоғары сыныптарда ол бағалаудың негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Ал колледж білім алушылары үшін негізгі бағалау көрсеткіші жазбаша түрде жүргізіледі. Бағалаудың түрлерін, әдістерін ұтымды таңдап қолдану әр оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Оқу барысында өзін-өзі бағалаудың маңызы зор. Соның ішінде «Бағдаршам» әдісі - тиімді әдіс. Қызыл, жасыл, сары түсті таңдауы арқылы оқушылар өздерінің тақырыпты қаншалықты меңгергендігін білдіреді: жақсы, орташа, шамалы түсіндім. «Жасыл» мен «сары» түстер жұпқа біріктіріліп, түсініксіз болған мәселелерді шешуде бір-біріне көмек жасайды. Ал «қызылдар» тақырып бойынша өздерінің түсінбеушіліктерін жою үшін мұғаліммен топтасады.

«Смайликтер» арқылы бағалау – өзін-өзі бағалауда тиімді тәсілдердің бірі. «Басбармақ» әдісі. Оқушылар тақырыпты қаншалықты түсінгендігін бармақ арқылы білдіреді. Мысалы:

Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсіндім және айтып бере аламын.

Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін, бірақ сенімсізбін.

Басбармақ төмен қарай = Мен әлі түсінбедім.

Осыдан кейін мұғалім оларға сұрақ қойып, нені түсінбегендіктерін сұрайды. Түсінген оқушылардан бірнеше мәрте сұрағаннан кейін, қайтадан «Басбармақ» әдісі арқылы тексереді. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауы.

Сабақ материалының қаншалықты түсінікті болғандығын аталған жолдармен көрсетеді және мұғалім түсініксіз сұрақ бойынша дер кезінде жұмыс жүргізеді. «Баспалдақ», «Ғажайып саты», «Блоб ағашы», «Температураны өлшеу», «Екі жұлдыз, бір тілек» әдістері де тиімді болып табылады. Бұл өзін-өзі бағалау әдістері арқылы оқушылардың тақырыпты түсінгендіктерін, жартылай түсінгендерін немесе мүлдем түсінбегендерін анықтаймыз. Сол арқылы түсініксіз болған оқу материалын қайтадан түрлі тәсілдермен қайталап, түсінбеушілікті жойып, білім сапасын арттыра аламыз.

Өзін-өзі бағалаудың төмендегідей артықшылығы бар:

- барлықтарының жауаптарын мұқият тыңдай біледі;
- өз көзқарастарын, өз пікірлерін дәлелді қорғай білуге ұмтылады;
- өзін-өзі, достарын тексеруші, бағалаушы болады;
- өзінің еңбегін саралап, қорытындылай алады.

«Смайликтер», «Бас бармақ», «Бағдаршам» т.б. әдістер оқушының түсінбеген сұрақтарымен қосымша жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бірақ, жасырып жабатыны жоқ, оқушылар арасында әлі де болса, өздерінің түсініп-түсінбегендіктерін ашық айтуға именетін оқушылар бар. Ешкім «мен түсінбедім» дегенді ашық айта қоймайды. Мүмкін топтағы өзге білім алушылардан ұялады, мүмкін жасқаншақтық танытады. Алайда дұрыс түсінбеген оқушы смайликтерді т.б. таңдау барысында қиналып отырғанын бірден байқаймыз. Өйткені олардың түсінбесе де, «мен бәрін түсіндім» деуге

батылдары жетпей отырғандықтары түрінен-ақ белгілі болып тұрады. Бұл – біздің өзіміздің жеке тәжірибемізде байқап-көріп келе жатқан құбылыс. Сондықтан бұндай оқушыларға бірден назар аударып, түсінбей қалған тұстары болса, нақтылап, тағы бір пысықтап жіберуге ұмтыламыз.

Қалыптастырушы бағалау тәсілдерінің бірі - оқушылардың бірін-бірі бағалауы, яғни өзара бағалау. Өзара бағалау оқушылардың бір-бірімен кері байланыс жасауларына жәрдемдеседі, демек аталған тәсіл арқылы олар бір-бірінен білім алуға, бір-біріне қолдау көрсетуге, бірігіп талқылауға, әңгімелесуге, түсіндіруге және бірін-бірі әділ сынай білуге мүмкіндік алады. Сыныптастарды бағалауда міндетті түрде бағалау критерийлерімен, талаптарымен жұмыс істеуге үйреткен жөн. Бастапқы кезде бұл сынып ішіндегі көзге көрнекі бір тұста ілініп тұрғаны жөн. Сонда бағалаудың басты талаптарына оқушылардың көздері де үйренеді, өздері де әбден үйреніп алады. Бағалау сызбаларын жасау арқылы оқушылар бағалаудың белгілі бір талаптар арқылы жүзеге асатынын біледі, өздерінің білімдерін сол талаптардың шегінде қалыптастыра білуге ұмтылады, сондай-ақ өзгелерді әділ бағалайтын болады. Өзара бағалауда бір оқушы келесі бір оқушыға баға қоймайды, тек бағалайды. Бағалаудың критерийлері бастапқыда мұғалім тарапынан алдын ала ұсынылуы керек, ал кейіннен оқушылар бұл бағалау тәсіліне жаттығып алатын болады. Мысалы, оқушы өзінің сыныптасын төмендегідей талаптар тұрғысынан бағалайды:

- Тапсырманың барлығын дұрыс орындады ма, әлде қателіктер жіберді ме?
- Тапсырманы толығымен жеке өзі орындады ма, әлде біреудің көмегіне сүйенді ме?
- Тапсырманы орындау барысында қандай біліктіліктері дамыды? т.б.

Әрбір оқушының білімді меңгерудегі кемшіліктерін тізбектегеннен гөрі, олардың жетістіктерін атап көрсету, оқушыға нені оқу керектігімен, қалай оқу керектігін көрсетуі көрсетіліп, ол әрекет баланың танымдық даму процестеріне бағытталғаны жөн. Аталған әрекеттердің барлығы қалыптастырушы бағалау барысында жүзеге асады. Сыныптастарды бағалаудың да өзіндік жеке тәжірибемен ұштасатын тұстары бар. Мәселен, жас ерекшелігіне байланысты мектеп оқушыларының бірі-бірі бағалауы сәл өзгеше болып келуі мүмкін.

Орта буындағы (5-6-сынып) оқушылар өзгенің кемшілігін бірден бетке айтып тастауға дайын тұрады. «Ол сұраққа толық жауап бермеді немесе қасында отырған оқушы оған дұрыс жауапты айтып қойды» деген тәрізді. Және бұндай пікірлерді айтатын оқушылар көп емес, негізінен сыныптағы оқу озаттары, өздерін бәрінен жақсы оқитын етіп көрсеткісі келетін сынып белсенділері болуы мүмкін. Өзгелердің еңбегін үнемі солай бағалайтын оқушылар күннен-күнге анықталып қалады. Бұндай жағдайда аталған оқушылардың бұл қылықтарын ешқашан бетіне баспай, біртіндеп тәрбиелеп алуымыз керек. Бағалаудың негізгі мақсаты оның кемшілігін көрсету емес, керісінше жетістігін айта білу, сұраққа дұрыс жауап беруге ұмтылғандығы, оған белгілі дәрежеде күш жұмсағандығы екендігін оқушылар санасына сіңіре береміз. Сол сәтте барлық оқушылар өзгенің жетістігіне қуана білетін,

өзгелердің де мақтау-марапаттауларға лайық екендігін т.б. сезініп өсетін болады. Колледж білім алушылары біршама есейген адамдар болғандықтан, бұл проблема көп кездесе қоймайды. Керісінше, оларда бір-бірінің көңіліне қарау, бір-бірін ренжітіп алмау т.б. сезімдері басым тұрады.

Колледж білім алушыларын қалыптастырушы бағалауға қалыптастыруда «Даналық ағашы» ойынын пайдалануға болады, бұл кезде бағалау құралдарының ішінде «оқушылар сұрақ құрастырады» тәсілін қолданған жөн. Үйде дайындалған алманың суреттеріне оқушылар өткен тақырыптар бойынша сұрақтар құрастырады. Жоғары деңгейдегі сұрақтар ағаштың жоғарғы жағына, орта деңгейдегі сұрақтар ортасына, төмен деңгейдегі сұрақтар төменгі жағына жапсырылады. Тақырыпты жақсы меңгерген оқушылар, жалпы интеллектуалдық қабілеті жоғары оқушылар көшбасшылық танытады, жоғары дәрежелі сұрақтар қойып, мысалмен дәлелдейді.

Бұндай қалыптастырушы бағалаудың төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсете аламыз:

- білім алушының жетістіктерін нақты сипаттайды;
- оқушының білімге деген ынтасын арттырады;
- оқушының өзіне деген сенімін арттырып, жауапкершілікті сезінуіне мұрындық болады.

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесінде оқушылардың сыни көзқарасы жетіліп, өзін-өзі бағалауы дамиды. Бұл әрекет олардың күнделікті өмірдегі болып жатқан сан алуан құбылыстарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптастыруына септігін тигізеді. Бағалау жеке, жұптық және топтық болуы мүмкін. Топпен жұмыс жүргізу барысында төмендегідей бағалау дискрипторларын құрастырып, соның негізінде бағалау өте тиімді.

1	Тақырыптың ашылу деңгейін балдық жүйе арқылы бағалау	
2	Мәліметтің толық қамтылуы	
3	Көрнекілігі, безендірілуі	
4	Тақырыпты қорғай білуі	
5	Белгіленген регламентті сақтай білуі	

Топтардың жұмысын бағалауға төмендегі критерийлер ұсынылады.

### Топтардың жұмысын бағалау үлгісі

Топ №	Топтағы ынтымақтастық, топ ережесінің сақталуы	Тақырыптың ашылуы	Өзге топтарды тыңдауы, сұрақ беруі, толық тыруы	Ақпараттарды өңдей алуы, жаңа идеялар ұсынуы, т.б	Жалпы Ұпай
I.					
II.					
III.					

Өзімізге белгілі, топтық жұмыс барысында әдеттегі белсенді оқушылар тағы да көшбасшылық танытады. Оқушылар өздерін сабақтың кезеңдері көрсетілген бағалау критериілері бойынша бағаласа, ал постерді бағалау кезінде оқушылар арасында келіспеушіліктер болады. Сондықтан сабақта постерді бағалау үшін балалармен бірлесе отырып, бағалау дискрипторын жасау керек. Ол төмендегідей болады:

### Топтағы жеке оқушыны бақылау үлгісі

Т.А.Ж.	Назерке	Дәулет	Жарас	Олжас
Топта өз міндетін атқаруы				
Идея ұсынуы				
Белсенділігі				
Көмек бере алуы				
Өзгелерді тыңдап, олардың пікірлерімен санаса білуі				
Талқылауды дұрыс жүргізе алуы				
Топ мүшелерімен бірлесе жұмыс істей білуі				

Бір аптаға немесе бір тарауға арналған жетістік критерийлерін жасатамын. Соңында оқушылар өздерінің жетістік критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендегін смайликтер, бас бармақ т.б. арқылы бағалап көрсетеді. Өз тәжірибемізде күнделікті сабақта қалыптастырушы бағалаудың төмендегідей әдістерін алмастыра отырып, қолданып келеміз: «Қолмен белгі беру», «Аукцион» бағалау, «Соңғы батыр» бағалау, Нақты критерийлері бар кестемен бағалау, «15 минут: 3 тапсырма» бағалауы, «Дербес пікір» жазу әдісі, «Плюс-минус-қызықты», «Алма ағашы» әдісі, «Бір сөзбен» әдісі, «Табыс сатысы» әдісі, «Таңдау» әдісі, «Бес саусақ» әдісі немесе «Бәрі сенің қолыңда», «Мадақтау сэндвичі» әдісі, «SMS» әдісі, «Айналмалы тарелке» әдісі, «Сәйкестендіру» әдісі, «Қысқа да нұсқа» әдісі, Саусақ ишарасымен бағалау, «5-1» Стратегиясы, «Сөйлемді жалғастыр» әдісі, «Үш минуттық кідіріс» әдісі, «Сабақтың басында және соңында» әдісі, «Ішкі және сыртқа шеңбер» әдісі, «Активатор 3-2-1» әдісі, «Сұрақ-мадақтау-ұсыныс», «Синквейн», «Кері байланыс АКҚ» «Екі жұлдыз, 1-тілек/пікір/» /өзара бағалау/ т.б. Жоғарыдағы әдістерді қолдану материалды меңгертуге, білім сапасын арттыруға өзіндік септігін тигізеді дегенді батыл айта аламыз. Әрі білім алушылардың да қызығушылықтарын арттыра түседі.

Қалыптастырушы бағалаудың ерекшеліктері - оқушының күнделікті білім сапасы, білім алуудағы оқылықтарды күнделікті түзеу, оқушының қиындық тудыратын сұрақтарын анықтау және оны жою, оқушының бағалаудан алған жағымсыз әсерінің азаюы, психологиялық жайлы ортаның болуы, бағалаудың әділдігі, анықтылығы және ашықтығы, өзін-өзі бағалау дағдылары.

Қалыптастырушы бағалаудың мақсаты – білім алушының оқу материалын меңгергендігі жөнінде ақпарат алу, білім алушының кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім - оқушы арасында кері байланысты орнату. Қалыптастырушы бағалау әр түрлі формада іске асады (ауызша сұрау, жазбаша жұмысы, практикалық жұмыс және т.б.) және жиынтық бағалауға дейін мұғалімге де, оқушыға да оқу процесі барысында кеткен кемшіліктерін түзетуге, қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл бағалау әр тоқсан бойында өткізіледі.

Қалыптастырушы бағаны түзету мүмкіндіктері бар. Қалыптастырушы бағалау тоқсандық және жылдық баға қоюда ескеріледі. Қалыптастырушы бағалау барысында оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес пәндер бойынша табыс критерийлері (жетістік критерийлері) негізінде оқыту мақсаттарын бағалау жүзеге асады. Қалыптастырушы бағалау тоқсан ішінде кездесетін кейбір оқу мақсаттарына негізделіп жасалады. Бұл мақсаттардың таңдап алыну себебі олар оқушының негізгі қабілеттерімен қатар, пәндік білімін жан-жақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушының қандай да бір оқу мақсатына қол жеткізгендігін немесе талпынып жатқандығын бағалай алады. Қалыптастырушы бағалау үнемі жүзеге асып тұрады. Қалыптастырушы бағалау, өзінің атынан көрінгендей, бірден еш кемшіліксіз жүріп кетпейді, оқушылардың өзін-өзі немесе сыныптастарын бағалауға үйренуі бірте-бірте қалыптасады. Тек сабақ барысында қалыптастырушы бағалау құралдарын тиімді пайдалану керек және оқушыларды жалықтырып алмас үшін оның түрлерін, әдіс-тәсілдерін алмастырып отырған жөн. Оқушыларды қалыптастырушы бағалауға қалыптастыру арқылы олардың сыни көзқарастарын дамытып, функционалдық сауаттылықтарын арттырамыз.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ

«Өзін-өзі тану» пәнінде мониторинг жүргізудің маңызы зор. Ол педагогикалық шеберлікті үнемі жетілдіріп отыруға, білім алушының дамуындағы жеке бас қасиеттеріне оң ықпал етуге, пән арқылы қол жеткен жетістіктерді саралауға өзіндік жәрдемін тигізеді. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізілетін мониторингті логикалық тұрғыдан қисынды негізгі үш кезеңге бөлетініміз белгілі:

1. Кіріс диагностикасы;
2. Аралық бақылау;
3. Шығыс бақылау

Кіріс диагностикасын жүргізу барысында сауалнама, бақылау, тест алынуы мүмкін, сондай-ақ әңгімелесу жүргізіледі. Нәтижеге бағытталған, тиімділікке арналған аралық бақылау, әдетте, пікірталас, әңгімелесу және сауалнама түрінде өтеді. Ал шығыс бақылауда жиі қолданылатын әдістер сауалнама, бақылау, диагностика т.б. Кіріс диагностикасы бастапқы деңгейді анықтауға, анықталған нәтиже негізінде жұмыс жүргізуге бағытталса, аралық бақылау қол жеткен жетістікті саралау, жүргізілген әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау, нәтижені коррекциялау мақсатында алынады, ал шығыс бақылау қорытынды нәтижені анықтауға арналады.

### **Мониторинг барысында жүргізілетін жұмыстар:**

1. Сауалнама. Жеке бас қасиеттерін анықтауға арналған;
2. Сауалнама. Жеке тақырыпты иегеруге бағытталған.
3. Деңгей бойынша диагностикалық материалдар;
4. Мониторинг бағдарламасы бойынша тест тапсырмалары т.б.

### **«Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізілетін мониторинг болжамы:**

1. Мұғалім, педагог іс-әрекетінің тиімділігін болжау.
2. Тәрбие үрдісінде келеңсіз құбылыстарды болжау.

### **«Өзін-өзі тану» пәні бойынша жүргізілетін мониторинг анализі:**

1. Тәрбие жұмысы тиімділігін есепке алу және түзетулер енгізу.
2. Тәрбие әдістерінің негізгі басымдылықтарын анықтау.

«Өзін-өзі тану» пәнінде білім алушының жеке тұлғасын зерттеу - маңызды іс.

**Сабақтың технологиялық картасы № 1**

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** Сәлеметсіздер ме! Сіздермен танысайық!

**Сабақ мақсаты:** Оқу кезеңінде, қызмет барысында дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыруға жағдай жасау үшін топта психологиялық жайлылық орнату, білім алушының жаңа кезеңге ыңғайлануы және өз-өзін бағалау деңгейін анықтау. Білім алушылардың іскерлік дағдыларын дамыту, білімдерін жетілдіру, салыстыра алу дағдыларын дамыту.

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді хабарлау сабағы.

**Сабақтың түрі:** Теориялық және іс тәжірибелік дербес жұмыстар сабағы.

**Оқыту әдістері:** сұрақ-жауап, модельдеу, топтық жұмыс, әңгіме, пікірталас.

**Әдістемемен қамтамасыз ету:** Жұмыс дәптері, парақтар, түйреуіштер, доп.

**Жабдыкталуы:** интерактивті тақта, презентациялық материалдар.

**Таратпа материалдар:** Геометриялық пішіндер, тест сұрақтары, тапсырмалар

**Пәнаралық байланыс:** Философия, педагогика, психология.

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Б.Қ. Дамитов "Өзін-өзі тану" оқулығы,
2. Ж.Б. Қажығалиева, Р.О. Изғұттынова "Өзін-өзі тану"
3. Кішібеков С., Сыздықов Ұ. Философия.
4. Әбу Насыр әл Фарабидің «Бақыт жолын сілтеу» трактаты

**Сабақтың құрылымдық жоспары:**

- ❖ Ұйымдастыру кезеңі: 3 минут
- ❖ Тақырыптың өзектілігі: 2 минут
- ❖ Сабақтың мақсатын қою: 2 минут
- ❖ Танысу тренингі: 10 минут
- ❖ Ойын-жаттығу: 10 минут
- ❖ Проективті әдістеме: 13 минут
- ❖ Пікірлесу сұрақтары: 5 минут
- ❖ Тапсырма. Ой-пікірлерге түсініктеме беру: 10 минут
- ❖ Өзіңізді бағалау тесті: 10 минут
- ❖ Өзіндік жұмыс. Өзіңіздің темпераменттік формулаңызды анықтаңыз:
- ❖ Тапсырма: 5 минут
- ❖ Қорытынды: 3 минут
- ❖ Үй тапсырмасы: 2 минут
- ❖ Рефлексия: 3 минут
- ❖ Сабақтың аяқталуы: 2 минут

**Сабақ барысы****1. Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сәлемдесу. Танысу



- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.

- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.

**2. Сабақтың дәйексөзі:** Менің ғылымым - аман болып, өмір суру. (Лукреций.)

**3. Сабақтың мақсатын қою:** Өзімізбен, жан-жағымыздағылар-мен, бүкіл әлеммен қалай үйлесімді қарым-қатынас қалыптастыруға болады? Өмірді үйлесімді етіп жасау болғандықтан білім алу мен көпшілікпен араласу барысында өзімізде және өзгелерде қандай өзгерістер болып жатқанын түсіне білудің маңызы зор.

**Оқытушының сөзі:**

Бүгін біз сіздерге мектеп қабырғасынан таныс «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жургізілетін сабақтарды бастаймыз.

Өзін-өзі тану бағдарламасының міндеті - өзін-өзі танудың өзін және әлеуметтік ортасын түсінуге және өмірдегі өзгеріп жатқан жағдайларға бейімделуге көмектеседі.

Егер біз өмірлік маңызды тақырыптарды талқылайтын болсақ, бір-бірімізден эмоцияны игеруді үйренсек, бір-біріміздің ең жақсы қырларымызды ашсақ, онда біз ешқандай кедергісіз өмірімізді өзгерте аламыз және басқаларға көмек бере аламыз.

Бүгінгі кездесуімізді өзімізді таныстырудан бастаймыз. Оның мақсаты - осы кезеңге дейінгі өзімізде қалыптасқан әртүрлі дағдылар мен қасиеттер бар екендігін анықтап, сол туралы ойлану. Өзіңізді басқа адамдарға қалай таныстыра аласыз? Оның әртүрлі тәсілдері бар. Жағдайға байланысты көп нәрсе өзгеріп отырады. *(әр білім алушы өз есімімен таныстырып өтеді)*

Мен алдымен сіздерден өздеріңізге тән өзгешеліктеріңізді білдіретін қасиеттеріңізді (мінез, ермегіңіз, әр түрлі топқа жататындығыңыз т.б.) атап керсетулеріңізді, содан сон олардың маңыздылығына қарай (1-ден 10-ға дейін) жеке параққа осы рөлдердің тізбесін жазуларыңызды сұраймын.

Дайын тізбені киіміңізге қадап қойып дәрісхананың ішінде бір-бірлеріңізбен араласып, сұхбаттасуларыңызға 5-7 минуттай уақыт беріледі. Басқаларға барып олардың жазғандарын оқып, өз жазғандарыңызды оларға оқытыңыздар. Басқалардың жазған тізбесін баяндауға қысылмаңыздар, бір-бірлеріңізге сұрақ қойыңыздар.

Шеңбер құрып тұрыңыздар. Мағлұмат алуды өзімізді таныстырудан бастаймыз (шеңбер бойынша). Өзіңізді қалай атасаңыз да болады, тек топтастарыңыз бен оқытушылар сізді өз қалауыңыз бойынша атайды. Ал, енді сұрақтарға жауап беріп көрелік. Бір-біріңіз туралы не білдіңіздер? Жауап берер кезде кім туралы айтқыңыз келсе, сол адамға допты лақтырыңыз.

Енді үстел басына отырайық. Талқылауды бастайық:

1. Бір-біріңіз туралы жаңа мағлұматта сізді не таң қалдырды?

2. Біздің топ білім алушыларының тұлғалық ұмтылыстарын жалпы қалай сипаттауға болады? (Олар жіктеуге келе ме? әлде сіздер әр түрлісіздер ме?)

3. Өзімізді таныстыру барысында біз қандай сипаттамаларды көбірек кездестірдік? Жақсы ма, жаман ба? Адамдар (оның ішінде біз де бармыз) неге өздерін жақсы жағынан керсетуге ұмтылады.

4. Енді сипаттамаларды жақсы, бейтарап және жаман деп бөлейік (тақтадағы жұмыс).

5. Неге бір сипаттама жақсы деп те, жаман деп те аталады? Студенттік өмірде сіздер бір-біріңізбен үнемі қарым-қатынаста боласыздар. Әдетте топтар жай бір белгілер бойынша қалыптасуы мүмкін, бірақ атқаратын қызмет жағдайы бойынша топтарға бірігуге болады.

Қазір біз Сіздердің проективті әдістеме бойынша топтарға қалай біріге алатындарыңызды анықтаймыз.

Тақтаға мұқият қараңыздар және фигуралардың ішінен өздеріңізге ұнайтын біреуін таңдаңыздар. Сонымен, топ (фигуралардың саны бойынша) қалыптасуы мүмкін. Өздеріңіздің таңдауларыңыз бойынша топтарға бөлінесіздер. Әрбір фигураға сәйкес келетін адам типтері туралы түсініктемелерді оқып шығыңыздар, оны талқылаңыздар. Оқытушы топтарға сәйкес сипаттаматар үлестіреді:

**ТӨРТБҰРЫШ** (квадрат). Еңбекқорлық, ынталылық, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, жұмысты аяқтауға мүмкіндік беретін табандылық - міне, олар осы қасиеттермен белгілі. Шыдамдылық, төзімділік және жүйелілік оларды өз салалары бойынша кәсіби мамандар етеді. Олар белгілі бір тәртіпті ұнатады, бәрі өз орнында болып, өз уақытында жүзеге асуы керек. Олардың мұраты — жоспарланған, алдын-ала белгілі өмір, олар "кездейсоқ сыйларды" ұнатпайды және күнделікті қалыптасқан оқиғалардың күрт өзгергенін қаламайды.

**ТІКБҰРЫШ**. Бұл адамдар қазіргі шақтағы өмір салтына қанағаттана қоймайды, сондықтан жаңа жағдайларды іздеумен айналысады. Олардың басты қасиеттеріне әуестік, ынтазарлық, болып жатқан нәрселерге қызығушылық пен батылдық жатады. Олар жаңа идеяларға, құндылықтарға, ойлау тәсілдеріне және өмірге икемділік танытады, барлық жаңаны жеңіл қабылдайды.

**ҮШБҰРЫШ**. Бұл фигура лидерлікті (жетекшілікті) көрсетеді. Олардың ең негізгі ерекшелігі — басты мақсатқа жұмылдыру қабілеттілігі. Олар — жігерлі, алдына нақты мақсаттар қоятын және оларға қол жеткізетін күшті тұлғалар. Олар намысқой және прагматиктер, жоғарғы басшылықты өзі мен қарамағындағылардың атқарып жатқан жұмыстарының маңыздылығына сендіре алады. Өздерінің дұрыс пікірде екендігіне сенімді. Басқаруға деген ұмтылысы оларды басқалармен үнемі бәсекелестіретін тұлғаға айналдырады.

**ШЕҢБЕР**. Бес фигураның ішіндегі ең кеңпейілдісі. Ол жоғары сезімталдыққа, дамыған эмпатияға, яғни басқа адамның көңіл-күйіне, эмоциясына назар аударып, ниет білдіре алатын, өзгені тусінуге қабілеті мол жан. Олар басқаның қуанышы мен ауыртпашылығын өзінікідей сезіне алады. Барлығы бір-бірімен жарасып жатса ғана ол бақытты болады.

Сондықтан олар біреумен жанжал туындай қалса, мәмлеге бірінші келуге ұмтылады. Ол тіпті қарама-қарсы көзқарастан ортақ нәрсе табуға тырысады.

**СЫЗЫҚТАР.** Шығармашылықты көрсететін фигура. Әр түрлі, бір-біріне ұқсамайтын идеяларды кірістіру және оның негізінде жаңа нәрсені жасау - міне, оларға ұнайтын осылар. Олар бір затты жасап шығарудың қазіргі немесе бұрынғы тәсілдеріне ешқашан қанағаттанбайды. Ең әсерленгіш, шаттанғыш. Олар тың және қызық ой туындап жатса, бірден бар әлемге жар салуға дайын тұрады. Өз идеяларын шаршамай насихаттайды және өзінің артынан көпті ерте білетін қабілеті бар.

**Топқа қойылатын сұрақтар:**

1. Сіз өз тобыңыздағы адамға жалпылама берілген сипаттамамен келісесіз бе? Егер келіспесеніз, онда неге? Егер келіссеңіз, онда сіздерді ортақтастыратын не нәрсе? Өзіңіздің шағын тобыңыздың ортақ мүддесімен қысқаша таныстырып өтіңіз.

2. Сіздердің бірлесулеріңіздің маңыздылығын, оның өмірдегі орны мен пайдасын атап көрсетіңіз.

**2-тапсырма**

**Ой-пікірлерге түсініктеме беру**

- «Бақыт» - әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату (артық) сөзді керек етпейді, өйткені бұл мейлінше белгілі (нәрсе) (Әбу Насыр әл Фараби).

- Ұлым, ақыл тындасаң, білімсіздік жоғалар,

Білім қалар артында, ғұмыр сырғып жоғалар (М.Қашғари).

- Жастық шақ? Көтерілген толқын. Артымыздан - жел, алдымызда - жартас (В. Вордсворт).

- Жас кезде үйренеді, жасы ұлғайғанда түсінеді (Мария Эшенбах).

- Егер мың жыл бұрын болған нәрсені түсінгің келсе, қазіргі кезеңге бойла; оның терең сырларын танығың келсе, онда олардың бір-екеуін зерттеуден баста (Сюнь-цзы).

- Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі! Әуелгісі - әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады. Екінші - өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады. Үшіншісі - қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады (Абай).

- Ғасыр ұзақ, сағат қымбат (халық мақалы).

- Өзгерсе өмір әманда,

Өзгерер солай адам да (халық мақалы).

- Іс қымбат емес, іскерлік қымбат (халық мақалы).

**3-тапсырма**

Өзіңізді тестен өткізіңіз. Сұрақтың жауабын төрт ұпайлық жүйемен бағалаңыз. Ұпайлар төмендегі жағдайларды көрсетуі керек: «Бұл туралы өте жиі ойлаймын» - 4 ұпай, «жиі» - 3 ұпай, «анда-санда» - 2 ұпай, «сирек» - 1 ұпай, «ешқашан» - 0 ұпай.

**Өзіңізді бағалау тесті**

1. Мен достарымның қолдағанын қалаймын.

2. Жұмыста әрдайым өз жауапкершілігімді сезінемін.

3. Мен өз болашағым үшін қобалжимын.
4. Көп адамдар мені жек көреді.
5. Менің өзгелерге қарағанда бастамашылдығым аздау.
6. Мен өзімнің психикалық жағдайыма қобалжимын.
7. Мен ақымақ болып көрінуден қорқамын.
8. Басқалардың сырт-пішіні менікінен әлдеқайда жақсы.
9. Мен танымайтын адамдардың алдында сөйлеуге қорқамын.
10. Мен көп қателесемін.
11. Мен адамдармен дұрыс сөйлесе алмайтыныма өкінемін.
12. Мен өзіме толық сенбеймін.
13. Басқа адамдар менің іс-қимылдарымды жиі қолдап отырғанын қалаймын.
14. Мен өте қарапайыммын.
15. Менің өмірім мәнсіз.
16. Көп адамдар мен туралы теріс пікірде.
17. Өз ойларыммен бөлісе алатын жақыным жоқ.
18. Адамдар менен көп нәрсені күтеді.
19. Менің жетістіктерім өзгелерді онша қызықтырмайды.
20. Мен аздап қысыламын.
21. Көп адамдардың мені түсінбейтіндігін сеземін.
22. Мен өзімді қауіпсіз сезінбеймін.
23. Мен себепсіз жиі қобалжимын.
24. Мен адамдар отырған бөлмеге кіргенде өзімді ыңғайсыз сезінемін.
25. Мен туралы адамдар сыртымнан айтатынын сеземін.
26. Мен өзімді еркін сезінбеймін.
27. Өзгелер көп нәрсені менен гөрі жеңіл қабылдайтынына сенімдімін.
28. Жайсыз нәрсеге кезігетіндей боламын да тұрамын.
29. Адамдардың қалай қарайтындығы мені толғандырады.
30. Менің көпшіл болмағаным өкінішті-ақ.
31. Пікірталастарда мен ойымның дұрыс екендігіне сенімді болғанда ғана ойымды айта аламын.
32. Көпшіліктің менен не күтетіні туралы ойланамын.

Егер сіз

**0-ден 25-ке дейін ұпай** жинасаңыз, онда сіз өзіңіздің іс-қимылдарыңызға сенімді адамсыз;

**26-дан 45-ке дейін** - өзіндік бағаның орташа деңгейі;

**46-дан жоғары қарай** - өзіндік бағаның төменгі деңгейі (өзіңіз туралы айтылған сын ескертпелерге қиналасыз, өз іс-қимылдарыңыздың дұрыстығына күдіктенесіз).

### **Өзіндік жұмыс**

1. Өзіңіздің темпераменттік формулаңызды анықтаңыз.

#### **Сіздің «паспортыңыз» Темперамент формуласын анықтау**

Адамда темпераменттің әр түрлі типтерінің белгілі бір пайыздық мөлшері болады. Бұл темпераменттік мөлшерді (модельді) білу өзіндік бақылауды және өз істеріне баға беруді тиімді атқаруға мүмкіндік туғызады, қарым-қатынас

жасаудың тиімді түрлерін және әдістері мен тәсілдерін дұрыс талдауға, өз іс-әрекетін сауатты жүргізуге, жолдастық жақсы қарым-қатынастар орнатуға ықпал етеді. Темперамент моделін анықтау әдістемесі берілген кестедегі тест ретінде ұсынылған «паспортты» толтыру қажеттілігін талап етеді. Темперамент формуласын анықтаудағы жұмыс тәртібі:

а) Төрт топқа белінген қасиеттер жазылған мәтінді оқи отырып, егер, оның кейбірі өз бойыңыздан байқалатын болса, онда «иә» деп жауап беру қажет.

б) Нәтижелерді өңдеу алгоритмі. Алдымен, әрбір топтағы ( $A_1 A_2 A_3 A_4$ ) «иә» деп берілген жауаптардың жалпы санын шығару керек. Содан соң төмендегі темперамент формулалары бойынша темперамент түрлерінің пайыздық арақатынасы анықталады:

$$X = \frac{A_I 100}{A} - \text{холерик} \text{ _ пайызы .}$$

$$C = \frac{A_{II} 100}{A} - \text{сангвиник} \text{ _ пайызы .}$$

$$\Phi = \frac{A_{III} 100}{A} - \text{флегматик} \text{ _ пайызы .}$$

$$M = \frac{A_{IV} 100}{A} - \text{меланхолик} \text{ _ пайызы .}$$

#### **I-топ: $A_1$**

1. Шыдамсызсыз, әбігершілсіз
2. Қызбасыз, ашушаңсыз
3. Тік мінездісіз, адамдармен қарым қатынаста дөрекісіз
4. Батыл және бастамашылсыз
5. Бірбеткейсіз
6. Пікірталаста тапқырсыз
7. Ұмтылыспен жұмыс істейсіз
8. Кекшілсіз және ренжігішсіз
9. Сөзіңіз тез, қызба, дауыс ырғағы ретсіз
10. Ұшқалақсыз, қызба мінездісіз
11. Агрессивті, сотқарсыз
12. Тәуекелге бейімсіз
13. Кемшіліктерге төзімсізсіз
14. Мәнерлі ымды тез түсінгішсіз
15. Тез және шешімді қимылға қабілеттісіз
16. Жаңалыққа ұмтылғышсыз
17. Шалт және шқғыл қозғалатын адамсыз
18. Қойылған мақсатқа жетуде табандысыз
19. Көңіл-күйдің тез ауысуына бейімсіз

## **II-топ: А<sub>2</sub>**

1. Көңілді және ақжарқынсыз
2. Қуатты және іскерсіз
3. Көбіне істі соңына дейін жеткізбейсіз
4. Өзіңізді асыра бағалауға бейімсіз
5. Жаңаны тез ұғып алуға қабілеттісіз
6. Қызығушылықтарыңыз бен бейімділіктеріңіз тұрақсыз
7. Сәтсіздіктер мен жаманшылықтарды жеңіл қабылдайсыз
8. Әртүрлі жағдайларға тез бейімделесіз
9. Іске қызығып кірісесіз
10. Егер іс қызықтырмаса, тез айналып қаласыз
11. Жаңа жұмысқа тез кірісіп кетесіз, бір жұмыстан екіншісіне тез ауыса аласыз
12. Күнделікті жұмыстың бірыңғайлылығы тез шаршатады
13. Көпшілсіз, қайырымдысыз, жаңа адамдар шаршатпайды, қысылмайсыз
14. Шыдамдысыз және еңбекке қабілеттісіз
15. Мәнерлі қимылдар мен ишараларды қолдана отырып тез, анық сөйлей аласыз
16. Кенеттен болатын жағдайларда өзіңізді ұстай білесіз
17. Барлық кезде сергек күйдесіз
18. Ұйқыға тез кетіп, тез оянасыз
19. Шешімдер қабылдауда көбінесе жинақы емес, асығыссыз
20. Кейде салғырт өмір сүруге бейімсіз


## **III-топ: А<sub>3</sub>**

1. Сіз байыпты, сабырлысыз
2. Істе жүйелі және байсалдысыз
3. Сақ жүресіз және парасаттысыз
4. Күте білесіз
5. Тұйықсыз және бос сөйлегенді ұнатпайсыз
6. Қатты эмоция, қимылдар мен ишараларсыз, байсалды және бірқалыпты сөйлейсіз
7. Ұстамды әрі шыдамдысыз
8. Басталған істі аяғына дейін жеткізесіз
9. Күшіңізді босқа жұмсамайсыз
10. Өмірде тәртіпті, жұмыста жүйені қатаң ұстанасыз
11. Қарқынды жеңіл тежейсіз
12. Мақтау мен даттауға көп көңіл бөлмейсіз
13. Кекшіл емессіз. Қонақтарға кішіпейілділік білдіресіз
14. Қызығушылықтар мен қарым-қатынастарда тұрақтысыз
15. Жұмысқа және бір істен екінші іске жай кірісесіз
16. Адамдармен қатынаста бір қалыптысыз
17. Барлық істе ұқыптылық пен тәртіпті ұнатасыз
18. Жаңа жағдайға қинала бейімделесіз
19. Аз қозғаласыз, салғыртсыз, босаңсыз
20. Ұстамдысыз

#### IV-топ; А4

1. Сіз ұяңсыз, ұялшақсыз
2. Тосын жағдайда абыржып қаласыз
3. Бейтаныстармен байланыс орнатуға қиналасыз
4. Өз күшіңізге сенбейсіз
5. Жалғыздықты жеңіл көтересіз
6. Сәтсіздікте абдырап қаласыз және үнжырғаңыз түсіп кетеді
7. Ұяңсыз, тұйықсыз
8. Тез шаршайсыз
9. Кейде сыбырлап, өлсіз дауыспен сөйлейсіз
10. Өзге адам мінезіне амалсыз бейімделесіз
11. Мақтау мен даттауды қолайсыз көресіз
12. Өзіңізге және өзгелерге үлкен талап қоясыз
13. Күмәншілсіз
14. Армандауға бейімсіз
15. Өте сезімталсыз және тез ренжисіз
16. Әсерленгішсіз
17. Тез ренжисіз
18. Тұйықсыз, көпшіл емессіз
19. Белсенді емес, жасқаншақсыз
20. Басқалардың көмектесуі мен ниеттес болғанын қалайсыз.

Өздеріңізде анықталған темперамент типтерінің сандық сипатта-рын Х және У осьтерінде белгілеңіз. Төрт шеткі нүктені өзара қосыңыз. Алынған кеңістікті ішінен бояңыз. Сіз өз темпераментіңіздің нақты моделін алдыңыз.



## ***Темперамент типтерінің жалпы сипаттамалары жайлы оқып шығыңыз. Темперамент және мінез.***

Темперамент дегеніміз *психикалық* процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиетгер жиынтығы. Темперамент қасиеттерін адамның тұлғалық қырларына шартты түрде жатқызуға болады. Өйткені, олар биологиялық тәуелді болғандықтан адамның дара ерекшеліктерін құрайды. Темпераменттің төрт түрі бар: **сангвиник, меланхолик, холерик, флегматик**. Бұл төрт типтің ішінде сангвиник пен оған қарама-қарсы - меланхолик сезім темпераментіне жатады. Алғашқысы түйсіктер жүйке жүйесінде және адамның санасында аса жылдамдықпен пайда болады және сырттай бірден байқалады, бірақ іштей тұрақсыздығымен сипатталады.

**Меланхолик** темпераментінде түйсік (сезім) сырт кезге онша байқалмайды, бірақ іштей өте терең және ұзақ болып келеді.

**Сангвиник** темпераменті көңілді адамдарға тән. Ол болашаққа сенімді, әзілкеш болып келеді. Ол тез қызбаланады, бірақ тез сабасына түседі, жақында ғана өзін баураған нәрсеге қызығушылығы тез басылады. Сангвиник көп уәде береді, бірақ өзінің уәдесін орындай бермейді. Ол бейтаныс адамдармен тез және оңай тіл табыса алады. Ақкөңіл және әрдайым көмек беруге дайын тұрады. Оны ауыр ой мен дене еңбегі тез шаршатады.

**Меланхолик** темпераменті көңілсіз адамға тән. Ондай адамның, әдетте, ішкі өмірі күрделі және ауыр болып келеді. Ол өзіне қатыстылардың бәріне үлкен мән береді, тынымсыз және нәзік жанды болып келеді. Ол көбінесе және уәде берер кезде өзін ерекше бақылай алады, өзі орындай алмайтын нәрсе үшін ешқашан уәде бермейді.

**Холерик** темпераменті қызба адамға тән. Мұндай адамды «ол өте қызба, шыдамсыз» дейді. Алайда, оның айтқанын жөн санап, дұрыс деп қабылдаса ол мінезінен тез қайтады. Оның қозғалысы шалт келеді.

**Флегматик** темпераменті салқынқанды адамға тән. Ол ауыр және белсенді жұмыстан гөрі әрекетсіздікке бейім. Мұндай адам әсерлене бермейді, алайда, әсерленсе сол күйде ұзақ болады. Мінез - бұл тұлғаның адамдарға және орындалатын жұмысқа қатынасын анықтайтын тұрақты белгілерінің жиынтығы. Мінез іс-әрекетте және қарым-қатынаста (темперамент сияқты) көрініс береді және ол адамның өзіне ғана тән құлық ерекшелігін білдіреді. Қарым-қатынас мәнері тәрбиелі, инабатты немесе ұстамсыз, сыпайы не дөрекі болуы мүмкін. Темпераментпен салыстырғанда мінез жүйке жүйесінің қасиеттеріне ғана байланысты емес, ол адам мәдениеті, оның тәрбиесіне де тәуелді.

**Тапсырма:** Сіздер студент болдыңыздар, емтихан қиындықтарынан өттіңіздер, енді өздеріңізге «Мен студенттік өмірден не күтемін?» деген сұрақ қойған жөн. Сіз үшін жауапты кезең туды және де дербес шешімдер қабылдайтын кезең туды. Ересек адам ретінде алғашқы шешіміңіз – оқу бағыты мен мамандық таңдау жүзеге асты. Біз бүгін «Қалай үздік студент болуға



болады және өмірді қалай мәнді өткізуге болады?» деген сұрақтарға жауап табуға тырысыңыздар.

### **Қорытынды**

Бүгін біз бір-бірімізбен таныстық, енді танымның қилы-қилы (ғылыми, адами және кәсіби) жолдарынан бірге өтуіміз керек. Студенттік шағымызды босқа өткізбей өміріміздің тамаша кезеңін барынша тиімді пайдалануға тырысайық. Егер біз алға қойған мақсатымызды дұрыс түсінсек онда әрқайсымыздың қайталанбас, дара тұлға екенімізді түсінеміз, бір-бірімізге әдеппен инабаттылық танытсақ, бізге өмірдің сыры айқара ашылып, айқындалады, көп нәрсені алдын-ала болжауға мүмкіндік туады.

### **Үй тапсырмасы**

1. Әбу Насыр әл Фарабидің «Бақыт жолын сілтеу» трактатынан үзіндіні оқып шығыңыз және алған әсерлеріңізді курстастарыңызбен бөлісіңіз.
2. Есейген шағыңыздағы қалаған өзіңіз ұмтылатын мәртебеңізді жазыңыз (мамандық, ақша, мекен-жай, бақытты отбасыңыз, мәнсап, ермегіңіз, әлеуметтік жағдай, қызметіңіз немесе кәсіби шеберлік, мықты денсаулық және т.б.)
3. Теңбүйірлі үшбұрышты салыңыз және осы сипаттамаларды төменнен жоғарыға дейін жазып шығыңыз.
4. Темперамент түрлерін оқып, талдап келу.

### **Рефлексия:**

«Бір сөзбен». Берілген фразаны бір сөзбен аяқтау:

Бүгінгі сабақ – ол.....

Бүгінгі сабақта мен.....

Бүгінгі сабақтың артықшылығы .....

Бүгінгі сабақтың кемшілігі .....

**Сабақтың аяқталуы:** Сабақ қызықты өтті деген ойдамын. Барлықтарыңыз белсене қатыстыңыздар. Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!

**Сабақтың технологиялық картасы № 2**

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** «Мен бүгін студентпін»

**Сабақ мақсаты:** Жаңа әлеуметтік рөл жайында саналы рефлексия қалыптастыру.

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** Білім құндылығы туралы түсініктерді тереңдету; оқуға бейімділік пен оның типін анықтау; темперамент пен дара биоырғақтардың студенттік өмір салтын ғылыми тұрғыдан ұйымдастыруға тигізетін әсерін түсіндіру, білімді тереңдету.

**Тәрбиелік:** белсенді әрекетке бағыттау, мәдени сананы қалыптастыру, қарым-қатынасқа түсе алу дағдыларын дамыту, қалыптастыру.

**Дамытушылық:** талдау жасай алуға, бастыны анықтай білуге, қорытынды шығара білу дағдыларын дамыту.

**Оқыту әдістері:** жұп болып жұмыс жасау, әңгіме, талқылау, түсініктемені оқу.

**Әдістемемен қамтамасыз ету:** жұмыс дәптері, ақ парақтар А4

**Сабақтың типі:** Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабағы

**Сабақтың түрі:** іскерлік ойын сабағы

**Жабдықталуы:** интерактивті тақта, презентация материалдары.

**Таратпа материалдар:**

**Пәнаралық байланыс:** Философия, педагогика, психология

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Б.Қ. Дамитов "Өзін-өзі тану" оқулығы,
2. Ж.Б. Қажығалиева, Р.О. Изғұттынова "Өзін-өзі тану"
3. Кішібеков С., Сыздықов Ұ. Философия.

**Сабақтың құрылымдық жоспары:**

- ❖ Ұйымдастыру кезеңі: 3 минут
- ❖ Сабақ мақсатын қою: 2 минут
- ❖ Үй тапсырмасын тексеру және білімді өзектендіру: 10 минут
- ❖ Стандартты типтегі тапсырмаларды орындау: 10 минут
- ❖ Реконструктивті-вариативті типтегі тапсырмаларды орындау: 20 минут
- ❖ Шығармашылық типтегі тапсырмаларды орындау: 20 минут
- ❖ Білім, білік, дағдының қалыптасуын бақылау: 10 минут
- ❖ Үй тапсырмасын беру: 5 минут
- ❖ Қорытынды: 5 минут
- ❖ Рефлексия: 5 минут

**Сабақ барысы****1. Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сәлемдесу.

- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.

- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортичкамен жұмыс.

**Сабақтың дәйексөзі:** Бәрі пайдалылықпен анықталады. (Д. Дидро.)

**Сәлемдесу** "Бір-бірімізге қошеметтер айтайық!" Жақсы мінез-құлқымызды, қасиеттерімізді айта отырып бір-бірімізге қошеметтер айтайық. Олар шағын 4 топқа бөлінеді (студенттердің туған күндерінің жыл мерзіміне орай). "Қыс" тобы "Көктем" тобының мүшелеріне, "Көктем"-«Жазға», "Жаз"- "Күзге", "Күз"- "Қысқа" қошемет жасайды.

## **2. Сабақ мақсатын қою:**

Егер адамзат дамуына көз жүгіртетін болсақ, адамды - жетілдіріп, оның өмірін жақсарту жолында білімінің қандай рөл атқаратыны жөніндегі сұраққа жауап алуға болады. Біз дамудың негізгі шарты-білім мен оны игеру тәсілдері) - технологиясы, жаңғырту, қолдану формалары бар ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырмыз.

Сіздер студент болдыңыздар, емтихан қиындықтарынан өттіңіздер, енді өздеріңізге "Мен студенттік өмірден не күтемін?" деген сұрақ қойған жөн.

Студенттік өмір-қызықты әрі қиын. Көп адамдар өмірлерінің сол кезеңін ең бақытты жылдарым деп есептейді. Сіз "Неге?" деп сұрауыңыз мүмкін. Сіз үшін жауапты кезең туды. Сіздер жассыздар (жанашыр туған-туыстарыңыз бар), екінші жағынан тез есейіп келесіздер. Сіздер үшін дербес шешімдер қабылдайтын кезең туды. Ересек адам ретіндегі алғашқы шешіміңіз-оқу бағыты мен мамандық таңдау жүзеге асты.

Мамандық алу-адам өмірінің маңызды кезеңі. Нағыз маман болу үшін көп еңбектену керек. Сондықтан мамандықты қалай таңдайтындығы, оған қандай дайындықпен келетіндігі және оны қалай жүзеге асыратындығы өте маңызды.

Біз бүгін "Қалай үздік студент болуға болады және өмірді қалай мәнді өткізуге болады?" деген сұрақтарға жауап табуға тырысамыз.

## **3. Үй тапсырмасын тексеру және білімді өзектендіру:**

Үйге берілген тапсырманы орындай отырып "Сіз өзіңіздің өмірлік жағдайыңыздың болашақ моделі жайлы ойландыңыз ба? осы жоспарда оқу мен білім қандай рөл атқаратындығы туралы ойланып көріңіз.

Оқытушы тақтаға табыс пирамидасын сызуды (үй тапсырмасы) өтінеді. Осы пирамидада қызметтің қандай түрлері көрсетілгенін айтыңыз.

Білім, ілім, таным туралы қанатты сөздерді оқыңыз. Осы ойлардың мәнін талқылаудан өткізейік. Қай авторлардың ойымен сіз келісесіз, қайсысымен келіспейсіз?

1. Әбу Насыр әл Фарабидің «Бақыт жолын сілтеу» трактатынан үзіндіні оқып шығыңыз және алған әсерлеріңізді курстастарыңызбен бөлісіңіз.

2. Есейген шағыңыздағы қалаған өзіңіз ұмтылатын мәртебенізді жазыңыз (мамандық, ақша, мекен-жай, бақытты отбасыңыз, мәнсап, ермегіңіз, әлеуметтік жағдай, қызметіңіз немесе кәсіби шеберлік, мықты денсаулық және т.б.)

3. Теңбүйірлі үшбұрышты салыңыз және осы сипаттамаларды төменнен жоғарыға дейін жазып шығыңыз.

4. Темперамент түрлерін оқып, талдап келу.

Оқу процесінде қатысушы екі жақ болады: оқытушы мен оқушы. Кәсіптік оқу орнындағы оқудың мектептегі білім алу процесінен біршама айырмашылығы бар, өйткені бұл жерде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы өзгеше болып келеді, себебі студент дегеніміз ересек азаматтар. Сондықтан кәсіптік оқу орнында өзіндік дамуға, өзіндік білім алуға көбірек көңіл бөлінеді. Кәсіптік оқу орнының оқытушысы дәстүрлі түсініктегі тәрбиеші, жетекшілер. Жетекшілер - өз ойын, сезімін, ашық айтады, студенттерге арқа сүйейді, олардың пікірін қолдайды, өйткені ол сіздердің мүмкіндіктеріңіз бен қабілеттеріңізге сенеді; "эмпатиялық түсінуге" ұмтылады, яғни студенттердің мінез-құлқын, олардың пайымдаулары мен іс-қимылдарын, әдеттерін тез аңғарады. Білім берудің негізгі мақсаты оқуға бағытталғанда академиялық еркіндік беки түседі, сондықтан басқаларды кейін тартпау үшін барлығының, іс-қимылы синхрондалғаны абзал. Бәрі ортақ іс-әрекетті түсінеді және оның жалпы ырғағынан шеттеп қалмауға тырысады. Жеке іс-әрекет озат студенттің ең маңызды ісіне айнала бастайды, ол білімін жетілдіреді, студенттік өмірдегі өз орнын табады, өзінің жаңа мәртебесіне лайық тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Студенттік ортада эгоцентризмге орын жоқ, өйткені біз бәріміз өзара жалпы корпоративті рухпен байланысқанбыз.

#### **4. Стандартты типтегі тапсырмаларды орындау:**

А. Маслоудың пайымдауынша, адамның өмір бойы өз тандауымен, ұмтылысымен өзін-өзі көрсетуге мүмкіндігі бар. Ол алдымен базалық қажеттіліктерді қанағаттандырумен айқындалады. А. Маслоудың пікірінше, дені сау, бақытты адамның өзін-өзі көрсетуге тырысуы басым болады. Ол үшін мүмкіндікті қабілеттілік пен дарындылық үздіксіз толықтырып отыру керек. Оның орындалуы (бейімділік, тағдыр, жазмыш) бірлікке, интеграцияға немесе өзінің болмысын терең ұғып қабылдауға байланысты.

#### **Өзін көрсетуші тұлғаның сипаттамасы.**

##### **А. Маслоу бойынша:**

1. Шындықты нақты қабылдау (өзге адамдармен салыстырғанда).
2. Өзінді, басқаларды және табиғатты сезіммен қабылдау.
3. Тік мінезділік, қарапайымдылық және табиғилық
4. Мәселеге назар аударушылық
5. Еркіндік: оңашалықты қажет ету.
6. Автономдылық: мәдениет пен ортадан тәуелсіздік.
7. Қабылдаудың жетістігі.
8. Биік немесе мистикалық
9. Қоғамдық мүдде.
10. Шынайы қарым-қатынастар.
11. Демократиялық мінез.
12. Құралдар мен мақсаттарды айыру.
13. Сықақтың философиялық мәні

14. Креативтілік (шығармашылық).

15. Мәдениленуге қарсылық.

**1-тапсырма:** А.Маслоудың берген тұлғаның өзіндік белсенділігі сипаттамасын жазыңыз. (Ұсынылған тұлға сипаттамаларын оқып болған соң есте қалғанын жазыңыз).

**5. Реконструктивті-вариативті типтегі тапсырмаларды орындау:**

**2-Тапсырма**

**Оқу стилі бойынша берілген сауалнама**

1. Істің жағдайына орай кішіпейіл болғанды ұнатамын.

2. Мен тәуекел еткенді ұнатамын.

3. Мен мәселені болжам арқылы емес, нақты шешкенді қалаймын.

4. Мен күрделі құбылыстарға қарағанда қарапайым, жай құбылыстарды артық санаймын.

5. Мен бір нәрсені ойланып емес, тек солай болуы тиіс деп сезінгендіктен ғана жасаймын.

6. Мен құбылыстарды солай болу керек деп қабылдай салмаймын, оларды тексергенді ұнатамын.

7. Оқып - үйренілетін нәрселердің ішіндегі маңыздысы деп – олардың тәжірибеде қолданылатындарын санаймын.

8. Мен жұмысқа жаңаша көзқарасты үнемі іздестіріп жүремін.

9. Мен бір жаңалық естісем оны қалай жүзеге асырып, байқауға болатынына жоспар құра бастаймын.

10. Мен орныққан тәртіптерді, ережелерді, кестені қатал ұстануға бейімдімін.

11. Мен істерді ұқыпты, аяғына жеткізіп істеймін. Мен уақытынан ерте қорытынды жасауды ұнатпаймын.

12. Мен барлық мүмкіндіктерді таразылап барып қана шешім қабылдағанды ұнатамын.

13. Мен құбылыстардың бөлшектенгенін емес, оларды тұтас қарастырғанды ұнатамын.

14. Пікірталаста мен тек маңызды нәрсенің түйінін айтқанды ұнатамын.

15. Мен жаңа және өзгеше нәрсені кездестіргенде, олардың ескіден айырмашылығын аңдап көргенді ұнатамын.

16. Мен белгілі бір қорытындыға келуден бұрын алдымен құбылыс жайлы ойланып алғанды ұнатамын.

17. Маған үйреншікті емес ойларды айту қиын.

18. Салыстыру үшін көбірек ақпарат жинағанды жақсы көремін.

19. Мен жұмысты алдын-ала жоспарлағанды емес, олардың пайда болғанына қарай іске асырғанды жөн көремін.

20. Мен басқалардың ойларын тәжірибеде қалай жүзеге асатынына қарап бағалауға бейіммін.

21. Мен сезімге ғана сүйеніп шешім қабылдау мүмкін деп ойламаймын.

22. Барлық деректерді ескерген жөн.

23. Мені істі қалай жасау керектігі ойландырады

24. Мен пікірталастарда тосын ойларды ұсынамын.

25. Пікірталастарда нәтижесі болатын ойларды ұсынамын.
26. Мен жұмысты бастамас бұрын, мәселелерді жан-жақты талдағанды ұнатамын.
27. Әдетте мен аз тыңдап, көп сөйлеймін.
28. Мен жұмысты атқарудың көптеген тәжірибелік жолдарын ұсына аламын.
29. Жұмыстың табыс кілті - ұқыпты, қисынды ойлауда екеніне мен сенімдімін.
30. Егер маған ресми хат жазу керек болса, онда мен алдымен оның бірнеше жобалық нұсқаларын жазып шығамын.
31. Мен шешім қабылдамас бұрын барлық баламаларды қарастырамын.
32. Мен бой үйренбеген ойларды ұнатпаймын, олар қолдануға қолайлы емес.
33. Секірудің алдында абайлап қарап алар едім.
34. Әдетте мен сөйлегеннен гөрі көбірек тындаймын.
35. Нәрселердің қалай жасалғандығы мені қызықтырмайды, ең бастысы жұмыс істесе болғаны.
36. Мен жұмысты рахаттанып істеуге кедергі келтіретін ережелер мен жоспарларды жақтырмаймын.
37. Мен көңілді отырыстарда ортаның гүлімін.
38. Мен жұмысты орындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймын.
39. Мен істің түбіне дейін тексеріп, олардың қалай жұмыс істейтінін білгенді қалаймын.
40. Мен жоспар бойынша өтетін кездесулер мен пікірталастарды ұнатамын.
41. Мен кейде іс бақылаудан шығып кетсе де қарсылық көрсетпеймін.

### **Оқу стилі бойынша сауалнаманың ұпайын есептеу.**

Егер сіз сауалнамадағы тұжырымды мақұлдасаңыз, онда сол номердің жанына «1» санын қойыңыз. содан кейін әрбір бағандағы «бірліктер» санын есептеңіз. Әрбір баған бойынша ұпайлар санын қосып, өзіңіздің оқу стиліне бейімділігіңізді анықтаңыз.

2	11	1	4
5	12	3	7
8	16	6	9
15	18	10	14
19	21	13	20
23	25	17	24
26	29	22	27
35	30	28	31
36	32	38	34
40	33	39	37
белсенді	ойшыл	теоретик	прагматик

Енді, оқу стилінің жалпы сипаттамасымен танысыңыз.

## Оқу стилінің жалпы сипаттамасы

### *Белсенділер (нақты тәжірибе)*

Белсенділер жаңа әсерлерге берілгіш. Олар «осы жерде және қазір болғандарына риза әрі бақытты. Олар ашық, скептик емес, сондықтан олар барлық уақытта оптимист болып келеді. Олардың философиясы: «Мен тағы бір нәрсені байқап көремін». Олар алдымен әрекет етеді, артынан оның салдары жайлы ойланады. Олардың әр күні іс-әрекетке толы. Олар көптеген идеяларға ие бола отырып, істің шешімін табуға кіріседі. Бір іске деген әуестік біткен соң олар басқаларын іздей бастайды. Жаңа күрделі тәжірибені жинақтауға ұмтылады, бірақ оларды міндеттерді орындау процесінің өзі қанағаттандырмайды. Олар адамдармен тіл табысқыш, қарым-қатынас процесінде оқиғалардың ортасында болуға тырысады.

### *Ойшылдар (рефлексиялық бақылау)*

Ойшылдар белсенді әрекеттен гөрі ойланғанды ұнатады, оқиғаны әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады. Әртүрлі деректерді жинайды және қорытындыға келер алдында бәрін мұқият тексеріп алғанды қалайды. Бұл міндеттерді мұқият іріктеу мен талдау арқылы олар шешім қабылдауды мүмкіндігінше кейінге қалдыруды ұнатады. Олардың ұраны: «Абай бол!». Олар әрекет жасар алдында барлық варианттарды есептеп шыққанды, жиналыс пен пікірталастарда соңғы қатарда отырғанды ұнатады. Пікірталастарда өз пікірін айтпас бұрын, басқалардың пікірлерін тындап алады. Олар бағаны темендетіп беруге бейім және күнделікті өмір шындығынан оқшау тұрады, шыдамды болып келеді. Олардың іс-қимылдары өткен мен қазіргінің тұтас көрінісін суреттейді.

### *Теоретиктер (абстрактілі негіздеу)*

Теоретиктер өз бақылауларын күрделі, бірақ логикалық теорияға айландырады және оны жалпылайды. Олар істің шешімін дәйекті әрі қисынды шеше біледі. Олар бір-біріне сәйкес келмейтін деректерді келісімді теорияға айналдырады. Барлық нәрселерді рационалды схемаға жүйелеп алмай тыным таппайды. Олар талдау мен синтез жасағанды ұнатады. Өз істерін жорамал, ереже, теориялық модель және ойлау схемаларына негіздейді. «Егер бұл қисынды болса, ол жақсы» деген философияға сүйенеді. Олар «Мұның мағынасы бар ма? Бұл басқалармен қалай байланысқан? Жорамалдың негізі не?»- деп жиі сұрақ қояды. Мәселеге барлық уақытта қисынды қарауға тырысады. Бұл олардың «ментальдық қалпы» және олар бұған қайшы келетіннің бәрін теріске шығарады. Олар күмәнсіз деректерге сүйенгенді артық санайды.

*Прагматиктер (белсенді түрде тәжірибелер жасау)* Прагматиктер барлық идеялардың, теориялар және техникалардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтіндігін тексеруге ұмтылады. Олар батыл түрде жаңа идеяларды іздейді және мүмкіндігінше" оларды тәжірибеден өткізеді. Қызықтыратын идеялар болса, тез табысқа жетуге тырысады. Ойлану мен ашық пікірталасты жақтырмайды. Практикалық қорытынды жасауды ұнататын адамдар. Олар туындаған мәселелерді «сайысқа шақыру» ретінде қабылдайды. Олардың философиясы бойынша барлық уақытта істі жақсы шешуге болады.

Әрбір адам өзінің қабылдауы, темпераменті және мінез ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір оқып-үйрену бейімділіктеріне ие. Сіз өзіңіздің бейімділіктеріңізді анықтаңыз. Ол үшін сауалнаманы оқып шығып, өзіңізге тән белгілерді қоршап белгілеңіз.

Оқытуда адам іс-әрекетінің маңызды формасы ретінде қабілеттің үлкен мәні бар. Адам қабілеті дегеніміз не? "Қабілет" атауы психологияда ежелден қолданылып келе жатқанына қарамастан әдебиеттегі анықтамалары әлі де бір жүйеге келген жоқ. Егер оның анықтамасын жинақтап, жіктеп қарастырсақ, онда ол темендегідей болып шығады.

1. Қабілет - әртүрлі психикалық процестер мен жағдайлар жиынтығы ретіндегі адам жанының қасиеті. Бұл ең көп тараған және ескірген анықтама болып есептеледі. Психологияда оны қазір, негізінен, қолданбайды.

2. Қабілет адамдардың әртүрлі іс-әрекетінің табысты орындалуын қамтамасыз ететін білім, шеберлік және дағдылардың жоғарғы деңгейін білдіреді. Бұл анықтама психологияда XVII-ғасырда пайда болған. Қазір де қолданылады.

3. Қабілет білімге, шеберлікке және дағдыға телінбейді, бірақ олардың бойға сіңірілуін, бекітілуін және тәжірибеде тиімді қолданылуына ықпалын тигізеді. Бұл анықтама қабылданып, кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, ол үш анықтаманың ішіндегі ең нақтысы болып табылады.

## **6. Шығармашылық типтегі тапсыраларды орындау:**

### **3-Тапсырма**

Сіз көру, есту, түйсіну немесе сезіну арқылы қабылдаудың басым стилін анықтауыңыз керек. Сұрақтарды оқып шығып, өзіңізге сәйкес келетінін дөңгелектеп белгілеңіз.

### **Оқу стилі - қабылдау тәсілі**

1. Сіз темекі шегудің анатомиясы мен физиологиясын қалай түсінесіз?

- а. кино қарау арқылы;
- ә. біреудің түсіндіруі арқылы;
- б. адам денесінің моделін зерттеу және түсіну жолымен.

2. Сіз қандай кітап оқығанды жақсы көресіз?

- а. темекі шегу туралы суретті кітапты;
- ә. темекі шегетіндер мен шекпейтіндер арасындағы сұхбат туралы кітапты;
- б. темекі туралы сұрақтарға жауап беретін және жұмбақтарды шешетін кітапты.

3. Сіз сөздің дұрыс жазылғанына күмәнді болсаңыз не істер едіңіз?

- а. сөзді жазып көресіз және дұрыс екеніне көзіңізді жеткізесіз;
- ә. оны айтып көресіз;
- б. өзіңіздің ойлағаныңыздай жазып көресіз.

4. Сіз оқи бастағаныңызда ойыңызда алдымен не қалады?

- а. адамдардың есімдері емес, түрлері;
- ә. түрлері емес, есімдері;
- б. сездері мен іс-қимылдары.

5. Сіз оқуға қалай дайындалуды дұрыс санайсыз?

- а. мақалалар оқу, диаграммалар мен иллюстрациялар қарау арқылы;



- ә. біреудің сізге сұрақ қойғанын өтінесіз немесе деректерді өзіңіз іштей қайталайсыз;
- б. деректерді карточкаға жазып аласыз, диаграммалар, модельдер, иллюстрациялар жасайсыз.
6. Сіз «темекі» деген сөзді көргенде не істейсіз?
- а. темекінің белгілі бір маркасының суретін саласыз;
- ә. іштей «темекі» деп айтасыз;
- б. темекінің иісін сезінесіз.
7. Сабаққа дайындалғанда сізді көбіне не алаңдатады?
- а. визуальді бейнелер;
- ә. шулар;
- б. тамақ ішу сезімі, шөлдеу.
8. Сіз оқу бағдарламасын қалай жасағанды ұнатасыз?
- а. тізім жасайсыз, әр қадамыңызды бақылап, олардың орындалуын тексересіз;
- ә. достарыңызбен және Істі білетін кісілермен ақылдасасыз;
- б. бағдарламаның моделін жасап, оны ой елегінен өткізесіз.
9. Бағдарламаға қатысу арқылы сіз не істеуге тырысасыз?
- а. қабырғадағы плакаттарды қарайсыз;
- ә. жаныңызда отырған адаммен сөйлесесіз;
- б. бөлменің ішінде бір бағытта қозғала бастайсыз.
10. Семинарда орныңызға отырардың алдында не істейсіз?
- а. не болатынын түсіндіретін бағдарламаны тауып, қарап шығасыз;
- ә. басқа қатысушылармен сөйлесесіз;
- б. бөлмеге кіріп қызықты нәрсені тапқан соң ғана бағдарламаны оқисыз.
11. Ашуланған кезде не істейсіз?
- а. түсіңізді суытасыз;
- ә. айғайлайсыз;
- б. қатты айтып, есікті тарс жабасыз.
12. Нені жақсы көресіз?
- а. сурет қарағанды;
- ә. музыка тыңдағанды;
- б. дене жаттығуларын жасағанды.
13. Сізге оқиганы қалай айтып шығу оңай?
- а. жазба түрінде;
- ә. дауыстап айту;
- б. ойнап көрсету.
14. Музыка тыңдап отырып не істейсіз?
- а. көзіңізді жұмасыз, ойша түрлі бейнелерді елестетесіз;
- ә. музыка әуенімен өлең айтасыз;
- б. музыкамен қозғаласыз.
15. Сіз қалай оқытқанды жақсы көресіз?
- а. иллюстрация көрсеткенді;
- ә. мәлімегі дауыстап оқығанды;
- б. жеңіл ұғыну үшін тәжірибе жүзінде көрсеткенді.

«а», «ә» және «б» - ның жалпы санын есептеңіз. Сізде «а» ұпайы көбірек болса, онда сізге бейнелеп қабылдаған жеңілірек. Егер сізде «ә» ұпайы көбірек болса, онда нақты естіп қабылдағанды жеңіл санайсыз. Егер сізде «б» ұпайы көбірек болса, онда мәліметті сезім арқылы қабылдағанды жөн көресіз.

#### **4-Тапсырма**

##### **Студент уақытын тиімді ұйымдастыру ережесі**

**Өз мақсатыңызды дәл анықтаңыз.** Не істерін анық білмейтін кейбір адамдар кездейсоқ іске уақыты мен қуатын босқа құртады. Табыстың негізгі шарты - ең алдымен істі бастамай тұрып өзінің баратын жолын, баратын жерін анықтап алу керек.

**Басты нәрсеге көңіл аударыңыз.** Параққа тізбелеп ең жедел атқарылуы тиіс және маңызды істерді жазыңыз. Бүгін ең маңызды іске кірісіңіз және одан нәтиже шығармай кейін шегінбеңіз. Содан соң басқа істерді де солай істеңіз. Бастысы - негізгі бағытты анықтап, соған сәйкес жұмыс жасау.

**Нақты мерзімді белгілеңіз.** Мәселен, «мен алдымен мүмкіндік болса телефон соғамын» деген басқа да, «телефон соғамын, содан кейін қыдырып қайтамын» деген тіптен басқа. Бірінші жағдайда айтқаныңыз орындалмаса түрліше ақталуды ойлап табасыз, екіншісінде өзіңізге орындау талабын қоясыз. Істі орындаймын деген уақытта орындаңыз. Өзгеге қалай талапшыл болсаңыз, өзіңізге де солай талапшыл болыңыз.

**Шешімді болуға үйреніңіз.** Табыстың кілті 51 % дұрыс қадам жасағанда болатындығы белгілі: Егер бір нәрсе істесеңіз оның дұрыстығына күмәнданып уайымға салына бермеңіз, қабылданған шешім жөнінде іштей өзіңізді қазбалап, уақытыңызды босқа құртпаңыз. Әрі қарай қадам жасаңыз.

**«Жоқ» деп айтып үйреніңіз.** Есіңізде болсын: тұлға «жоқ» деген сөзден басталады, оны ашық, ойланып және анық айтып үйреніңіз. **Телефонмен әңгімелесуге әуестенбеңіз.** Қандай да бір мағлұматтарды жедел алып, мәселені тез шешу үшін, уақытты үнемдеу мақсатында телефонмен сөйлесеміз. Есіңізде болсын: егер сіз телефонмен көп сөйлессеңіз - бұл жалғыздықтың белгісі.

**Ертерек бастаңыз.** Жұмысыңызды әдеттегі уақыттан 10-15 минутқа ерте бастаңыз, онда бұл күніңіз қуанышты, жемісті болады.

**Өз уақытыңызды құрметтеңіз.** Ұйқыға кетердің алдында күні бойы қандай оңды іс атқарғаныңызды талдаңыз. Уақытты тиімді пайдаланғаныңыз өзіңізді құрметтегеніңіз деген сөз.

#### **7. Білім, білік, дағдының қалыптасуын бақылау:**

##### **«Сіз кімсіз: жапалақсыз ба, бозторғайсыз ба?» тесті**

Адамдар жұмыс және басқа да нәрселермен шұғылдануда таңғы сағаттарды қалайтындар («бозторғайлар») және кешкі уақытты қалайтындар («жапалақтар») болып бөлінеді. Осы тест сіздің қай топқа жататыныңызды анықтауға көмектеседі.

1. Сізге таңертең ерте тұру қиын ба?

а) иә, көбінесе-3;

б) кейде-1;

в) сирек-1;

г) өте сирек-0.

2. Егер сізде тандау мүмкіндігі болса, қай уақытта ұйықтауға жатар едіңіз?

а) түнгі сағат 1-ден кейін-3;

б) 23сағ. 30-минуттан түнгі 1 аралығы-2;

в) 23-тен 23.30-ға дейін-1;

г) 22-ге дейін -0.

3. Ұйқыдан ояңнаннан кейін асты қалай ішкенді қалайсыз?

а) тоя-3;

б) онша тоймай-2;

в) жеңіл-желпі-1;

г) бір шыны шәй немесе кофе-0;

4. Егер сіздің соңғы кездерде үйде немесе оқу орнында болған кикілжіндеріңізді еске түсірсек, олар тәуліктің қай мезгілінде болды?

а) түске дейін-1;

б) түстен кейін-0;

5. Сіз неден жеңіл бас тарта аласыз?

а) таңғы шәй немесе кофеден-2;

б) кешкі шәйдан-0;

6. Өзіңіздің тамақтанумен байланысты әдеттеріңізді қиналмай бұза аласыз ба?

а) өте жеңіл-0;

б) біршама жеңіл-1;

в) қиын-2;

г) өзгеріссіз қалдырамын-3.

7. Егер таңнан маңызды істер күтіп тұрса, сіз ұйықтауға әдеттегіден қаншалықты ерте жатасыз?

а) 2-сағаттай бұрын-3;

б) 1-2 сағатқа-2;

в) 1-сағаттан аз-1;

г) әдеттегідей-0.

8. Бір минутқа тең уақыт аралығын сіз қаншалықты дәл анықтай аласыз? Оны білу үшін біреудің көмегін сұраңыз.

а) Бір минуттан аз-0;

б) минуттан көп-2;

Қорытындысын шығарыңыз. Егер сіз 0-7 ұпай жинасаңыз, онда сіз «бозторғай» болғаныңыз. Егер 8-13 ұпай жинасаңыз - аралас типке жатасыз. Егер 14-20 ұпай жинасаңыз, онда «жапалақсыз».

### **8. Үй тапсырмасын беру:**

1. Өзінің тәуліктік биоырғағын зерттеу, тиімді сергек сағаттарды анықтау.

2. Жеке биоырғағыңызды сабақ кестесімен, сабақтантыс әрекеттермен салыстыру схемасын құру.

3. Қоғамда әртүрлі әлеуметтік рольге ие адамдар (студент, профессор, бизнесмен және т.б.) атынан топқа құттықтау дайындаңыз.

4. М.Дулатовтың жастарға арналған өлеңі.

5. Абайдың қара сөздерін оқып келу.

### **9. Қорытынды:**

Белсенді дайындықтың өлшемі.

Мен не істегенімді ұмытып қаламын.

Менің естігенім мен көргенім есімде аздап қалады.

Мен істегенім мен көргенімді сұрағанда немесе талқылағанда барып бір-ақ түсінемін.

Мен жинақтау, есту, көру, талқылау және істеу арқылы білім мен тәжірибе жинақтаймын.

Мен басқаларға үйреткенімді үнемі жетілдіріп отырамын.

Мен тәжірибелік жұмыс жасаған сайын өзгеремін.

Келесі сабақ үй тапсырмасын көрсетуден басталады.

### **10. Рефлексия:**

«Бір сөзбен». Берілген фразаны бір сөзбен аяқтау:

Бүгінгі сабақ – ол.....

Бүгінгі сабақта мен.....

Бүгінгі сабақтың артықшылығы .....

Бүгінгі сабақтың кемшілігі .....

**Сабақтың аяқталуы:** Сабақ қызықты өтті деген ойдамын. Барлықтарыңыз белсене қатыстыңыздар. Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!

## Сабақтың технологиялық картасы № 3

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** «Ойын ойнайтын адамдар»

**Сабақтың типі:** Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабағы

**Сабақтың түрі:** рөлдік және іскерлік ойын сабағы

**Сабақ мақсаты:** Білім алушыларды көп реттіліктің бірегейленген және көп арналы топтық қарым-қатынастың дағдыларымен таныстыру, олардың құндылықты қабылдаудағы белсенділігін арттыру.

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** Ұлы ойшылдардың және ғұламалардың нақыл сөздерін түсіндіру, топтық тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарды орындату арқылы ойынның өмірдегі алатын орнын, мәнін ашу. Ойын жаттығуларын орындату арқылы білім алушылардың ойын туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Ойын жаттығуларын, өзіндік жұмыстарды орындату арқылы білім алушылардың бойындағы ойлауын, зейінін, қабылдауын, ұжымдық іскерліктерін қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** Әл-фараби, Абай, Шәкәрім, Гегельдің сөздерінен үзінді беру арқылы, топтық тапсырмалар мен өзіндік жұмыстарды орындау арқылы адамгершілікке, ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

**Пәнаралық байланыс:** психология, педагогика, философия

**Сабақтың технологиясы:** ойын технологиясы

**Жабдықталуы:** интерактивті тақта, тақырыпқа сай әзірленген презентация  
Таратпа материалдар: тапсырмалар, тест сұрақтары.

**Әдіс-тәсілдері:** Рөлдік ойын, тренинг, түсініктеме беру, топтық жұмыс

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Б.Қ. Дамитов "Өзін-өзі тану" оқулығы, Ғаламтор желісі.
2. Ж.Б. Қажығалиева, Р.О. Изғұттынова "Өзін-өзі тану".
3. Өзін-өзі тану ҚР білім және ғылым министрлігі ұсынған. Студенттерге арналған дәптер. А-2003.

### Сабақтың құрылымдық кезеңдері:

- ❖ Ұйымдастыру кезеңі: 3 минут
- ❖ Тақырыптың өзектілігі: 2 минут
- ❖ Сабақтың мақсатын қою: 2 минут
- ❖ Танысу тренингі: 3 минут
- ❖ Үй тапсырмасын тексеру: 15 минут
- ❖ Тапсырма: 5 минут
- ❖ Ойын- жаттығу: 12 минут
- ❖ Сергіту сәті: 3 минут
- ❖ Тапсырма: Ой- пікірлерге түсініктеме беру: 10 минут
- ❖ «Капитансыз ба? Бағыттаушысыз ба? Жолаушысыз ба?» тесті: 10 минут
- ❖ Өзіндік жұмыс: «Мен осы шын мәнінде кіммін?» тесті: 15 минут

- ❖ Қорытынды: 3 минут
- ❖ Үй тапсырмасы: 2 минут
- ❖ Рефлексия: 3 минут
- ❖ Сабақтың аяқталуы: 2 минут

## Сабақ барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлемдесу!

Сәлеметсіздерме! Орындарыңызға отыра беріңіздер. Бүгін өзін-өзі тану сабағын мен жүргіземін. Менің аты - жөнім Амангелді Мейіржан Жанарбекұлы .

- Сабақта кім жоқ?

- Кезекші маған кім жоқ екенін жазып беріңіз.

- Дәптерлеріңізге бүгінгі сабақ тақырыбын жазыңыздар.

- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.

Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.

**Сабақтың дәйексөзі:** Ұлы ойшыл Я.А.Коменский «Ойын -айналадағы дүниені танудың тәсілі»деген екен. Ойын - сендер үшін өте маңызды тәрбиелік құрал. Ойнай отырып сендер өмірдегі жақсы – жаманды, пайдалы – зиянды, қажетті – қажетсіз заттарды ұғынасыңдар.

**Сабақ мақсатын қою:** Бүгінгі сабағымыздың мақсаты - өзін тануға, белгілі бір жағдайдан шығу жолдарын анықтауға, жауапты шешім қабылдауға өз шешімінің нәтижесін бағалауға дайын болу

### Танысу тренингі

**Сәлемдесу жаттығуы:** «**Менің есім + есімнен басталатын сын есім**»

Нұсқау: Әр бір қатысушы өзінің есімін айтады және өз есімінің басты әрпінен басталатын сын есім айтуы қажет. Мысалы, Айжан ақылды.

### Үй тапсырмасын тексеру

1. Әбу Насыр әл Фарабидің Бақыт жолын сілтеу трактатынан үзіндіні оқып шығыңыз және алған әсерлеріңізді топтастарыңызбен бөлісіңіз.

2. Есейген шағыңыздағы қалаған өзіңіз ұмтылатын мәртебеңізді жазыңыз (мамандық, ақша, мекен-жай, бақытты отбасыңыз, мәнсап, ермегіңіз, әлеуметтік жағдай, қызметіңіз немесе кәсіби шеберлік, мықты денсаулық және т.б.)

3. Теңбүйірлі үшбұрышты салыңыз және осы сипаттамаларды төменнен жоғарыға дейін жазып шығыңыз.

4. Темперамент түрлерін оқып, талдап келу.

### 1-тапсырма

Өзіңіз білетін, араласатын адамды көз алдыңызға елестетіңіз. Өзіңіз бен оны екі түрлі шеңбер ретінде бейнелеңіз. Қайсысы өзіңіз, қайсысы серіктесіңіз екенін белгілеңіз. Топпен бірлесе отырып талдаңыз.

### 2-тапсырма

Дәптерге бірнеше ортақ шеңберді сызыңыз. Ортадағы кішісіне өзіңіздің «меніңізді» орналастырыңыз. Одан әрі жақындығы мен алыстығына қарай

өзіңіз қарым-қатынас жасайтын адамдарды орналастырыңыз. Бұл жердегі негізгі өлшем қарым-қатынас жақындығы Бізде бірнеше қарым-қатынас шеңбері бар: интимдік, сенімділік, достық, әріптестік, тұрмыстық, кездейсоқтық және т.б.

Қарым-қатынастың түрлі орталарында біз өзімізді түрліше ұстаймыз. Сонымен талқылап көрейік:

Сіздің бірінші қарым-қатынас шеңберінде кімдер және қанша адам бар? Екіншісінде ше? Келесі шеңберде ше? Неге? Бірінші және екінші шеңберде неше, есептеп көріңіз.

Қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытатын тәжірибелік жаттығуларға ауысайық. Бұл жаттығулар мақсаты: топ қатысушыларының көбімен қарым-қатынас жасауға және қарым-қатынастың вербальді (сөйлеу арқылы) және вербальді емес (көзқараспен, ыммен, қылықпен) тәсілдермен тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

**1- жаттығуды өз бетіңізше жасаңыз.** Содан кейін өзіңізге серік таңдаңыз. Онымен 2,3,4 жаттығуларды орындаңыз. Содан кейін өзіңізге жаңа серік таңдап, жаттығуларды қайталаңыз.

**1. «Арқадан-арқаға»** Бір-бірлеріңізге арқаларыңызды беріп отырыңыздар. Сөйлесіп көріңіздер. Бірнеше минуттан кейін бір-бірлеріңіздің жүздеріңізге қарап әсерлеріңізді бөлісіңіздер.

**2. «Отырып және тұрып».** Серіктердің бірі тұрады, ал екіншісі отырады. Осындай күйде сөйлесіп көріңіздер. Бірнеше минуттан кейін әрқайсыңыз бір-бірлеріңізге жоғарыдан төмен, төменнен жоғарыға қарайтындай болып орын ауыстырыңыздар. Бірнеше минуттан кейін өз әсерлеріңізді талқылаңыздар.

**3. «Көзбен ұғысу».** Серігіңіз екеуіңіз бір-біріңіздің көздеріңізге қараңыздар, тек қана көз арқылы ишара жасаңыздар. Бірнеше минуттан кейін өз әсерлеріңізді талқылаңыздар.

**Сергіту сәті:** бейнеролик

**3 – тапсырма Айтылған ой-пікірлерге түсінік беріңіз**

1. Адамның адамгершілік қасиеттерін оның жекелеген әрекеттеріне қарап емес, күнделікті өміріне қарап бағалау керек.

(Б. Паскаль)

2. Егер сырттай кім болғың келгеніңе мүмкіндік болмаса, онда іштей қандай болуға тиістісің - сондай бол

(Ф. Петрарка)

3. Адам табиғатының қызық қасиеттерінің бірі оның айналадағы адамдар көзқарасындағы өз бейнесін ойнауға ұмтылатындығы. Кейбіреулер қиналса да соңына дейін ойнап шығады

(Ф. Искандер)

4. Мен зияны тиер деп күдіктенген кісіме - жылы жүзбен күле қараймын. Мұным - пішініммен айтқан өтірік.

(Шәкәрім)

5. Бір адамды жеке танып білгенше, адамдарды жалпылай таныған жеңілдеу.

(Ф. Ларошфуко)

6. Өз замандастарына қарап адамдарды зерттеу, тауды лупамен қарағанмен бірдей; оларды өткен күндерге қарап зерттеу алыстатып көрсететін аспаппен қарағанмен бірдей

(Г. Честертон)

7. Егер адам өзінен биік болуға тырысса ғана ол өзіндік күйінде қала алады.

(Ж. Лашелье)

8. Адам ісі қандай болса, өзі де сондай

(Г. Гегель)

9. Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар

Еңбегің мен ақылың екі жақтап

(Абай)

### **«Капитансыз ба? Бағыттаушысыз ба? Жолаушысыз ба?» тесті**

Адамның мінезі іс-қимылынан, адамдарға деген қарым-қатынасынан, түрлі жағдайларда ол қабылдайтын шешімдерден және т.б. байқалады. Егер өзіңізді жақсырақ білгіңіз келсе, онда тесттегі жауаптардың әрқайсысының қасына «иә», «жоқ», «білмеймін» деген жауаптарды қойыңыз.

1. Мен өзімнің өмірімде болып жатқан істердің бәріне жауаптылығымды сезінемін.

2. Егер кейбір адамдар өздерінің сәтсіздіктерінің салдары туралы ойлана бермей іс-қимылға көшсе, онда менің өмірімде осынша шешілмеген мәселе болмас еді.

3. Кейде мен өзімді «бақытсыз жұлдыз» астында туғандай сезінемін.

4. Мен маскүнемдер тағдырының солай болғанына олардың өздері кінәлі деп ойлаймын.

5. Мен кей кезде өмірімнің осылай болып қалыптасқанына оған ықпалын тигізген адамдар жауапты деп ойлаймын.

6. Егер мен суық тиіп ауырсам, дәрігерге қаралмай өзімше емделгенді қалаймын.

7. Әйелдерде кездесетін шатақтық, ашуланшақтық қасиеттерге көбінесе басқа адамдар кінәлі деп есептеймін.

8. Кез келген мәселені шешуге болады деп ойлаймын және өміріне үнемі қиындық туғызып жүретіндерді онша түсінбеймін.

9. Басқалардың маған істеген жақсылықтарына ризашылығымның белгісі ретінде, мен адамдарға көмектескенді ұнатамын.

10. Жанжал туындайтын болса, ол жайында ойланып, әдетте өзімді кінәлі сезінемін.

11. Егер қара мысық жолымды кесетін болса, онда көшенің екінші жақ бетіне өтемін.

12. Адам жағдайға қарамастан күшті және дара болу керек деп есептеймін.

13. Мен өзімнің кемшіліктерімді білемін, бірақ айналадағы адамдардың оған кешіріммен қарауын қалаймын.



14. Әдетте, өзгертуге болмайтын жағдайларға мойынсұнамын.

**Қорытынды жасаймыз:**

«Иә» деген әрбір жауапқа 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13 сұрақтары бойынша, «жоқ» деген жауапқа 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 15 сұрақтары бойынша өзіңізге 10 ұпай қойыңыз. «Білмеймін» деген жауапқа - 5 ұпай. Ұпай-лардың жалпы санын есептеңіз.

**100-150 ұпай.** Сіз өз өміріңіздің капитанысыз, өзіңізбен болған жағдайлардың бәріне жауапкершілікті сезінесіз, қиындықтарға мойымайсыз, оларға мән бермей жеңесіз. Сіз алдыңыздағы міндетті көргеннен кейін оны қалай шешу жөнінде ойланасыз. Алайда, осы кезде не сезінесіз, жандүниеніңде не болып жатыр - бұл айналаңыздағы адамдар үшін жұмбақ.

**50-99 ұпай.** Сіз бағыттаушысыз, бірақ қажет болып жатса басқаруды мықты адамдардың қолына беруге дайынсыз. Өз басыңыздағы қиындықтарыңыздың себептеріне баға берер кезде сіз әділсіз. Икемділік, пайымдағыштық пен ізеттілік әр уақытта бойыңыздан табылып отырады. Сізге қатысы жоқ жағдайлар кезінде қажет болса, өзіңізге жауапкершілікті аласыз. Және де сіз оны қай кезде істеу керек екенін білесіз. Өзіңізбен іштей үйлесімді бұзбай, басқа адамдармен де келісімді өмір сүре білесіз.

**49 ұпайға дейін.** Сіз өз өміріңізде жиі «жолаушы» боласыз, тағдыр солай жазды деп, сыртқы күштерге тез көнесіз. Өз қиындықтарыңызға өзіңізден басқалардың бәрін кінәлай-сыз, нағыз тәуелсіздік сізге қол жеткізбестей көрінеді. Алайда, өзге-лермен қатар өмір сүре білесіз.

**Өзіндік жұмыс.**

Өзіңізді тестен өткізіңіз: «**Мен осы шын мәнінде кіммін?**»

Жауап нұсқаларының бірін таңдаңыз:

1. Ым мен ишара дегеніміз, бұлар:

- а) адамның нақты бір жағдайдағы ішкі көңіл-күйінің көрінісі;
- б) сөзді толықтыру;
- в) біздің түйсігіміздің сатқындық көрінісі;
- г)

2. Ерлерге қарағанда әйел адамдарда ым мен ишара неғұрлым айқынырақ білінеді.

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) білмеймін;
- г)

3. Өте жақсы араласатын достарыңызбен қалай амандасасыз?

- а) «Сәлем!» - деп қуанышпен айқай саласыз;
- б) шын жүрекпен қолын қысасыз;
- в) жеңіл төс қағыстырасыз;
- г) қолыңызды көтеріп қана сәлемдесесіз;
- д) бір-біріңіздің беттеріңізден сүйесіз.

4. Дүние жүзіндегі барлық халықтарға ортақ ым мен ишара қайсысы?(Үш жауап белгілеңіз)

- а) бас шайқау;
  - б) бас изеу;
  - в) мұрнын тыржиту;
  - г) мандайды жиыру;
  - д) көз қысу;
  - е) күлімсіреу.
5. Ым мен ишараны дененің қай бөлігі айқынырақ бейнелейді?
- а) аяқтың басы;
  - б) аяқтар;
  - в) қолдар;
  - г) қолдың басы;
  - д) иық
6. Сіздің ойыңызша, бетіңіздің қай бөлігі ым мен ишараға бейімдірек? (Екі жауап белгілеңіз)
- а) маңдай
  - б) қас;
  - в) көз;
  - г) ерін;
  - е) езу.
7. Дүкен витринасының жанынан өткен кезде бейнеңіздің қай тұсына алдымен көңіл аударасыз?
- а) киіміңізге;
  - б) шашыңызға;
  - в) жүрісіңізге;
  - г) сұлбаңызға;
  - д) ешнәрсеге.
8. Егер адам сөйлегенде немесе күлген кезде аузын қолмен жаба берсе, сіздің ойыңызша бұл нені білдіреді?
- а) оның жасыратын нәрсесі бар;
  - б) оның тістері нашар;
  - в) ол бір нәрседен ыңғайсызданады;
9. Сіз әңгімелесіп отырған адамның қай жеріне алдымен көңіл аударасыз?
- а) көзіне;
  - б) аузына;
  - в) қолына;
  - г) отырысына, тұрысына.
10. Егер сөйлесіп отырған адам көзін тайдыра берсе ол сіз үшін нені білдіреді?
- а) жалған айтып тұрғандықты;
  - б) өзіне сенімсіздікті;
  - в) тиянақсыздықты;
11. Нағыз қылмыскерді оның сыртқы пішінінен ажыратуға бола ма?
- а) иә;
  - б) жоқ;
  - в) білмеймін;

12. Ер адам әйел адамды әңгімеге тартты. Оның бұлайша жасау себебі:
- а) әдетте алғашқы қадам ерлер тарапынан жасалады;
  - б) әйел өзінің сөйлескісі келіп тұрғандығын ықтиярсыз байқатып алды;
  - в) үзілді-кесілді қарсылыққа кезігерін сезе тұра батылдық жасады.
13. Сізге адамның сөзі оның қимыл-қозғалысына сәйкес келмейтіндей әсер етті. Сіз қайсысына көбірек сенесіз?
- а) сөзіне;
  - б) қимыл-қозғалысына;
  - в) ол сізде сенімсіздік тудырады;
14. Мадонна немесе Принц сияқты поп-жұлдыздар көрерменге эротикалық сипатта емеурін білдірді. Сіздің ойыңызша оның астары қандай?
- а) жәй сайқымазақтық;
  - б) көрерменді «қыздыру» үшін;
  - в) бұл олардың көңіл-күйінің көрінісі;
15. Сіз жалғыз өзіңіз қорқынышты детективтік кинолента қарап отырсыз. Өзіңізді қалай сезінесіз?
- а) еш қорқынышсыз, байыппен қарайсыз;
  - б) болып жатқан көріністер сізге қатты әсер етеді;
  - в) аса қорқынышты көріністерде көзіңізді жұмасыз;
16. Ым-ишараны бақылауға бола ма?
- а) иә;
  - б) жоқ;
  - в) оның жекелеген элементтерін ғана;
17. Біреуге ұнағыңыз келсе сіз ойыңызды қалай білдіресіз?
- а) көзбен;
  - б) қолмен;
  - в) сөзбен;
18. Сіз қалай ойлайсыз, ым-ишара көбіне
- а) біреуден көріп-үйреніледі;
  - б) ұрпақтан-ұрпаққа беріледі;
  - в) адамда жаратылысынан қалыптасады
19. Ер адамның сақалы болса, сіз үшін бұл ненің белгісі?
- а) ерліктің, айбындылықтың белгісі;
  - б) өз бейнесіндегі ақауларды жасырудың белгісі;
  - в) жалқаулықтың немесе қырынуға ерінудің белгісі.
20. Көптеген адамдар өз беттерінің оң және сол жақтарының бір-бірінен айырмасы бар деп есептейді. Сіз сонымен келісесіз бе?
- а) иә
  - б) жоқ
  - в) тек қана қарт адамдарда кездеседі.
- а алуға бейімсіз. Интуицияңызды дамыта түсіңіз, түйсікке көбірек арқа сүйегеніңіз жен.

2. а-1

б-3

в-0

3. а-4

б-4

в-3

г-2

д-4

4. а-0

б-0

в-1

г-1

д-0

е-1

5. а-1

б-2

в-3

г-4

д-2

### ***ұпайларды есептеңіз***

**55-тен жоғары ұпай.** Сіздің интуицияңыз өте керемет! Сіздің өзгелерді түсіну қабілетіңіз жоғары деңгейде, байқампаз, сезімталсыз. Алайда, сіз ой тұжырымдауларыңызда осы сапаларға тым сенім артасыз да айтылған сөздерді назардан тыс қалдырасыз. Күле қараған адамға сенуге дайын тұрасыз. Тез «үкім шығарғыштығыңыз» сіз үшін қауіпті қасиет болып табылады. Егер осы жағын түзесеңіз, адамдарды танып білуге үйренудегі сіздің мүмкіндіктеріңіз мол.

**55-34 ұпай.** Сізге өзгелердің мінез-құлқын бақылау өте ұнайды және сіз сыртқы қимылы мен ым-ишарасы арқылы адамның ішкі дүниесіне тым тәуір түсініктеме бере аласыз. Бірақ, сіздің осы мәліметтерді өмірде, мәселен, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатуда, нақты пайдалану білігіңіз жеткіліксіз. Сіз айтылғанды сөзбе-сөз қабылдап, оларды басшылыққ

**34 ұпайдан аз болса.** Өкінішке орай, ым мен ишара тілі сіз үшін түсінікті емес. Сізге адамдарды бағалау аса қиын. Әңгіме сіздің қабілетсіздігіңізде емес, сіздің бұған мән бермейтіндігіңізде. Өзіңізді қоршаған адамдардың қимыл-қозғалыстарына арнайы көңіл бөлуге, бақылап үйренуге тырысыңыз. «Ымға

түсінбеген дымға түсінбейді» -деген мақалды есте ұстаңыз. Басқаның жан дүниесін аз да болса түсіне білу - жалғыздықтың құрығына ілікпрудің бірден-бір жолы.

Тым аз ұпай жинаған жағдайда да аса қапаланбаңыз. Кез -келген тест соңғы үкім емес, ол тек ойлануға итермелейді.

### **Қорытындылау.**

А.С. Сухомлинский «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге сарай ашылған үлкен терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі өмірімен ұштасып, қоршаған дүние туралы түсінікі алады. Ойын дегеніміз – ұшқын , білімге құштарлық пен еліктеудің жанар оты» деген сөзімен аяқтаймыз.

### **Үй тапсырмасы**

1. Сүйікті әндерге берілетін сипаттамалар секілді адамның жан дүниесі туралы түсінік алуға бола ма?
2. Сіздің топта кім қандай әншілерді ұнататынын анықтаңыз. Әуендік талғам белгісі бойынша шағын топтарға бірігіңіздер және келесі сабаққа әнмен сәлемдеме дайындаңыздар.
3. Жүсіп Баласағұн, Қыдырғали Жалаири, Сырым шешеннің адамдық қарым-қатынас, өзін ортада қалай ұстау керектігі жөнінде айтқан ақыл-кеңестерін, өсиеттерін оқып шығып, топпен пікір алмасыңыздар.

### **Рефлексия.**

#### **«Сыйлық» жаттығуы**

**Нұсқау:** қатысушылар бір-біріне мимика, жест арқылы сыйлық сыйлайды. Сұрақтарыңыз жоқ болса, сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!

### **«Капитансыз ба? Бағыттаушысыз ба? Жолаушысыз ба?» тесті**

#### **Жауап парағы**

**Күні** \_\_\_\_\_

**Уақыты:** \_\_\_\_\_

#### **Нұсқау:**

Құрметті білім алушы! Жалпы берілген сұрақ саны 14. Адамның мінезі іс-қимылынан, адамдарға деген қарым-қатынасынан, түрлі жағдайларда ол қабылдайтын шешімдерден және т.б. байқалады. Егер өзіңізді жақсырақ білгіңіз келсе, онда тесттегі жауаптардың әрқайсысының қасына «иә», «жоқ», «білмеймін» деген жауаптарды қойыңыз.

<b>№</b>	<b>Сұрақтар</b>	<b>иә</b>	<b>жоқ</b>	<b>білмеймін</b>
1	Мен өзімнің өмірімде болып жатқан істердің бәріне жауаптылығымды сезінемін			
2	Егер кейбір адамдар өздерінің сәтсіздіктерінің			

	салдары туралы ойлана бермей іс-қимылға көше, онда менің өмірімде осынша шешілмеген мәселе болмас еді			
3	Кейде мен өзімді «бақытсыз жұлдыз» астында туғандай сезінемін			
4	Мен маскүнемдер тағдырының солай болғанына олардың өздері кінәлі деп ойлаймын			
5	Мен кей кезде өмірімнің осылай болып қалыптасқанына оған ықпалын тигізген адамдар жауапты деп ойлаймын			
6	Егер мен суық тиіп ауырсам, дәрігерге қаралмай өзімше емделгенді қалаймын			
7	Әйелдерде кездесетін шатақтық, ашуланшақтық қасиеттерге көбінесе басқа адамдар кінәлі деп есептеймін			
8	Кез келген мәселені шешуге болады деп ойлаймын және өміріне үнемі қиындық туғызып жүретіндерді онша түсінбеймін			
9	Басқалардың маған істеген жақсылықтарына ризашылығымның белгісі ретінде, мен адамдарға көмектескенді ұнатамын			
10	Жанжал туындайтын болса, ол жайында ойланып, әдетте өзімді кінәлі сезінемін			
11	Егер қара мысық жолымды кесетін болса, онда көшенің екінші жақ бетіне өтемін			
12	Адам жағдайға қарамастан күшті және дара болу керек деп есеп-теймін			
13	Мен өзімнің кемшіліктерімді білемін, бірақ айналадағы адамдардың оған кешіріммен қарауын қалаймын			
14	Әдетте, өзгертуге болмайтын жағдайларға мойынсұнамын			

### «Мен осы шын мәнінде кімін?» тесті

**Жауап парағы**

**Күні** \_\_\_\_\_

**Уақыты:** \_\_\_\_\_

## **Нұсқау:**

Құрметті білім алушы! Жалпы берілген сұрақ саны 20. Жауап нұсқаларының бірін таңдаңыз:

**1.** Ым мен ишара дегеніміз, бұлар:

- а) адамның нақты бір жағдайдағы ішкі көңіл-күйінің көрінісі;
- б) сөзді толықтыру;
- в) біздің түйсігіміздің сатқындық көрінісі;

**2.** Ерлерге қарағанда әйел адамдарда ым мен ишара неғұрлым айқынырақ білінеді.

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) білмеймін;

**3.** Өте жақсы араласатын достарыңызбен қалай амандасасыз?

- а) «Сәлем!» - деп қуанышпен айқай саласыз;
- б) шын жүрекпен қолын қысасыз;
- в) жеңіл төс қағыстырасыз;
- г) қолыңызды көтеріп қана сәлемдесесіз;
- д) бір-біріңіздің беттеріңізден сүйесіз.

**4.** Дүние жүзіндегі барлық халықтарға ортақ ым мен ишара қайсысы? (Үш жауап белгілеңіз)

- а) бас шайқау;
- б) бас изеу;
- в) мұрнын тыржиту;
- г) мандайды жиыру;
- д) көз қысу;
- е) күлімсіреу.

**5.** Ым мен ишараны дененің қай бөлігі айқынырақ бейнелейді?

- а) аяқтың басы;
- б) аяқтар;
- в) қолдар;
- г) қолдың басы;
- д) иық

**6.** Сіздің ойыңызша, бетіңіздің қай бөлігі ым мен ишараға бейімдірек? (Екі жауап белгілеңіз)

- а) маңдай
- б) қас;
- в) көз;
- г) ерін;
- е) езу.

**7.** Дүкен витринасының жанынан өткен кезде бейнеңіздің қай тұсына алдымен көңіл аударасыз?

- а) киіміңізге;
- б) шашыңызға;
- в) жүрісіңізге;
- г) сұлбаңызға;
- д) ешнәрсеге.

**8.** Егер адам сөйлегенде немесе күлген кезде аузын қолмен жаба берсе, сіздің ойыңызша бұл нені білдіреді?

- а) оның жасыратын нәрсесі бар;
- б) оның тістері нашар;
- в) ол бір нәрседен ыңғайсызданады;

**9.** Сіз әңгімелесіп отырған адамның қай жеріне алдымен көңіл аударасыз?

- а) көзіне;
- б) аузына;
- в) қолына;
- г) отырысына, тұрысына.

**10.** Егер сөйлесіп отырған адам көзін тайдыра берсе ол сіз үшін нені білдіреді?

- а) жалған айтып тұрғандықты;
- б) өзіне сенімсіздікті;
- в) тиянақсыздықты;

**11.** Нағыз қылмыскерді оның сыртқы пішінінен ажыратуға бола ма?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) білмеймін;

**12.** Ер адам әйел адамды әңгімеге тартты. Оның бұлайша жасау себебі:

- а) әдетте алғашқы қадам ерлер тарапынан жасалады;
- б) әйел өзінің сөйлескісі келіп тұрғандығын ықтиярсыз байқатып алды;
- в) үзілді-кесілді қарсылыққа кезігерін сезе тұра батылдық жасады.

**13.** Сізге адамның сөзі оның қимыл-қозғалысына сәйкес келмейтіндей әсер етті. Сіз қайсысына көбірек сенесіз?

- а) сөзіне;
- б) қимыл-қозғалысына;
- в) ол сізде сенімсіздік тудырады;

**14.** Мадонна немесе Принц сияқты поп-жұлдыздар көрерменге эротикалық сипатта емеурін білдірді. Сіздің ойыңызша оның астары қандай?

- а) жәй сайқымазақтық;
- б) көрерменді «қыздыру» үшін;
- в) бұл олардың көңіл-күйінің көрінісі;

**15.** Сіз жалғыз өзіңіз қорқынышты детективтік кинолента қарап отырсыз. Өзіңізді қалай сезінесіз?

- а) еш қорқынышсыз, байыппен қарайсыз;
- б) болып жатқан көріністер сізге қатты әсер етеді;
- в) аса қорқынышты көріністерде көзіңізді жұмасыз;

**16.** ЫМ-ишараны бақылауға бола ма?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) оның жекелеген элементтерін ғана;

**17.** Біреуге ұнағыңыз келсе сіз ойыңызды қалай білдіресіз?

- а) көзбен;
- б) қолмен;
- в) сөзбен;

**18.** Сіз қалай ойлайсыз, ым-ишара көбіне



- а) біреуден көріп-үйреніледі;
  - б) ұрпақтан-ұрпаққа беріледі;
  - в) адамда жаратылысынан қалыптасады
- 19.** Ер адамның сақалы болса, сіз үшін бұл ненің белгісі?

- а) ерліктің, айбындылықтың белгісі;
- б) өз бейнесіндегі ақауларды жасырудың белгісі;
- в) жалқаулықтың немесе қырынуға ерінудің белгісі.

**20.** Көптеген адамдар өз беттерінің оң және сол жақтарының бір-бірінен айырмасы бар деп есептейді. Сіз сонымен келісесіз бе?

- а) иә
- б) жоқ
- в) тек қана қарт адамдарда кездеседі.

\

## Сабақтың технологиялық картасы № 4

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** Адамдар ойнайтын ойындар

**Сабақ мақсаты:** Ғұлама ғалымдар мен ойшылдардың сөздерін талдату арқылы, тест жұмыстармен өзіндік тапсырмаларды беру арқылы ойынның маңызын көрсету

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** Ғұлама ғалым мен ойшылдардың сөздерін беру арқылы, әр түрлі жаттығулар мен тест тапсырмаларын орындату арқылы, білім алушылардың ойын туралы түсініктерін қалыптастыру.

**Дамытушылық:** Тест тапсырмалары мен қанатты сөздерді талдату арқылы, білім алушылардың аналитикалық ойларын, сондай-ақ танымдық процестерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Б.Момышұлы, Пифагор, А.Мандзони, Анджей Стек сияқты белгілі тұлғалардың қанатты сөздерін талдату, саралау арқылы білім алушыларды адамгершілікке, өмірдің қиындық-тарына төзе білуге көмектесу.

**Сабақтың типі:** Жаңа білімді дамыту, қалыптастыру

**Сабақтың түрі:** дәріс

**Оқыту әдістері:** сұрақ-жауап, топтық жұмыс,

**Әдістемемен қамтамасыз ету:** таратпа материалдары, дәптер

**Жабдықталуы:** интерактивті тақта, презентация

**Таратпа материалдар:** тапсырмалар, тест сұрақтары.

**Пәнаралық байланыс:** психология, педагогика, философия

**Пайдаланатын әдебиеттер:**

1. Б.Қ. Дамитов "Өзін-өзі тану" оқулығы, Ғаламтор желісі.
2. Ж.Б. Қажығалиева, Р.О. Изғұттынова "Өзін-өзі тану".
3. Өзін-өзі тану ҚР білім және ғылым министрлігі ұсынған. Студенттерге арналған дәптер. А-2003.

### Сабақтың құрылымы

- I. Ұйымдастыру кезеңі: 3 минут
- II. Тақырыптың өзектілігі: 2 минут
- III. Сабақтың мақсатын қою: 2 минут
- IV. Үй тапсырмасын тексеру: 15 минут
- V. «Тірек нүктесі» жаттығуы: 5 минут
- VI. Тапсырма: 5 минут
- VII. «Біз бәріміз балалық шақтанбыз» жаттығуы: 10 минут
- VIII. Сергіту сәті: 3 минут
- IX. Тапсырма: Ой- пікірлерге түсініктеме беру: 10 минут
- X. «Өзіңізді бақылай аласыз ба?» тесті: 10 минут
- XI. Өзіндік жұмыс: «Сіз қандайсыз?» тесті : 15 минут
- XII. Қорытынды: 3 минут

- XIII. Үй тапсырмасы: 2 минут  
XIV. Рефлексия: 3 минут  
XV. Сабақтың аяқталуы: 2 минут

### Сабақ барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлемдесу!

Сәлеметсіздерме! Орындарыңызға отыра беріңіздер.

- Сабақта кім жоқ?

- Кезекші маған кім жоқ екенін жазып беріңіз.

- Дәптерлеріңізге бүгінгі сабақ тақырыбын жазыңыздар.

- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.

Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.

#### II. Сабақтың дәйексөзі:

Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол **өмірді сырлап бояуға**, оған ажар түр беруге, оны әшекейлеп, өрнектеуге **еңбек етеді**.

#### III. Сабақ мақсатын қою

Бүгінгі сабағымыздың мақсаты – Ғұлама ғалымдар мен ойшылдардың сөздерін талдату арқылы, тест жұмыстармен өзіндік тапсырмаларды беру арқылы ойынның маңызын көрсету

#### IV. Үй тапсырмасын тексеру

1. Сүйікті әндерге берілетін сипаттамалар секілді адамның жан дүниесі туралы түсінік алуға бола ма?

2. Сіздің топта кім қандай әншілерді ұнататынын анықтаңыз. Әуендік талғам белгісі бойынша шағын топтарға бірігіңіздер және келесі сабаққа әнмен сәлемдеме дайындаңыздар.

3. Жүсіп Баласағұн, Қыдырғали Жалаири, Сырым шешеннің адамдық қарым-қатынас, өзін ортада қалай ұстау керектігі жөнінде айтқан ақыл-кеңестерін, өсиеттерін оқып шығып, топпен пікір алмасыңыздар.

#### V. «Тірек нүктесі» жаттығу

Әр қатысушы өз бойындағы өзі бағалайтын, өзіне ұнамды, өзі жақсы көретін қасиеттері, жақсы жақтарын, тірек нүктесін атап кетеді. Қатысушылардың бойындағы аталған жақсы қасиеттерге, яғни тірек нүктелеріне, күшті жақтарына түсінік беру міндетті емес. Оған сенудің өзі жеткілікті. Әр қатысушыға 1 минут уақыт беріледі.

#### VI. 1-тапсырма

Өмірде сізге қандай ойындар ойнауға тура келді?

##### *Сұрақтар*

Ойындар қандай жағдайда ойналды?

Сіз не сезіндіңіз?

Ойындар қандай болды: жайлы ма, жайсыз ба?

#### VII. 2-тапсырма

**«Біз бәріміз балалық шақтанбыз» жаттығу**

«Біз бәріміз балалық шақтанбыз»- балалық шақтарыңыз туралы айтып беріңіздер. Онда сіздер қатынасушы, айтушы болдыңыздар ма? Сіз оны ойлағанда не сезінесің қуаныш, таңқалу, қорқыныш, реніш және т.б. Сіздің сүйікті ойыншығыңыз? Оны кім сатып әперді немесе сыйлады?

Талдау: орындау барысында қандай түйсінулер сезіндіңіздер?

### **VIII. Сергіту сәті: бейнеролик**

#### **IX. 3 – тапсырма**

##### **Айтылған ой-пікірлерге түсінік беріңіз**

✚ Ережесіз қимылдау - бұл дүниедегі ең қиын және шаршататын нәрсе (А.Мандзони).

✚ Өмір үлкен ойынға үқсайды: кейбіреулер жарысуға, кейбіреулері сауда жасауға, ал ең бақыттылары бақылауға келеді (Пифагор).

✚ Арпалысып жүріп алған абырой  
Өмірдің ең шірін рақаты (Б.Момышұлы).

✚ Қарсылассыз ойнаған жақсы ойнайды (Француздың қанатты сөзі).

✚ Ойынның ережелерін білу керек, алайда оны өзің орнатсаң тиімдірек (Анджей Стек).

#### **X. «Өзіңді бақылай аласыз ба?» тесті**

*Егер тұжырыммен келіссеңіз иә - деп, келіспесеңіз жоқ - деп сызыңыз.*

1. Меніңше басқа адамдарға еліктеу қиын. Иә, жоқ.
2. Мен реті келіп тұрса, басқаларды өзіме қарату үшін немесе оларды күлдіру үшін ақымақтануға бармын. Иә, жоқ.
3. Менен жаман актер шықпайды. Иә, жоқ.
4. Басқа адамдар, мені шын мәніндегіден әлде қайда терең қайғырады деп ойлайды. Иә, жоқ.
5. Мен көптің назарында өте сирек боламын. Иә, жоқ.
6. Әр түрлі адамдармен қарым-қатынаста және әр түрлі жағдайда мен өзімді көбінесе өр қилы ұстаймын. Иә, жоқ.
7. Мен өзім шын сенген нәрсемді ғана қорғай аламын. Иә, жоқ.
8. Істе және адамдармен қарым-қатынаста табысты болу үшін, мен басқалар үміт күткендей болғым келеді. Иә, жоқ.
9. Мені онша ұнатпайтын адамдарға да жылы қабақ таныта аламын. Иә, жоқ.
10. Мен қандай болып көрінсем, өмірде де сондаймын Иә, жоқ.

1,5,7 сұрақтардағы «жоқ» деген жауабыңызға және қалған «иә» деген жауаптарыңызға 1 ұпайдан есептеңіз. Ұпайларды қосыңыз. Егер сіз ашық жауап берсеңіз, онда сіз туралы мынаны айтуға болады:

**0-3 ұпай.** Сізде коммуникациялық бақылау төмен. Сіздің мінез-құлқыңыз орнықты және сіз оны жағдайдың өзгеруіне байланысты жанартып отыруды қажет деп таппайсыз. Сіз қарым-қатынаста өзіңді шынайы көрсетуге қабілеттісіз. Кейбіреулер сіздің мінезіңіздің тіктігіне байланысты «ыңғайсыз адам» деп есептейді.

**4-6 ұпай.** Сізде коммуникативтік бақылау орташа. Сіз шынайысыз, алайда, эмоциялық тұрғыдан ұстамдысыз. Айналаңыздағылармен қа-рым-қатынаста олардың мүддесін ескеріп отырсыз.

**7-10 ұпай.** Сізде коммуникативтік бақылау жоғары. Сіз кез-келген рөлге оңай енесіз, жағдайдың өзгерісіне икемдісіз және араласатын адамдарға тигізетін әсеріңізді алдын-ала болжай аласыз.

**XI. Өзіндік жұмыс.** Өзіңізді тестен өткізіңіз: «Сіз қандайсыз?»

1. Барлық нәрсенің өз құны бар деп есептейсіз бе?

Иә-1 ұпай, жоқ-3 ұпай.

2. Сіз қандай да бір түсті жақсы көресіз бе?

Иә- 2 ұпай, жоқ- 1 ұпай.

3. Өзіңізге өзіңіз күлесіз бе?

Иә- 1 ұпай, жоқ- 2 ұпай.

4. Ортада сізді жақсы көре ме?

Иә- 1 ұпай, жоқ- 4 ұпай.

5. Көп сөйлегенді ұнатасыз ба?

Иә- 2 ұпай, жоқ- 4 ұпай.

6. Өзіңіздің кемшіліктеріңізді жасыра аласыз ба?

Иә- 1 ұпай, жоқ- 3 ұпай.

7. Сізге қарыздар адамдарды тізіп жазып жүресіз бе?

Иә- 2 ұпай, жоқ- 1 ұпай.

8. Адамдарды жақсы ажырата білемін деп ойлайсыз ба?

Иә- 1 ұпай, жоқ- 3 ұпай.

9. Жинақ кітапшасы керексіз деп ойлайсыз ба?

Иә- 2 ұпай, жоқ- 1 ұпай.

10. Тағдыр сізді ренжітті деп ойлайсыз ба?

Иә- 4 ұпай, жоқ- 1 ұпай.

11. Сізді дұшпандарыңыздың сәтсіздігі қуанта ма?

Иә- 3 ұпай, жоқ- 1 ұпай.

Жинаған ұпайларыңызды есептеңіз.

**20 ұпайдан кем.** Жастығыңыздың әсері болар, сіздің мінезіңіз тұрақсыз.

**20 дан- 26-ға дейін.** Өзімшілдігіңіз де бар, бірақ, басқаларға көмекке келуге де дайынсыз.

**27 ден - 31 ұпайға дейін.** Өзімшіл емессіз, бірақ жүрегіңізде жылу жоқ.

**31 ұпайдан жоғары.** Сізге өзімшілдік көзқарастан құтылуға тура келеді.

**XII. Қорытындылау**

Өмір демекші, "Өмір" атты ойынның біз бас кейіпкеріміз. Бұл "Өмір" аталатын ойынның ережесі күрделі. Бұл ойынның жеңімпазы болу үшін біз барымызды саламыз. Бұл ойынның кезеңі де күрделі. Барлық кезеңнен сүрінбей өтсең, өзінді бұл өмірдегі бақытты жанмын дей беруіңе болады

**XIII. Үй тапсырмасы**

Бұқар жыраудың толғауынан үзіндіні, Ш.Құдайбердіұлының «Ұждан» атты әңгімесін, Кенже бидің нақылдары мен Абайдың «Он төртінші» қара сөзін оқып шығып, өз ойларыңызды ортаға салыңыздар.

**XIV. Рефлексия «Сикырлы қарындаш» жаттығуы (3 минут)**

## Сабақтың технологиялық картасы № 5

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** «Үйлесімділік және жанжал»

**Сабақ мақсаты:** Үйлесімді қарым-қатынастың жанжалдан артықшылығын көрсету. Қақтығыстарды шешудің жолдарын үйрету.

**Сабақтың міндеттері:**

**Білімділік:** Білім алушыларға өмірде тек қана жақсылықтар емес, қиын жағдайлар да болғанда адамдардың бір-бірімен түсінісе алмауы, қайшылықтардың өршіп кетуі, пікір алшақтығы, әділетсіз іс-әрекеттер жанжалды тудыратыны жайлы ұғымдар қалыптастыру.

**Тәрбиелік:** Білім алушыларды қақтығыс жағдайларда адамдармен қарым-қатынаста басқаны ызаландыратындай жат қылықтарға жол бермеуге, қамқор болуға, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру ортасын құру.

**Дамытушылық:** Білім алушылардың жанжал – жамандықтың белгісі екенін түсінетіндей қасиеттерін дамыту.

**Оқыту әдістері:** ми белсенділігі, метажоспар, жағдайларды моделдеу, жұптасып жұмыс жасау, тренинг.

**Сабақтың типі:** Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабағы

**Сабақтың түрі:** іскерлік ойын сабағы

**Жабдықталуы:** интерактивті тақта, презентация материалдары.

**Пәнаралық байланыс:** Философия, педагогика, психология.

### Сабақ барысы:

❖ **Ұйымдастыру кезеңі:**

- Сәлемдесу.
- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.
- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.

Өз жеке басын тәрбиелеу дегеніміз.  
Өр адам өз бойындағы адамгершілік қасиетін сақтай білу болып табылады.

И.Кант.

### 1-тапсырма Жанжалдың сипаттамасы

1.«Жанжал» сөзін естігенде пайда болатын бірнеше ассоциацияларды (сезім, көңіл-күй, бағалаулар, образдар) жазыңыздар.

2. Жанжал белгілі бір түс десек, ол қандай болуы мүмкін?

Өмірде кездесетін көп жағдайлардың жанжалға ұласып кету, кетпеуі көбінесе өзімізге байланысты. Істің мәніне байланысты өмірде кездесетін жағдайлардан үш түрлі (ашулы, сенімді, сенімсіз) жауап алатын ойын түрін өткізіп көріңіздер. Қақтығысты оңды шешу үшін өзінді ұстай білудің ыңғайлы жолын таңдау қажет.

Ұсынылған жағдайлар:

Жағдай	Ашулы жауап	Сенімсіз жауап	Сенімді жауап
1. Досыңыз телефон шалды, маңызды бір нәрсе айтпақшы. Бірақ сіздің тығыз жұмыстарыңыз бар, оған уақыт бөле алмайсыз.			
2. Сізге біреу қателесіп телефон соқты. Жарты сағатта бұл әрекет бірнеше рет қайталанды.			
3. Асханада сізге мерзімі өткен тамақ берілді.			
4. Оқытушылардың пікірінше, сіздің біліміңіз «қанағаттанарлық» деген бағадан аспайды, Сіздің көзқарасыңыз басқаша.			
5. Ата-анаңыз сіздің күндік кестеңізді қолдамайды, сондықтан кешкі сағат 21 – ден кешікпей үйде болуыңызды талап етеді.			
6. Сіздің досыңыз сізге бұрығыдай көңіл бөлмейді. Сіз араларыңыздың суынып кету салдарын білмейсіз.			

3. Жанжал барысындағы сезімдік көңіл-күйіңізді дәптерге бейнелеңіз (оны түрлі белгілер және символдармен көрсетуге болады).

4. Өзіңіз тап болған жанжалды жағдайдан қандай сабақ алдыңыз. Ол жайындағы пікірлеріңізді ереже, тілек, ақыл-кеңес түрінде білдіріңіз.

5. Таблицаны толтырыңыз

Жанжалдың жағымды жағы	Жанжалдың жағымсыз жағы

## 2-тапсырма

**Келісетін тұжырымның тұсына белгі қойыңыз:**

*Жанжал жағдайында көп адамдар:*

- Дауласып, айтысады
- Бір-бірін түсінуге ұмтылады
- Бір-біріне көмектеседі
- Бір-біріне айқайлайды
- Ынтымақтасады
- Бір-бірін алдайды
- Бір-бірін зер салып тыңдайды
- Бір-біріне күдікпен қарайды
- Жеңуге тырысады
- Бір-бірін кешіреді
- Бір-бірінің сандарын соқтырып кетеді
- Жымияды
- Бір-бірімен бәсекелеседі
- Бірге жұмыс істейді және жанжалды шешеді
- Бір-бірінің сезімін түсінуге тырысады

- Бір-бірін кінәлайды
- Басқалардан жәрдем сұрайды
- Әңгімені доғаруға тырысады
- Бір-біріне ашуланады

### 3-тапсырма

#### Жанжал жағдайындағы қолданылатын амалдар

Жанжал туа қалған жағдайда өзіңізді қалай ұстай білу керектігі жөнінде түсінігіңіз болғаны дұрыс. Ол үшін алдымен өзіңіздің жеке әрекетіңізді және басқалар қолданатын амал-тәсілдерді анықтай білген маңызды. Мәселен, жанжал жағдайында қандай тәсілді ұстанудың түрлі үлгілері бар. Олардың кейбіреулері төменде қысқаша түрде берілген. Осы үлгілерді қолдана және талдай отыра мәдени құндылықтарды және жанжалды тудырған себептерді есте ұстаған жөн.

#### ӘДІС-АМАЛДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ

<p><b>Бақылау</b> Бұл өзгені бағындыруға бағытталған әдіс, жанжалды не жеңетін, не жеңілетін сайыс ретінде қарастырғанда қолданылады. Жанжал құрбаны немесе жеңілген адам ренжіп, кек алуды мақсат етіп қойған жағдайда бұл ұстаным жанжалды өршітіп жіберуі мүмкін.</p>	<p><b>Бірлесіп әрекет жасау (мәселені шешу)</b> Бұл әдіс «екі жақа да ұтымды» деп те аталады, себебі мәселе екі жақтың сыйластығы және келісімі бойынша шешіледі. Бұл тәсіл көп уақытты қажет еткенмен, екі жақты да риза қылатын ең әділетті және ұзақ мерзімді шешімдерге қол жеткізудің барынша тиімді жолы болып табылады.</p>
<p><b>Мәміле</b> Бұл жанжалда ең жиі қолданылатын амал. Бұл жағдайда екі жақ мүддесі бірдей орындалады. Дегенмен, ол шешім қысқа мерзімді болады. Жанжалдасушыларға одан да жақсы шешімге жетуге болатындығы жәйлі ой маза бермейді.</p>	<p><b>Бейімделу</b> Бұл жақсы қарым-қатынастардың жалғасуын қолдайтын ең маңызды амалдардың бірі. Келіспеушіліктер еленбейді не оған назар аударылмайды, бұл әдістің мақсаты -қайтсе де достық қарым-қатынасты сақтау. Бұл жолмен өмір сүретін адамдар, мәселені шешуге араласпай, тек қана бақылап жүргенді қалайды.</p>
<p><b>Сен тимесең мен тимен</b> Бұл ұстанымның иелері жанжалдан аулақ жүргенді қалайды. Себебі, ондай адамдар саналы түрде талас-тартысқа араласпай, қарсы жақты «сан соқтырғысы» келеді. Бұл жағдайда не мәселе шешілмей қалады, немесе басқаларға «қысым» көрсетіледі, бірақ бұлардың қайсысының брлса да өзіндік салдары бар.</p>	

**Талдау:** Қандай жанжалды жағдайда қалғаныңызды еске түсіріңіз. Жанжалдасқанда өзіңізді қалай ұстадыңыз? Оны шешуде қандай әдіс-амалдарын қолдандыңыз?

### 4-тапсырма

#### Басқа адамның ұстанымын түсінуге көмектесетін ережелер



1. Басқа адамның көздеген мақсаты туралы тұжырым жасама. Адамдар қарсыласының ойында тура өзінің қорқып, қаламайтын нәрсесі түр деп ойлайды.
2. Екінші жаққа кінә тақпаңыз. Кінәлау дегеніміз жүкпалы жаман ғадет, одан арылу керек. Өйткені ол адамды барлық уақытта қорғануға мәжбүр етеді.
3. Әркімнің ұстанымын жеке талқылаңыз.
4. Өзге адамның жағымсыз қылығына оң ықпал жасап көріңіз.
5. Келісімге келуде оған қарсыласыңыздың да үлесі бар екендігіне сендіруге тырысыңыз. Егер адамдар өзінің ойының қабылданғанын сезіп тұрса, келісімге жету оңайырақ.
6. Серіктесіңіздің өз кейпін сақтап қалуына мүмкіндік беріңіз. Жан-жалды шешуде оның себебін өзге адамның көзімен қарап, түсінуден маңызды ешнәрсе жоқ. Егерде сіз басқа адамға ықпал еткіңіз келсе, онда қарсыласыңыз көзқарасының басым қырларын байсалдылықпен түсініп, оны сендіре алатындай эмоциялық қуатты сезінуіңіз қажет.

### **Өзіндік жұмыс**

1. Өзіңізді тестен өткізіңіз.

#### **«Егер сіздің аяғыңызды басса ...» тесті.**

Осы тақырыппен берілген төмендегі тест сізге адамдармен қарым-қатынасыңыздың қандай екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

- 1.1. Қоғамдық көлікте дау-дамай басталды. Сіздің әрекетіңіз қандай болады?

- а) қатыспаймын;
- ә) дұрыс деп тапқан жақты қорғаймын;
- б) жұрттың назарын өзіме аударып, дауға белсеніп кірісемін.

- 1.2. Жиналыстарда басшыларды сынайсыз ба?

- а) жоқ;
- ә) негіз болса ғана;
- б) кез келген себеппен басшыларды ғана емес, оларды қорғайтындарды да сынаймын.

- 1.3. Достарыңызбен жиі айтысасыз ба?

- а) егер олар ренжімейтін болса ғана;
- ә) тек кейбір маңызды мәселелер бойынша;
- б) дауласқанды ұнатамын.

- 1.4. Біреудің кезексіз зат алып бара жатқанын көрсеңіз не істейсіз?

- а) іштей қарсымын, бірақ үндемеймін; ә) ескерту жасаймын;
- б) алға шығып тәртіпті бақылауға ала бастаймын.

- 1.5. Үйде тұзы аздау тамақ берді. Не істейсіз?

- а) көңіл бөлмеймін;
- ә) үнсіз тұз саламын;
- б) мысқылдап ескерту жасаймын, тіпті тамақты ішпей қоюым мүмкін.

- 1.6. Егер көшеде, көлікте аяғыңызды басып кетсе...

- а) кінәлі адамға ашуланып қараймын;
- ә) оған ескерту жасаймын;
- б) түрлі сөздер айтып ұрсып тастаймын.

1.7. Егер сіздің жақын адамдарыңыздың біреуі сізге ұнамайтын затты сатып алса...

- а) үндемеймін;
- ә) сыпайы ғана түсіндіремін;
- б) айқай-шу шығарамын.

1.8. Егер сіз лотерея ойынынан ұтылсаңыз қайтесіз?

- а) мән бермеуге тырысамын, бірақ іштей енді ешқашан қатыспаймын деп өзіме уәде етемін;
- ә) өкінішімді білдіремін, бірақ әзілмен қарымта қайтаруды уәде етемін;
- б) біразға дейін көңіл-күйім бұзылады.

Әрбір «а» - 4 ұпай, «ә» - 2 ұпай, «б» - 0 ұпай жинайды, енді жинаған ұпайларыңызды санаңыз.

**22-ден 32-дейінгі ұпай.** Сіз әдепті және ынтымақшылсыз, айтыс пен жанжалды болдырмаудың, ұжым мен үйдегі қиын жағдайлардың ал-дын алудың жолын білесіз. Сондықтан сіз көңілсіз адамдар қатарына жатасыз. Батылдыққа, тікелей бетке айтуға үйреніңіз.

**12-ден 20 ұпайға дейін.** Сіз жанжалды ұнататын адамсыз. Алайда жанжалдасуға басқа амал қалмаған жағдайда барасыз. Сіз қызмет жағдайына немесе достық қарым-қатынасқа әсер етеді деп ойламастан өз пікіріңізді барынша қорғайсыз. Дегенмен тіл тигізгенге дейін жетіп шектен шықпайсыз. Сізді сол үшін сыйлайды.

**10 ұпайға дейін.** Дау-жанжалсыз өмір сүре алмайсыз. Басқаларға сын айтқанды ұнатасыз, бірақ өзіңізге сын айтқандарды «тірідей жеп қоюға» барсыз. Сіздің сыныңыз пайда үшін емес, сып үшін. сіздің шын достарыңыздың аздығы сондықтан емес пе? Қысқасы, шатақ мінезден арылу керек.

**Үйге тапсырма:** Шетел сөздігінен «толеранттық» және «парадигма» сөздерін табыңыз. Дәптерге олардың анықтамалары мен түсіндірмесін жазып алыңыз.

## Сабақтың технологиялық картасы № 6

**Пән:** Өзін-өзі тану

**Тақырып:** «Сабырлылық»

**Сабақ мақсаты:** Өмірдегі жағдайларды сабырлылықпен қабылдаудың қажеттілігіне көз жеткізу, сана құндылығын қалыптастыру, дүниетанымның діни, көркем, этикалық, әсемдік тұрғысынан түсініп қабылдаудың табиғи айырмашылықтарын көрсету.

**Оқыту әдістері:** ми белсенділігі, рөлдік ұқсастық, релаксация, идеяларды сраптап баяндау, тренинг.

**Сабақтың типі:** Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру сабағы

**Сабақтың түрі:** іскерлік ойын сабағы

**Әдістемемен қамтамасыз ету:** дәптер, хрестоматия, тақта.

**Жабдықталуы:** интерактивті тақта, презентация материалдар.

**Пәнаралық байланыс:** Философия, педагогика, психология

### Сабақ барысы:

#### ❖ Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлемдесу.
- Кабинет тазалығын бақылау, білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.
- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.

#### ❖ Дәйексөз

Жазғырмас бұрын, әрқашан кешіру мүмкіндігін ойластыру керек.

(Лихтенберг)

#### Сәлемдесу

Сіз адаммен қалай сәлемдесетініңізді көрсетіңіз.

- а) осының алдында ғана сіз онымен жанжалдасып қалып, келісімге келе алмағансыз;
- ә) сіз оны адал адам деп есептемейсіз;
- б) онымен әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынас туралы көзқарастарыңыз әртүрлі;
- в) сізбен ой-пікірі бірге адам;
- г) сіздің жақын досыңыз (кұрбыңыз);
- д) сізге жақында ғана үштік баға қойған оқытушыңыз;

*Амандасуды бағалайтын сұрақ:* біз өмірдегі қарапайым жағдайда әдептің жалпы қалыбын сақтайтын кезде өзіміздің сезімдерімізді білдіруге неліктен бейім тұрамыз?

#### Оқытушының сөзі

Біз басқа адамдардың ұстанған қағидаларын қабылдамайтындықтан, олардың табысқа жету жолдарын, істеген ісін, дүниеге және адамдарға деген көзқарасын, тіпті сыртқы түрлерін де ұнатпаймыз. Бізге олардың сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы немесе тағы басқалары да ұнамауы мүмкін. Егер өмірдегі ұстанған қағидаларын жақтырмайтын адамдармен бір ортада болуға мәжбүр болсақ (бір

ұжымда, көрші немесе туысқан болсақ) біз олармен қалай қатынас жасауымыз керек?

Неге көптеген діни, мәдени, философиялық көзқарас жүйелері төзімділікке, кеңпейілділікке, кешірімді болуға шақырады?

Адамдар бір-бірінен кешірім сұрап және татуласуға ұмтылатын қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер? Осы ғұмырлық өнегенің адамгершілік мағынасы неде?

### ❖ Тактадағы жұмыс

Студенттерге «сабырлылық» терминінің мәнін ашатын ассоциациялық немесе мағыналас сөздерді тактаға тізіп жазуды ұсыныңыз.

### ❖ 1-тапсырма

#### Келтірілген ой-пікірлерге бірлесе отырып түсінік беру

- Сабыр, ақыл-парасаттың белгісі,  
Ақылсыз жан хайуанмен тең кісі. (Ж.Баласағұн)
- Жетеді сабыр қылған тілегіне,  
Иеді ақырында темірді де. (Кұтып)
- Адамдар бір-бірі үшін өмір сүреді. (Марк Аврелий)
- Адамдарды жақсы көру үшін, олардан аз күту керек. (Гелвеций)
- Адам жалғыз қалғанда ғана өзінің қандай екенін біледі. (А.Шопенгауэр)
- Мен адаммын, сондықтан да адамға тән қасиеттер маған жат емес. (Теренций)
- Өз сеніміне басқалар күмәнданады деп қорыққандар, оған өзі сенбегені. (У.Филлипс)
- Өз ісіңмен, өнегенмен Адам бол,-  
Сосын қанатты періште болуды армандай бер! (Саади)
- Бөлектену бізді әрдайым көпшіліктің назарында болудан сонымен бірге олармен санасудан да құтқарады. (А.Шопенгауэр)

### ❖ 2-тапсырма

#### Жұптасып жаттығу жасау

Айтылған сөздердің мағынасын қайта тұжырымдап өзгертіп жазыңыздар (бұйрықты - өтінішке, қоқан-лоқыны - кеңеске, уағызды - бағыт көрсетіп жіберуге, ақыл беруді - үлгіге және т.б. алмастырыңыздар).

#### Қарым-қатынас проблемалары

#### Қарым-қатынасқа не кедергі болады?

Бұйрық	Сен ..... тиіссің.
Қоқан-лоқы	Егер сен ... онда
Сен одан да	
Уағыз	Сенің парызың .....
Ақыл беру	Сенің дұрыс емес жерің мынада...
Бағыт көрсетіп жіберу	Мен сенің орнында болсам...

Үкім шығару  
Ақталу  
Болжам жасау  
Қазбалап сұрау

Сенің шашың өте ұзарып кеткен екен...  
Бұл оншалықты жаман емес...  
Мен саған не керек екенін білемін...  
Неге? Не? Қайда?

### ❖ 3-тапсырма

«Мен» және «Сен» тұрғысынан сөйлеу.

Жағымсыз жағдай бірнеше рет қайталанып және оны сіз талқылауға тура келген сәтте қолданылатын «Конструктивті сын формуласы» мысалы. Әңгімені келесі сөзден бастаған жөн:

Мен.....сезінемін.

Мен.....қатты уайымдаймын.

Сонда сен.....

### ❖ 4-тапсырма

#### Жаттығу

Діни қағидаларда адамдар арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын әмбебап ұстанымдар бар:

- Христиандық: Өзіңе жақынды, өзіңдей жақсы көр.
- Буддизм: өзің зұлымдық деп есептейтін нәрсені, басқаларға жасама.
- Индуизм: Сені қинайтын нәрсені, басқаға жасама.
- Иудаизм: Өзің жек көретін нәрсені, басқаға жасама.
- Даосизм: Жақын адамның табысын өз табысың деп сана, оның жоғалтқанын - өзіңнің жоғалтқаның деп сана.
- Ислам: өзіне тілеген тілегін өзінің бауырларына тілемейтін адамды құдайға сенетін адам деуге болмайды.

1. Осы өсиеттер нені құптамайтындығы жөнінде ойланыңыз. Осы өсиеттер қарым-қатынастардағы қандай адамгершілік қасиеттерді қолдайды?

2. Сіз үшін олардың қайсысы маңыздырақ?

### ❖ 5-тапсырма

#### Ымыраға жетудің алгоритмдік жолдары

-Осы жанжалды шешкім келе ме? (Мәселені шешуге дайын бол)

-Мен осы жағдайды толық білемін бе, әлде білетінім тек өзіме қатыстысы ғана ма? (кеңірек қара)

-Өзгелердің мүдделері мен қорқыныштары қандай? Оларды мейлінше дәйекті сипаттаңыз.

-Әділ шешім қандай болады? (Осы туралы сөйлесейікші).

Шешім нұсқалары (Оларды барлық қатысушылардың мүдделеріне мейлінше жауап беретіндей етіп жан-жақты ойластырыңыз)

-Біз осыны бірігіп шеше аламыз ба? (Істі тең бөліп атқарайық)

-Не сеземін? (Мен өте әсерленгішпін, сондықтан :

а) фактілерді ескере алар ма екенмін?

ә) эмоцияларға ерік беріп алмаймын ба?

б) өз сезімдеріммен бөлісе аламын ба?).

-Нені өзгерткім келеді? (Шыншыл бол. Жеке адамға емес, мәселеге қатысты айт).

-Менің алдымда қандай жаңа мүмкіндіктер бар? (Артық-кем тұстарын екшеле).

-Мен олардың орнында болсам өзімді қалай сезінер едім? (Оларға түсінушілікпен қара).

-Бізге бейтарап арашашы керек пе? (Бұл бір-бірімізді жақсы түсініп, екі жаққа да қолайлы шешімге келуге жәрдемдесе ме?). Екеуміз де қалай ұта аламыз? (Барлық қатысушылардың мүдделерін ескеретін шешімдерді іздестір).

### ❖ **Өзіндік жұмыс**

1. Бұрын ренжіткен адамдарыңызды еске түсіріңіз. Мүмкін болса олардан кешірім сұраңыз. Ондай мүмкіндігіңіз болмаса - сол адамдармен ойша сөйлесіп, олардан кешірім сұраңыз.

2. Кешірім туралы айтылатын белгілі ән, романс, өлең жолдарын есіңізге түсіріңіз. Сол жолдарды дәптерге жазыңыз.

---

---

---

---

---

---

---

Төменде келтірілген ойларға түсініктеме беріңіз:

-Біз әрбір жеке әрекеттен қандай рахат және қандай азап туатынын біліп алуға, артынша көретін рахатымыз және белгілі уақыт өткеннен кейін көретін азабымыз бұлардың қайсысына байланысты екенін ажырата білуге тиіспіз.

(Әбу Насыр әл Фараби)

-Ашу - дұшпан, ақыл дос,  
Ақылыңа ақыл қос .

(халық мақалы)

-Зиянды әдеттерден ертең емес, бүгін құтылған жөн.

(Конфуций)

-Адам, қылық, құбылыс, оқиға жайында не ойласаң, соны айт. Біреудің сенен қандай сөздер күтетінін ойлап табуға ешқашан талпынба. Бұл талпыныс сенен екі жүзді, жағымсыз және ақырында оң-баған адам шығаруы мүмкін.

(В.А.Сухомлинский)

-Кішілік пен ақпейілділік - ұлылықтың белгісі.

(М.Кашқари)

-Тәкаппарлықты тәңірі сүймес.

(Қорқыт ата)

-Ешқандай бедел парасатқа үстемдік етуге тиіс емес, керісінше, парасат беделге үстемдік жүргізіп, оны басқарып отыруға тиіс.

(П.Рамус)

## ❖ Жаттығулар

Сіздерге парасат нормаларының бірнешеуін ұсынамын.

1. "Қанға - қан, жаңға - жан" (око за око, зуб за зуб) - алғашқы қауымдық әділеттілік принциптері.

2. "Егер бір бетінді ұрса, екінші бетінді де тос" - парасаттылық қағидасы.

Мына жағдайларды екі көзқарас тұрғысынан шешіңіз:

- Жағажайда сізге өте ұнайтын кроссовкаңызды ұрлап кетті.
- Сіздің сүйіктіңіз басқа біреуге еріп кетті;
- Автобуста сіздің аяғыңызды біреу басып кетті;
- Бір қарт кісі қазіргі жастарды, олармен қоса сізді де жерден алып, жерге салып ұрсып жатыр;

Әрбір жағдайдағы сіздің әрекетіңіздің, оның қазіргі және алдағы уақыттағы салдарын көрсетіңіз.

Қай көзқарас дұрыс болып шықты?

Сіз бірінші және екінші қағида бойынша қанша әрекет нұсқаларын таптыңыз?

## ❖ Дәптермен жұмыс

Түсіндіріңіз

Діни қағидаларда адамдар арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын үрдістер бар:

- Христиандық: Өзіңі жақынды өзіңдей жақсы көр.
- Буддизм: Өзің зұлымдық деп есептейтін нәрсені басқалараға жасама.
- Индуизм: Сені қинайтын нәрсені басқаға жасама.
- Иудаизм: Өзің жеккөретін нәрсені басқаға жасама.
- Даосизм: Жақын адамның табысын өз табысың деп сана, оның жоғалтқанын - өзіңнің жоғалтқаның деп есепте.
- Ислам: Өзіне тілеген тілегін өзінің бауырларына тілемейтін адамды құдайға сенетін адам деуге болмайды.

1. Осы өсиеттер нені құптамайды? Адамдар арасында парасаттылыққа негізделген қандай қарым-қатынастарды қолдайды?

2. Өз өміріңізде қандай принципті ең маңызды деп есептейсіз?

## ❖ Жұптасып жаттығу жасау

Өзіңіз парасатты бола алмаған бір жағдайларды есіңізге түсіріңіз (біреуді ренжіттіңіз, дұрыс көңіл бөлмедіңіз, керекті көмек көрсете алмадыңыз және т.б). Өз әріптесіңізге сол жағдайдың мәнін түсіндіріңіз. Өз жұбыңызға өз сезімдеріңізді айтыңыз (сол кездегі және қазіргі). Көз алдыңызға елестетіп көріңіз, алдыңызға – өзіңіздің өрескел мінезіңіз үшін кешірім сұрайтын адамның өзі тұр.

Қалай кешірім сұрайтыныңызды ойластырып, соны дауыстап айтыңыз.

## ❖ Топтық тапсырма Ми белсенділігін арттыру.

1. Біз не үшін кешірім сұраймыз?

2. Адамдар бір-бірінен неге кешірім сұрайды?

3. Жәбірленген адам қалай болады және жәбір көрсеткен адамды алда не күтіп тұруы мүмкін?

4. Кешірімді қандай түрде сұрауға болады?

5. Қай кезде кешірім сұрау керек?

❖ **Ойды жалғастырыңыз (аяқтаңыз)**

..... (неге?) өкініштен ішім удай ашымас үшін,

..... (қалай?) істемеу керек?

«Кешірімді әдетте кім сұрайды – күшті ме, әлде әлсіз адам ба?» деген тақырыпқа **пікірталас**.

❖ **Рөлдік ойын**

Елестетіңіз, сіздің маңызды жұмысыңыз бар, ол үшін тыныштық керек, ойды жинақтап, соған бейімделуіңіз керек. Сіз жатақханада немесе қаладағы пәтерде тұрасыз. Көршілеріңіз музыканы, әндерді қатты дауыспен тыңдауды ұнататын көңілді, жігерлі адамдар. Теледидар, радио дауысын қатты қоймаса нашар еститін қарт кісілер, бимен немесе спортпен шұғылданатын адамдар болуы да мүмкін. Көрші бөлме немесе пәтердегі шудан, сіз ойыңызды жинақтай алмайсыз. Осылай болады-ау деген келіссөздер, қарым-қатынасты реттеу, ескертулер сценарилерін ойнаңыздар.

❖ **Қорытынды**

Адам табиғатты бағындырып, өте күшті техникалық құралдар жасағанмен, жер бетіндегі ең әлсіз тіршілік иесі болып қалады. Дәрекі сөз, қисық мінезімізбен, слқын, менменсіген көзқарасымызбен бір-біріміздің жанымызға жазылмас жара салып, ақыр соңында жақсы сезімдерді жоғалтып, қуат беретін рухани күштерімізден айрыламыз.

Біз адамдық мүмкіндіктеріміздің: көңіл-күй, құштарлық сезім, ақыл, зердемізді бұзылу бағытында емес, дұрыс, лайықты бағытта дамуын неге қалыптастырмай-мыз? Неге біз мүмкіндіктерімізді теріс, қиратушы мақсатқа жұмсаймыз? Неге біз өзімізге де, өзгелерге де зиянкестік жасаймыз, сенбестік, қызғаныш, ашулану сияқты әлсіздік танытамыз?

Тек өзімізге ғана көңіл аударып, сезімталдықпен қарамай, басқа адамдарға да мейірімділік, кеңпейілділік, әділеттілік көрсете білейік. Өзгелердің де мүддесімен санасып, жан дүниесін түсініп, көзқарасын, ісін сабырлы қалыппен қабылдайық! Сонда ғана өз өмірімізді мәнді және сәнді етіп қалыптастыра аламыз. Біз береке бірлікке бірігу арқылы ғана өмірді үйлесімділікке дамытып, қауіпсіздігімізді қамтамасыз етіп, ең бастысы бақытты да жарқын күй кешеміз!

❖ **Үй тапсырмасы**

1. Бір кездері ренжітіп алдым-ау деген адамдарды есіңізге түсіріңіз. Егер мүмкіндік болса, олардан кешірім сұраңыз. Егер ондай мүмкіндік болмаса-сол адамдармен ойша сұхбаттасып және олардан кешірім сұраңыз.

2. Ел арасында кең тараған ән, толғаулар, өлең шумақтарындағы кешірім өтінген жолдарды естеріңізге түсіріңіздер. Оларды дәптергелеріңізге жазып қойыңыздар.



Сабақтың технологиялық картасы № 7

**Тақырып:** Достық, жолдастық, әріптестік.

**Құндылық:** Сүйіспеншілік

**Қасиеттері:** Ізгілік, жауапкершілік, қайырымдылық, қамқорлық.

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушылардың достық, жолдастық, әріптестік ұғымы туралы білімдерін кеңейту, достықтың өмірде алатын орыны мен маңызын түсіндіру.</p> <p><b>Сабақтың міндеттері:</b></p> <p><b>Білімділік:</b> Достық, жолдастық, әріптестік ұғымы туралы түсініктерін кеңейтіп, жаңа ақпараттар беру.</p> <p><b>Дамытушылық:</b> Білім алушылардың өмір сүруге деген жағымды ойлары мен көзқарастарын дамыту.</p> <p><b>Тәрбиелік:</b> Білім алушылардың қоғамдық, қоршаған ортада өз мүмкіншілігін дұрыс пайдалана білуге, адамгершілік тәрбиесіне баулу.</p>	<p><b>Ресурстар:</b> (құралдар, мәліметтер) Интерактивті тақта және т.б.</p>
<p><b>Сабақ барысы:</b></p> <p><b>Ұйымдастыру кезеңі.</b> Тыныштық сәті. Музыка қосылады. «Табиғат үні».</p> <p>Жәймен көзімізді жұмып, мені тыңдаңыздар. Сіз табиғаттың ең көркем жерінде екеніңізді елестетіңіз. Тамаша таңертеңгі ашық күнді елестетіңіз. Сіз тынық та ерекше көлдің жағасындасыз. Тек қана сіздің тыныс алғаныңызбен судың сылдыры ғана естіледі. Күн жарқырап нұрын төккен сайын сіз өзіңізді жақсы сезінесіз. Құстардың сайрағанымен шегірткенің шырылын естисіз. Сіз салмақтысыз. Ауа таза және мөлдір, сіз барлық денеңізбен күн жылуын сезінесіз, сіз осы тыныш таңертеңгі мезгіл сияқты бірқалыпты және қозғалыссыз тұрсыз. Сіз өзіңізді бақытты сезінесіз. Барлық дене мүшелеріңіз күн нұрына бөленуде. Сіз гүлдің, шөптің иісін сезесіз. Көңілді құстар ән салып жатқанын естисіз. Тыныштықта тұрып, өзімізді тыңдайық, табиғат - анамызды тыңдайық. Көзімізді ақырын ашып, қолымызды жайып, бізге өмір, денсаулық, қуаныш және көңіл-күй сыйлаған Табиғат әлеміне «Рахмет» деп айтайық.</p>	<p>Баяу әуен қойылады.</p>
<p>1. <b>Үй тапсырмасы.</b> Үйлесімділік және жанжал тақырыбында: - Конспект тексеру - Жаппай немесе жекелей сұрау</p> <p>Сұрақтар: 1. Жанжал дегеніміз не? 2. Жанжалдың түрлері? 3. Үйлесімділік дегеніміз не?</p>	<p><b>Ескертулер</b> Үй тапсырмаларын айтады, жалғастырады.</p>
<p><b>Жаңа тақырыпты түсіндіру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Достық, жолдастық, әріптестік.</p>	
<p><b>Жоспар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Достық</li> <li>2. Достық ұғымы</li> <li>3. Дос қандай болуы керек?</li> </ol> <p>Дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық. Әр адам дүниеге келгеннен кейін, ес білгеннен-ақ жан дүниесіндегі сырын, мұң-шерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Қандай да бір</p>	

қиындыққа тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, досыңның ақылын тыңдап, шешім таба аласың. Менің ойымша, басқаға жақсы да адал дос болу үшін, ең алдымен, түсінік, адамды тыңдай білу, ақыл бере білу қабілеті жоғары болуы тиіс.

Достық адамдардың ең алдымен бір-біріне сенуінен басталады. Ол артқан сайын, достық та қатая түседі. Ал бір-біріне сенімі жоқ, дегенмен өздерін дос санайтындар да бар, ол жалған достық – бірде бар, бірде жоқ.

«Достық» туралы нақты ой айтқан философ А.Шопенгауэр өзінің «Өмірлік данышпандықтың афоризмдері» деген еңбегінде: *«Нағыз шынайы достық адамдардың бір-бірімен терең, таза және адал қарым-қатынасын қажет етеді.* Бұл дегеніміз – досыңыздың қайғысы мен қуанышына ортақтаса білу деген сөз. Осының бәрі адамның табиғи өзімшілдік, өркөкіректік қасиеттерін жояды» деген. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып, сенің төрт құбыланды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы.

Парсы жазушысы Кабустың әйгілі «Қабуснама» кітабында былай делінген екен: «Ей, перзентім! Мынаны білгейсің: адамға тірісінде доссыз болмайды. Адамның доссыз болғанынан ағайынсыз болғаны жақсы. Бір данышпаннан: «Дос пен ағайынның қайсысы жақсы?» – деп сұрапты. Данышпан «Дос жақсы», - депті. Сол үшін достарыңның ісі жайында ойла, оларға сәлем-сауқат жіберіп тұр және қамқор бол. Себебі, әркім өз досын жадында тұтпаса, достары да оны есінде сақтамайды, ақырында ол доссыз қалатын болады». Және халықта «Алтын берген – дос емес, ақыл берген – дос» деген мақал бар. Достық – бұл өмірдегі еш нәрсемен бағаланбайтын құндылық.

Дос табу оңай, ал оны сақтау қиын. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді. Күнделікті өмірде көңіліңе шапағат сәулесін шашып, сенің төрт құбыланды тең ететін айналаңдағы достарыңның басы бұзылмағаны қандай жақсы.

Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.

**Достық** – адамдардың бір-бірін жаны қалап, шын жақын көріп, қалтқысыз сеніп, тілектес, мұраттас болуы. Ерте заманның ойшылы және асқан шешен Цицерон: «Достық өз бойына қаншама сан алуан пайдалы нәрселерді біріктірген десеңізші! Қайда барсаңыз да ол сізге қызмет етеді, ол барлық жерде бар, ол ешқашан да мезі қылмайды, ешқашан да орынсыз килігетін жері болмайды; ол сәттілікке жаңа сәулет береді, ол ортақтасқан сәтсіздіктер де көп мөлшерде өзінің уытын жоғалтады» – дейді.

Достық – адамның, өмірдің өзіндей сан бояқты, көп қырлы, қасиетті, сондықтан бірер сөзбен оның анықтамасын беру мүмкін емес.

Қай кезде, қай жаста болса да, адам өміріндегі достықтың орны бөлек. Сондықтан оған өте жауапкершілікпен, байсалды қарау қажет.

<p>Ф.Франклин айтқандай, досты асықпай таңдау қажет.  Достықтың негізі – достардың өмірге көзқарастары мен түсініктерінің ұқсастығы, бірлігі.  Дос қандай болу керек?  Адал  Жомарт  Адамгершілігі мол  Қарапайым  Мейірімді  Дос кешірімді  Төзімді  Ақылды  Сабырлы  Салмақты  Кек сақтамау  Ашықтық, бүкпесіздік</p> <p>Келісімге келу бұл досың мен әр уақытта тату болу, бірлік те болуды білдіреді. Татулық, бірлік болған жерде береке, ырыс, молшылық болады және де ұрыс-керіс, дау-жанжал аз болады.</p> <p>Шынайы достық қандай да болмасын өмірлік жағдайларда досыңа көмекке келіп, оны қолдай білуді талап етеді. Өзінің досынан белгілі бір нәрселерді қажет ететін адам шынайы достыққа лайық емес.</p> <p>Бұрын адал достық ең жоғарғы адами құндылық саналатын, сондықтан оны белгілі ақындар жырға қосқан. Біздің ойымызша, бұрын достыққа үлкен сезіммен және жауапкершілікпен қараған. Достық үшін құрбан болуға да дайын болған. Бұрын асыл қасиет саналған достық бүгінде жай ғана қарым-қатынас немесе іскери байланыспен ғана шектеледі. Яғни, қазіргі таңдағы қарым-қатынас киноға бару және бірге отырып теледидар қарау шеңберінде қалған сияқты.</p> <p>Мүмкін бізге достар да, достық та қажет емес шығар?  Әрине, жоқ! Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет. Достық – бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық. Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын. Достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтау керек. Өйткені ол да баптауды қажет ететін нәзік өсімдік сияқты. Біздер достықты сақтау үшін жан-тәнімізбен еңбектенбеуіміз керек. Қайтарымын қажет етпей, берудің жолдарын үйрену керек. Сенім мен жарқын көңіл – достықты берік ететін тірек саналады. Өзі шынайы дос бола білген адамның достары да көп болады және жер бетінде өзін жалғыз сезінбейді.</p> <p>Ал, оқушылардың достарымен тіл табыса алуы үшін адам бойында адамгершілік қасиеттер мол болуы қажет, адам кешірімшіл, әр уақытта досыңа көмектесуге дайын болуы керек деген ой білдірді. Және мінездерін басқара алып досыңның қиындықтарына үнемі көмектесе отырып, алдамай, өтірік-өсектен аулық болу керек. Оқушылардың ойларын «Достасудан – бірлік, бірліктен – тірлік, тірліктен – жеңіс, жеміс, қуаныш, бақыт туындайды» деумен қорытындылауға болады.</p>	
<p><b>Дәйексөз.</b>  Доссыз қалу - бақытсыздық ең үлкені.</p> <p style="text-align: right;"><i>Даниель Дефо</i></p> <p>Тұрақтылы болмаса, достықтың да, махаббаттың да құны жоқ.</p>	

<p style="text-align: right;"><i>Джозеф Аддисон</i></p> <p>Бөтенге шексіз сеніп қалудан сақтан, дос деп құрмет тұтып жүрген адамыңның өзі сені сатып кетуі мүмкін.</p> <p style="text-align: right;"><i>Омар Хайям</i></p> <p>Басқа келген бақтың тәтті дәмі достармен бөліскенде арта түседі.</p> <p style="text-align: right;"><i>Аристотель</i></p> <p>Өмір сүрудің екі заңын білген адам бақытты болар. Бірі - не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын жан; бірі - кім болса, сонымен дос болмай, айналысындағы достарын жөнімен таңдай білетін адам.</p> <p style="text-align: right;"><i>Омар Хаям</i></p> <p>Достар - бөлек тәнде өмір сүретін, бір адам.</p> <p style="text-align: right;"><i>Аристотель</i></p> <p>Дүниенің бар байлығына ие болса да, ешқандай адам өзінің доссыз қалуын қаламайды.</p> <p style="text-align: right;"><i>Аристотель</i></p> <p>Достық - асықпай өсетін өсімдік секілді. Ол пісіп жетілуі үшін талай сыннан өтуі керек.</p> <p style="text-align: right;"><i>Джордж Вашингтон</i></p>	
<p style="text-align: center;"><b>«Достық суреті» жаттығу. Достық туралы видеоролик</b></p> <p>Балаларға достықтың бейнесін салу ұсынылады.</p> <p>Талқылау.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- достықты бейнелі түрде суреттеу оңай ма?</li> <li>- көбіне қандай түстерді пайдаландың? Неге?</li> <li>- тапсырманы орындағанда қандай сезімде болдыңыз?</li> </ul> <p style="text-align: center;"><b>«Хабарландыру» жаттығу</b></p> <p>Балаларға хабарландыру жазу ұсынылады: «Дос іздеймін» Онда өздеріңнің негізгі қызығуларың, сүйікті істеріңді, бос уақыттарыңды қалай өткізетіңді, басқа адамды қалай қызықтыратыңды, оған қандай көмек бере алатыныңды жазу керек. Балалар өз хабарландыруларын кезекпен оқиды. Тапсырманы орындаған соң хабарландыруларды стендқа іледі.</p> <p><b>«Мен досым үшін не істей аламын» жаттығуы.</b> Білім алушылар дәптерге достары үшін не істей алатындарын жазады.</p>	
<p><b>Шығармашылық жұмыс, топтық жұмыс. видеоролик көрсету</b></p> <p><b>Сүйіспеншілік бар жерде.</b></p> <p><i>Топтық жұмыс.</i></p> <p>Мазмұны: Білім алушылар 6 топқа бөлініп, достық туралы мақал-мәтел немесе нақыл сөзге ребус құрайды.</p>	
<p><b>Өзіндік жұмыс</b></p> <p>«Өзіңе хат» білім алушылар өз - өзіне «Сенің жан досың кім» тақырыбында хат жазады.</p>	
<p><b>Топпен ән айту.</b></p> <p><i>Тоқтар Серіков - «Достарым»</i></p> <p>1. Достарыммен шаттанамын мен,  Әр қайсыңмен мақтанамын мен.  Арқа сүйер достарым барда  Атар таңға аттанамын мен.  Сендерсіндер елдің қорғаны  Сендерсіндер жасыл орманым.  Жанымдағы асыл достарым,  Аман - есен жүрсе болғаны.</p>	

<p>Қ-сы  Мынау жарқын өмірде,  Дақ тусірмей көңілге,  Біз жүрейік достарым менің.  Шыдау керек өмірде  Ауырғада жеңілге,  Менің жарқын асыл достарым.  2.Шырқалады бүгін асқақ үн,  Сендерсіңдер жырым дастаным  Аласұрмай жүрсе болғаны,  Алатаудай биік достарым.  Қауырсын боп қанаттарыңа  Шаттанамын бала таңыма,  Өздеріңдей досты сыйлаған  Алғысым көп жаратқаным.</p>	
<p>2. <b>Үй тапсырмасы.</b>  Абайдың алтыншы қара сөзімен, М.Мақатаевтың достық жайлы өлеңдерімен танысып шығыңыз.</p>	
<p><i>«Тілек шамы» жаттығуы</i>  Нұсқау: «Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен бүгінгі «Тілек шамы» жаттығуы. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, сабақ барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.  Бүгінгі сабақ бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сұрақтарыңыз жоқ болса, сабақ аяқталды. Сау болыңыздар!  Бүгінгі керемет сабақ үшін Сіздерге көп рахмет!!!!</p>	

## Сабақтың технологиялық картасы № 8

**Тақырып:** «Махаббат өмір өзегі»

**Құндылық:** Сүйіспеншілік

**Қасиеттер:** Сыйластық, мейірімділік, адалдық, түсіністік, жақсы көру, ізгілік

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Адам өміріндегі махаббаттың рөлі туралы түсінігін тереңдету және құндылық ретінде мәнін аша отырып, білім алушылардың сүйіспеншілік, адалдық, жақсы көру, ізгілік, махаббат және жанашырлық, шынайылық қасиеттерінің мәнін кеңейту.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өмірдің бар жақсылығының негізі махаббат, сүйіспеншілік екенін ұғындыру;</li> <li>- сүйіспеншілік және жанашырлық қарым-қатынастарын, махаббаттың өмірлік мәнді күшіне сенімін, махаббат жолында ізгі әрекет жасау қабілетін, қоршаған ортаны, адамдарды, Отанды, өмірді сүйе білу іскерліктерін дамыту;</li> <li>- оқушыларды өз Отанын, туған жерін, ата-анасын сүйуге, сүйіспеншілікті, махаббатты бағалай білуге, өз Отанын, туған жерін, табиғатын, ұстазын, ата-анасын сүйуге тәрбиелеу.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер. Жабдықта-луы</p>																												
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті <b>Сабақтың түрі:</b> Пікір алмасу</p>																													
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, сергіту сәті, тыныштық сәті, ой толғау, талдау, ән айту</p>																													
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, түрлі-түсті қағазбен бояулар.</p>																													
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0"> <tr><td>1. Ұйымдастыру</td><td>(3 мин)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td>(4 мин)</td></tr> <tr><td>3. Ұй тапсырмасын тексеру</td><td>(12 мин)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td>(3 мин)</td></tr> <tr><td>5. Пікірлесу сұрақтары</td><td>(5 мин)</td></tr> <tr><td>6. Сергіту сәті</td><td>(5 мин)</td></tr> <tr><td>7. Талқылау сұрақтары</td><td>(4 мин)</td></tr> <tr><td>8. Даналық ойлар</td><td>(9 мин)</td></tr> <tr><td>9. Адами қасиеттер жайлы кеңеске назар аударыңыз!</td><td>(7 мин)</td></tr> <tr><td>10. Сергіту сәті</td><td>(5 мин)</td></tr> <tr><td>11. Талқылау сұрақтары</td><td>(3 мин)</td></tr> <tr><td>12. Шығармашылық жұмыс</td><td>(12 мин)</td></tr> <tr><td>13. Топпен ән айту</td><td>(4 мин)</td></tr> <tr><td>14. Ұй тапсырмасы</td><td>(2 мин)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру	(3 мин)	2. Тыныштық сәті	(4 мин)	3. Ұй тапсырмасын тексеру	(12 мин)	4. Дәйексөз талдау	(3 мин)	5. Пікірлесу сұрақтары	(5 мин)	6. Сергіту сәті	(5 мин)	7. Талқылау сұрақтары	(4 мин)	8. Даналық ойлар	(9 мин)	9. Адами қасиеттер жайлы кеңеске назар аударыңыз!	(7 мин)	10. Сергіту сәті	(5 мин)	11. Талқылау сұрақтары	(3 мин)	12. Шығармашылық жұмыс	(12 мин)	13. Топпен ән айту	(4 мин)	14. Ұй тапсырмасы	(2 мин)	
1. Ұйымдастыру	(3 мин)																												
2. Тыныштық сәті	(4 мин)																												
3. Ұй тапсырмасын тексеру	(12 мин)																												
4. Дәйексөз талдау	(3 мин)																												
5. Пікірлесу сұрақтары	(5 мин)																												
6. Сергіту сәті	(5 мин)																												
7. Талқылау сұрақтары	(4 мин)																												
8. Даналық ойлар	(9 мин)																												
9. Адами қасиеттер жайлы кеңеске назар аударыңыз!	(7 мин)																												
10. Сергіту сәті	(5 мин)																												
11. Талқылау сұрақтары	(3 мин)																												
12. Шығармашылық жұмыс	(12 мин)																												
13. Топпен ән айту	(4 мин)																												
14. Ұй тапсырмасы	(2 мин)																												
<table border="0"> <tr><td>15. Рефлексия</td><td>(5 мин)</td></tr> <tr><td>16. Қорытындылау</td><td>(3 мин)</td></tr> <tr><td>17. Соңғы тыныштық сәті</td><td>(4 мин)</td></tr> </table>	15. Рефлексия	(5 мин)	16. Қорытындылау	(3 мин)	17. Соңғы тыныштық сәті	(4 мин)																							
15. Рефлексия	(5 мин)																												
16. Қорытындылау	(3 мин)																												
17. Соңғы тыныштық сәті	(4 мин)																												

<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	<p>Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.</p>
<p>➤ <b>Тыныштық сәті. Нұрға бөлену</b></p> <p>Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.</p> <p>➤ Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды. Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді. Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз... Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз. Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.</p>	<p>Аутотренинг өткізу. Баяу әуен.</p>
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Мен өзімді сүйемін, себебі...» тақырыбына эссе жазу;</li> <li>➤ Біржан салдың «Ер жігіт дүниені көргені артық»,</li> <li>➤ М.Шахановтың «Ғашықтық ғаламаты»,</li> </ul>	<p>Сабаққа дайындығын тыңдау.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ - М.Мақатаевтың «Ғашықпын»,</li> <li>➤ - Қ.Мырзалиевтың «Ғашықтық жәйін қозғама»,</li> <li>➤ - Р.Ғамзатов пен Т.Мәтмұратовтың өлеңдері</li> </ul>	<p>талдау, бағалау, мадақтау.</p>

<p><b>Дәйексөз.</b> «Сүйіспеншілік — жүректен».</p> <p style="text-align: right;">Ш.Құдайбердіұлы</p> <p>Махаббат - риясыздық атаулының қайнар көзі деген сөзді қалай түсінесіздер?</p> <p>Сүйіспеншілік адамның әр ісінде, оның айналадағы қоршаған ортаға, табиғатқа және өмірге деген қатынасынан байқалып тұруға тиісті. Әр адам басқан қадамын, істеген әр ісін сүйіспеншілікке толтыра білсе – ол нағыз ақиқатты таныған адам болады. Өмірде бізде одан әрі ізгілікке бастап, жетілдіре түсетін қасиет ол – махаббат.</p> <p>Махаббат – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі. Махаббат әрбір адамды бейтарап қалдырмайды, адам өмірінің мәні мен маңызы, сырлы әлемі. Сондықтан махаббат жайлы әрбір адамның жеке көзқарасы, өзіндік ой-пікірі, түсінігі болуы заңдылық. Махаббат әрбір адамның әлемдегі, қоғамдағы, отбасындағы орнын белгілеуге, өзін-өзі, ақиқат мәнді, жаратылыс сырын тануға мүмкіндік беретін маңызды таным түйсігі. Сол себептен махаббаттың сипаты да түрліше. Мысалы, адам мен Құдай, ер мен әйел, ұстаз бен шәкірт, ата-ана мен бала, туыс араларындағы махаббат. Сонымен қатар адамның Отанына, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілік сезімі де махаббаттың бір көрінісі. Яғни махаббаттың қай түрі болсын, адамды ізгілікке, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелейді. Сонымен, махаббат дегеніміз – шын жүректен жақсы көру сезімі. Махаббат – бақыт, шаттық, қуаныш, сүйіспеншілік, елігу, жақсы көру, құштарлық, сезім, түсінісу, өзара сыйластық, ізгілік, адамгершілік, жаны ашу, қайырымдылық, нәзіктік, шыдамдылық, төзімділік және т.б. түсініктерге тән адамның барлық сезімдері мен іс-әрекеттерін, қасиеттері мен сапаларын қамтиды.</p>	<p>Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.</p>
<p><b>Пікірлесу сұрақтары.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Сен өз жүрегіңдегі сүйіспеншілікті кімдерге таратасың?</li> <li>➤ Сүйіспеншіліктің шын мәнін түсінген адам қандай болу керек?</li> <li>➤ Адамды ізгі, таза, риясыз істерге не итермелейді?</li> </ul> <p>Махаббат пен құштарлықтың айырмашылығы неде?</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, қалыптастыру.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Адамға махаббат қаншалықты қажет?</li> <li>➤ Адамда махаббат сезімі болмаса, не болар еді?</li> <li>➤ Адам өз махаббатынан қорлық көре ме?</li> <li>➤ Махаббаттың ғашықтық, сүйіспеншілік, құштарлық ұғымдарымен қандай байланысы бар?</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағды қалыптастыру.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ <b>Сергіту сәті.</b> «Жарығы өшті, бір жанның» бейне баян көрсету</li> </ul>	<p>Бейесюжет көрсету.</p>



<p><b>Талқылау сұрақтары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бейнебаяннан көргеннен қандай ой түюге болады?</li> <li>➤ Анасының мұндай шешіміне көзқарастарың қандай?</li> <li>➤ Мұндай жағдайларға кім кінәлі деп ойлайсыңдар?</li> <li>➤ Осындай жағдайлардан қандай сабақ алуға болады?</li> <li>➤ Алдын алу үшін қандай әрекет жасауға болады?</li> <li>➤ Адам тағдыры кімнің қолында деуге болады?</li> </ul>	<p>Ой бөлісу, пікірлесу, талдауға баулу.</p>
<p><b>Даналық ойлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Махаббат құдіреті – жер жүзіндегі күллі ізгі, таза, риясыздық атаулының қайнар көзі. Жермена де Сталь (француз жазушысы)</li> <li>➤ Сайып келгенде әр адам – өз махаббатының бағбаны. Солып қалмауы үшін қай гүлге қашан су құю керектігін бұлжытпай білетін бағбан тәрізді адам өз махаббатының үнемі жайқалып тұруына тынбастан жағдай жасап тұруы тиіс. Ә. Нұршайықов</li> <li>➤ Қайырымды, асқақ, күшті және жүрекке жылы нәрсе атаулының бәрін махаббат тудырады. Ф.Э. Дзержинский</li> <li>➤ Сүйікті болу – бай болудан артық, өйткені сүйікті болу – бақытты болу деген сөз. К. Тилъе</li> <li>➤ Достық пен махаббат – екі ұлы сезім адамды мүлде өзгертіп жібереді. Жан Поль</li> </ul>	<p>Махаббат туралы айтылған сөздерді талдау.</p>
<p><b>Адами қасиеттер жайлы кеңеске назар аударыңыз!</b></p> <p>Тәкаппарлық, қызғаншақтық, өз қамын ойлаушылық адамды алысқа апармайды. Өткен оралмайды. Сондықтан бүгінгі күнмен өмір сүріңіз. Бақытты болып жұртқа жақсылық жасаңыз. Қазіргі шақ туралы ойлаңыз. Өткен мен болашақ туралы ойлау- уақыт жоғалту. Өткен өтті, ауыр сөзге кектенбеңіз. Мұның бәрін ұмытыңыз. Амандасқанда өзгеге тілер саулығыңыз шын жүректен шықсын. Сонда барлық әлем сіздің жаныңызда болады. Ал адам бойындағы мейірімділік, сағыныш, қамқорлық, сенім, сыйластық, қадірлеу т.б. көптеген асыл қасиеттер – махаббаттан бастау алады. Әр адам өзінше ынтызар, өзінше ғашық. Әркім махаббатта өзінше бақытты, өзінше бақытсыз. Әр адам өзінше сүйеді. Сүйе біледі. Сүйікті бола біледі. Сүйіспеншіліктің ең дұрысы, ең қолдау табатын - адамның жүрегін жанды күйінде ұстап тұратын сарқырама.</p>	<p>Тұрақты зейін қалыптастыру.</p>
<p><b>Сергіту сәті.</b> «Ата-ана» бейне баян көрсету</p>	<p>Бейнебаян көру</p>
<p><b>Талқылау сұрақтары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Ата-ана махаббатын қалай түсінесің?</li> <li>➤ Ата-анана қаншалықты көңіл бөлесің?</li> <li>➤ Ата-ана қарызын немесе олардың алдындағы парызыңды қалай өтеуге болады?</li> </ul>	<p>Ой бөлісу, пікірлесу, талдауға баулу.</p>

<p><b>Шығармашылық жұмыс</b> «Ашық хат!» Ата-аналарына хат жазу</p>	<p>белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>Топпен ән айту.</b> Басыма сәл бақ қонғанда Менің атым мақталғанда Арайланған ақ таңдарда Көңіл таңдай ақболғанда     Бол жанымда <i>Қайырмасы:</i> Сен барсың тек менде келмейтін шектеуге Жадырап көктемде нұрымды төккенде Көңілім күз болып күнреніп кеткенде     Бол жанымда Өмірді сүргенде қуанып кулгенде Жамылып мұң көрпе жабырқап жүргенде Көңілсіз кундерде ұйқысыз түндерде     Бол жанымда 2) Беделім жер баспағанда Шыңға шықса аспан алда Өмір мені көтеріп кеп Құздан төмен тастағанда     Бол жанымда <i>Қайырмасы:</i></p>	
<p><b>Үй тапсырмасы.</b> 1. 1. «Бәрінің бастауы-махаббат» атты тақырыпқа эссе жазу. 2. «Отбасы татулығы» шағын шығарма</p>	<p>Әсерлерімен бөлісу.</p>
<p><b>Рефлексия</b> Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру.</p>
<p><b>Қорытынды.</b> Риясыз сүйіспеншілік пен махаббатты біз табиғаттан үйренеміз. Күннің риясыз нұрын шашуы, жаңбырдың жауатындығы, салқын самал желдің соғатындығы – мұның барлығы табиғи құбылыс болғанымен, адамға пайдасы өте зор. Ендеше бізде табиғатқа, әлемге және жалпы адамзатқа осындай риясыз сүйіспеншілік таныта білейік.</p>	<p>Сабаққа қорытынды жасау.</p>

Соңғы тыныштық сәті	Баяу әуен
<p>Баяу сазды әуен үнімен оқушыларды тыныштық сәтіне дайындаймын.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ыңғайланып отырып, көзімізді жұмамыз, дем алысымызды бақылаймыз.</li> <li>- Жүрегіміздің қандай бірқалыпты және баяу соғып тұрғанын тыңдайық.</li> <li>- Дем алысыңыз қандай алаңсыз, баяу, қалыпты болғанын сезесіз бе?</li> <li>- Сіздің көңіл күйіңіз бірқалыпты, алаңсыз, жинақы.</li> <li>- Сіз іштей бір сәтке өзіңіз сүйетін және өзіңізді жақсы көретін адамдарды көз алдыңызға елестетіңізші.</li> <li>- Сіздің өн бойыңызды керемет алаңсыз тыныштық, көтеріңкі көңіл күй жайлап барады.</li> <li>- Сіз кенеттен өзіңіздің жүрегіңізде үлкен ғаламат сүйіспеншілік сезімінің ояна бастағанын сезесіз.</li> <li>- Осы сезіміңіз көктемнің әсем гүліндей болып, арта түсуде.</li> <li>- Сіздің құдіретті сүйіспеншілік сезіміңіз де осы гүл сияқты ұлғайып, кеңейіп келеді.</li> <li>- Сүйіспеншілік сезіміңіз өзіңіздің жақындарыңыз бен достарыңызға да жайылып барады.</li> <li>- Сүйіспеншілік жылуы сіз өмірде кездесетін адамдарға да тарап бара жатыр.</li> <li>- Сіз өзіңіз кездестірген адамдармен бірлік сезімін басыңыздан өткеріп жатырсыз.</li> <li>- Сіздің жаныңыздың жылуы барлық адамдарға да, оларды жылытуға да жетеді.</li> <li>- Өз сүйіспеншілігіңізбен бірге сіз өзіңіздің жан дүниеңізге, болмысыңызға терең үңіле аласыз.</li> <li>- Сіз өзіңізбен бірге осы әлемде өмір сүретін барлық адамдарды сүйесіз.</li> <li>- Сіз өзіңізді де, басқаларды да бірдей сүйесіз, сондықтан өзіңізге де, айналаңыздағы адамдарға да жақсылық жасағыңыз келеді.</li> <li>- Сіз өз өміріңізге, жер бетіндегі тіршілік етіп, өмір сүріп жатқандардың барлығына махаббатпен қарайсыз.</li> <li>- Сіздің сүйіспеншілігіңіз өмірді қаншалықты үйлесімді және қуанышқа бөлейтінін сезініңіз.</li> <li>- Сіздің бүкіл болмысыңыз өзінен сәуле шашқан, өмір сепкен Күнге айналып барады.</li> </ul>	

Сабақтың технологиялық картасы № 9

**Тақырып:** «Нәзіктік пен қажырлылық»

**Құндылық:** Адамгершілік

**Қасиеттер:** жауапкершілік, сыйластық, түсінушілік, қамқорлық

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушыларға ұл мен қыздар арасындағы гендерлік мәселесі туралы түсінік беру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қыз бала мен ұл бала арасындағы гендерлік мәселе жайлы көзқарастары мен білімдерін тереңдету.</li> <li>- Өмірдегі ұл мен қыз баланың міндеттерін білуге, болашақ жар, болашақ әке-шеше болуға дұрыс көзқарастарын қалыптастыра білуге тәрбиелеу.</li> <li>- Шығармашылық тапсырмалар және өзіндік жұмыстар орындау арқылы, нағыз еркек және нағыз әйел арасындағы айырмашылықты айқындай алуға, болашаққа өзіндік ойларын түйе алуға, дүниетанымын дұрыс дамытуға баулу.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (кұралдар, мәліметтер Жабдықта луы.</p>																																				
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті</p> <p><b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																																					
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, сергіту сәті, тыныштық сәті, ой толғау, талдау, ән айту</p>																																					
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, түрлі-түсті қағазбен бояулар.</p>																																					
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr><td>1. Ұйымдастыру</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>5. 1- Тапсырма</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>6. Пікірлесу сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>7. Сергіту сәті</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>8. Талқылау сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>9. Ой бөлісу сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(7 минут)</td></tr> <tr><td>10. Топтық жұмыс</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>11. Даналық ойды талдау</td><td style="text-align: right;">(7 минут)</td></tr> <tr><td>12. Өзіндік жұмыс</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>13. 2-Тапсырма</td><td style="text-align: right;">(8 минут)</td></tr> <tr><td>14. Топпен ән айту</td><td style="text-align: right;">(4 минут)</td></tr> <tr><td>15. Үй тапсырмасы</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>16. Рефлексия</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>17. Қорытындылау</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>18. Соңғы тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(2 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. 1- Тапсырма	(10 минут)	6. Пікірлесу сұрақтары	(3 минут)	7. Сергіту сәті	(5 минут)	8. Талқылау сұрақтары	(3 минут)	9. Ой бөлісу сұрақтары	(7 минут)	10. Топтық жұмыс	(10 минут)	11. Даналық ойды талдау	(7 минут)	12. Өзіндік жұмыс	(5 минут)	13. 2-Тапсырма	(8 минут)	14. Топпен ән айту	(4 минут)	15. Үй тапсырмасы	(2 минут)	16. Рефлексия	(3 минут)	17. Қорытындылау	(3 минут)	18. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)	
1. Ұйымдастыру	(2 минут)																																				
2. Тыныштық сәті	(2 минут)																																				
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																																				
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																																				
5. 1- Тапсырма	(10 минут)																																				
6. Пікірлесу сұрақтары	(3 минут)																																				
7. Сергіту сәті	(5 минут)																																				
8. Талқылау сұрақтары	(3 минут)																																				
9. Ой бөлісу сұрақтары	(7 минут)																																				
10. Топтық жұмыс	(10 минут)																																				
11. Даналық ойды талдау	(7 минут)																																				
12. Өзіндік жұмыс	(5 минут)																																				
13. 2-Тапсырма	(8 минут)																																				
14. Топпен ән айту	(4 минут)																																				
15. Үй тапсырмасы	(2 минут)																																				
16. Рефлексия	(3 минут)																																				
17. Қорытындылау	(3 минут)																																				
18. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)																																				

<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> </ul>	<p>Сабаққа деген қызығушылығын ояту.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	<p>Зейіндерін сабаққа аудару.</p>
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>Аутотренинг өткізу</p>	<p>Баяу әуен</p>
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <p>3. 1. «Бәрінің бастауы-махаббат» атты тақырыпқа эссе жазу.</p> <p>2. «Отбасы татулығы» шағын шығарма</p>	<p>Сабаққа дайындығын бағалау.</p>
<p><b>Дәйексөз.</b></p> <p>Ұрпаққа қатысты міндет-парыздар мен ұрпақтан көретін қуаныш екі кісінің сүйіспеншілік одағын, егер оның өзі жалпы бар болса, нығайтады.</p> <p style="text-align: right;">А. Бебель.</p>	<p>Дәйексөздің мағынасын ашу, түсіндіру.</p>
<p><b>1-Тапсырма</b></p> <p><b>Нұсқау.</b> Балалық шағыңызды, мектептегі кездеріңізді еске түсіріңіз.</p> <p>➤ Ата-анаңыздың, туыстарыңыздың, мұғалімдеріңіздің сізге деген көзқарасын (белгілі жыныс өкілі ретінде) еске түсіріңіз.</p> <p>➤ Еске ала отырып гендерлік өмірбаяныңызды төмендегі үлгімен құрастырып шығыңыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өзіңізді қай жасыңыздан бастап есіңізге түсіре аласыз?</li> <li>2. Сіз қай кезден бастап ұл мен қыздың, әйел мен ер адамның арасындағы айырмашылықты сезіне бастадыңыз?</li> <li>3. 5-8 жастағы кезіңізде кімдермен ойнауды қаладыңыз?</li> <li>4. Сүйікті ойыншықтарыңыз есіңізде ме?</li> <li>5. Ертегі мен мультфильм кейіпкерлерінің қайсысын ұнатушы едіңіз?</li> <li>6. Сүйікті ойындарыңыз қандай (қимылды не тыныш, топпен не жеке) болды?</li> <li>7. Сәби кезіңізде, төменгі сыныпта, жас шағыңыздағы сырт пішініңіз бен киіміңіз қандай еді?</li> <li>8. Бала кезіңізде сізге қыздар мен ұлдар қандай болу керектігі туралы не айтып еді?</li> <li>9. Айналадағылар сізден қыз немесе ұл ретінде қандай болуды күтетінін қалай түсіндірді?</li> </ol>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>➤ <b>Пікірлесу сұрақтары.</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Мектептегі гендерлік үрдістер.</b></p> <p>➤ Мұғалімдер қолдайтын мінез-құлық үлгілері қандай еді?</p> <p>Олардың қыздар мен ұлдар үшін қандай айырмашылығы</p>	<p>Білім, білік, іскерлік,</p>

<p>болды?</p> <p>➤ Қыздар мен ұлдардың оқу үлгерімі мен тәртібіне деген мұғалімдердің көзқарасында айырмашылықтар болды ма?</p>	<p>дағдыла-рын қалыптастыру.</p>
<p>➤ <b>Сергіту сәті.</b></p> <p>➤ «Ана мен бала азабы» бейнесюжет көрсету</p>	<p>Бейнесюжет көрсету.</p>
<p><b>Талқылау сұрақтары</b></p> <p>➤ Адамгершілік құндылықтарын жеке бас пайдасына алмастыруға деген көзқарасыңыз қалай?</p> <p>➤ Жаңғыз басты әйел мен әкесіз өскен қыз балаға қандай қамқорлық қажет?</p> <p>➤ Бұл сюжеттегі кейіпкерлердің қателігі неде?</p>	<p>Ой бөлісу, пікірлесу, талдауға баулу</p>
<p><b>Ой бөлісу сұрақтары:</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Ата-анамен қарым-қатынас.</b></p> <p>➤ Сізге мектепке дейін, төменгі сыныпта, жасөспірім кезіңіз бен бозбала кезіңізде ата-анаңыздың қайсысы жақын болды?</p> <p>➤ Сіздің отбасыңызда әртүрлі жыныс өкілдері арасындағы қарым-қатынастың қандай ережелері болды?</p> <p>➤ Қарым-қатынастың қандай үлгілерін ұнатасыз?</p> <p>➤ Ерлердің, әйелдердің қандай қасиеттерін бағалайсыз? Неге?</p> <p>➤ Қоғамда гендерлік өлшемдердің салдарынан әйелдер мен еркектер азап шегеді деп ойлайсыз ба?</p> <p>➤ Қалыптасқан гендерлік көзқарасыңыз бен түсінігіңізге кім көбірек ықпал етті?</p> <p>➤ Сіздің гендерлік түсінігіңіздің қалыптасуына көбірек ықпалы болған әдіс-тәсілдер қандай, бөліп керсетіңіз.</p>	<p>Тұрақты зейін қалыптастыру</p>
<p><b>Топтық жұмыс.</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Отбасындағы дәстүрлі және қазіргі заманғы гендерлік рөлдер.</b></p> <p>Топ екіге бөлінеді. Біреуі дәстүрлі отбасы, екіншісі қазіргі заманғы отбасына арналған жынысты-рөлдік ұқсастықты модельдейді.</p> <p><i>Өндірістік қызмет:</i></p> <p>➤ Кім еңбекпен айналысады және неге?</p> <p>➤ Жұмыс істейтін ерлі-зайыптылар үшін мансап нені білдіреді?</p> <p>➤ Күйеуі мен әйелінің кәсіби мәртебесі қалай жасалады?</p> <p>➤ Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының өндірістік қызметтеріне байланысты отбасы міндеттері қалай бөлінеді?</p> <p>➤ Қандай өндірістік қызмет жағдайында әйелдің мәртебесі күйеуінің мәртебесінен жоғары болады?</p>	<p>Шығармашылық белсенділік терін дамыту</p>

<p><i>Экономикалық қызмет:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Отбасындағы негізгі табыскер кім?</li> <li>➤ Қаражат кімнің қолында?</li> <li>➤ Отбасын, оның мүшелерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін қандай талаптар қойылады?</li> <li>➤ Отбасындағы экономикалық мүмкіндіктердің шегі бар ма?</li> <li>➤ Кіріс деңгейіне қарай отбасылар қалай бөлінеді?</li> </ul> <p><i>Тұрмыстық-шаруашылық қызметі.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Үй шаруасымен кім айналысады?</li> <li>➤ Отбасындағы еңбек қалай ұйымдастырылған?</li> <li>➤ Кірістері түрлі деңгейдегі отбасылар ішінде бұл қызметтің іске асуында айырмашылық бар ма?</li> <li>➤ Түрлі типті отбасыларда осы қызметті ұйымдастырудағы негізгі айырмашылық қандай?</li> </ul> <p><b>Алғашқы әлеуметтік бақылау.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Отбасы мүшелерінің жүріс-тұрысын бақылау қалай жүргізіледі?</li> <li>➤ Ерлерге, әйелдерге, балаларға т.с.с. не істеуге рұқсат беріледі?</li> <li>➤ Олардың жағымды және жағымсыз қылықтары қалай бағаланады?</li> </ul> <p><b>Билік пен лидерлік.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Кім лидер болады?</li> <li>➤ Лидердің түрлері?</li> <li>➤ Қай кезде авторитарлық, ал қай кезде ұжымды билік жүзеге асады?</li> <li>➤ Демократизм сипаттары және билік пен бағынушылықты бөлуде отбасындағы балалардың рөлі?</li> </ul> <p><b>Әлеуметтік мәртебе.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Некеде әлеуметтік мәртебе жету үшін не істеу керек?</li> <li>➤ Некеге тұрарда некелесіңіздің қандай қасиеттері шешуші болып табылады?</li> <li>➤ Некенің де жаңа мәртебе екенін қалай бағалайсыз?</li> </ul> <p><b>Рухани қарым-қатынастар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Отбасы қарым-қатынасы қалай қалыптасқан ?</li> <li>➤ Отбасы мүшелерінің жас ерекшеліктерімен жыныстық айырмашылықтарының мәні қандай?</li> </ul> <p><b>Достар мен туыстармен қарым-қатынас.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Жеке таңдау негізінде қалыптасқан қарым-қатынастар мен байланыстар. Отбасы мүшелерінің араласатын адамдармен мінез, көзқарас сәйкестілігі. Бос уақытын қалай өткізу туралы ерлі-зайыптылар мен балалардың есеп беруі.</li> </ul> <p><u>Бос уақыт.</u></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бос уақыт үйде ме, әлде үйден тыс жерде өте ме?</li> </ul> <p>Отбасы мүшелерінің бос уақытын жеке өткізуі.</p>	<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бос уақытты өткізуді бақылау.</li> </ul> <p><u>Репродуктивті.</u> Бала туралы мақста етіп қою. Өмірдегі маңызды рөл ана және әке болу.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Қоғамдағы мәртебесі мен отбасы жағдайына қарай бала туу.</li> </ul>	<p>Шығармашылық белсенділік - терін дамыту.</p>

<p><u>Тәрбие.</u></p> <p>➤ Тәрбиешілер арасындағы тәрбиелеу және рөлдерді бөлу үрдістері. Балалар - үлкендер ықпал ететін объектілер ме әлде субъектілер ме?</p> <p>➤ Билеуші қарым-қатынасқа қарай отбасының тәрбиелік сипаты мен мақсаты.</p>							
<p><b>Даналық ойларды талдау</b></p> <p>➤ Мәдениеттің өресі әйелге деген көзқараспен анықталады М.Горький.</p> <p>➤ Сүйікті әйел қартаймайды Д.Мадзони.</p> <p>➤ Әйелдермен қарым-қатынас арқылы ең нәзік, ақылды адам одан гөрі де ақылды бола түседі. А.Турнье.</p> <p>➤ Сұлулық - әйелдің бақыты, қадіріне жетпесе – соры Л.Н.Толстой.</p> <p>➤ Әйелге деген махаббат біз үшін өтеуіне ештеңе жүрмейтін ұлы маңызға ие; ол жүректі нәрлендіріп, бұзылудан сақтайды. В. Гюго.</p> <p>➤ Егер ерлі-зайыптылар бастары қосылғанша бір-бірінің құлқын, әдеттері мен мінездерін біліп алмаса, некенің бақытты болуы мүмкін емес. О.Бальзак.</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>						
<p><b>Өзіндік жұмыс</b></p> <p>1. Қоғамда әр адам өзін көрсету үшін қолайлы жағдайлар туғызады, гендерлік теңдік мәселесі әйелдер секілді, ерлер үшін де өте маңызды. Қазіргі заманғы әйелдер мен ер адамдарға қандай қасиеттер тән? Олардың мінез-құлықтары жайлы жазыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="153 1525 1150 1787"> <tr> <td data-bbox="153 1525 683 1615">«Нағыз әйел» болу дегеніміз не?</td> <td data-bbox="683 1525 1150 1615">«Нағыз еркек» болу дегеніміз не?</td> </tr> <tr> <td data-bbox="153 1615 683 1659"></td> <td data-bbox="683 1615 1150 1659"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="153 1659 683 1787"></td> <td data-bbox="683 1659 1150 1787"></td> </tr> </table>	«Нағыз әйел» болу дегеніміз не?	«Нағыз еркек» болу дегеніміз не?					<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.</p>
«Нағыз әйел» болу дегеніміз не?	«Нағыз еркек» болу дегеніміз не?						
<p>2. Әйел бақыты деген тіркесті кездестірген шығарсыз? Қалай ойлайсыз, ол нені білдіреді?</p> <p>3. «Еркек бақыты» деген бола ма? Егер «иә» десеңіз, онда оны қалай түсіндіруге болады?</p>							



<p><b>2-Тапсырма</b>  <b>Өзіңізді және қалаулыңызды тестен өткізіңіз. «Махаббатқа деген көзқарастарыңыз сәйкес келе ме?».</b></p> <p>Келесі сұрақтарға «иә» не «жоқ» деп жауап беріңіз немесе сұрақ белгісін қойыңыздар.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сіздің ойыңызша ер адам әйелге қарағанда белсендірек болу керек пе, жоқ па?</li> <li>2. Сіз сүйіктіңізге ұсақ-түйек болса да жақсылық жасағыңыз келіп тұра ма?</li> <li>3. Басқалардың көзінше сүйіктіңізді аймалауға қысылмайсыз ба?</li> <li>4. Сіз сүйіктіңізге қажет екендігіңізді сезінесіз бе?</li> <li>5. Уақыт өте келе бірге өмір сүрудің мәні тек қана бірге өмір сүруге әдеттенумен шектеле ме?</li> <li>6. Сіз өміріңізді өзгертер ме едіңіз?</li> <li>7. Сіз сезіміңізді жеңіл, бірден білдіресіз бе?</li> <li>8. Сүйіктіңіз сізге ең жақын, қымбатты адам болып қала алады деп ойлайсыз ба?</li> <li>9. Сізге махаббат деген не екенін түсіндіру қиын ба?</li> <li>10. Сіздің өміріңіз ең қымбат адамыңызбен қарым-қатынасыңызға тәуелді болады деп ойлайсыз ба?</li> <li>11. Сүйіктіңізді сағынғаннан гөрі, көбірек қызғанасыз ба?</li> <li>12. Тағдыр қосса, ол адамды аса жақсы көріп кететіндігіңізге сенімдісіз бе?</li> <li>13. Қалаулыңыз сізді зеріктіріп жібермей ме?</li> <li>14. Оны жиі қуантасыз ба?</li> <li>15. Сіз өз өміріңізді басқаша елестететін жағдайлар болды ма?</li> </ol> <p>Әрбір жұпты «иә» жауаптарына және жұпсыз «жоқ» жауаптарыңызға 10 ұпайдан, ал әрбір сұрақ белгісіне 5 ұпайдан жазыңыз оларды санаңыз.</p> <p><b>100 ұпайдан жоғары.</b> Сіз әсерленгішсіз, терең және адал сезімді басыңыздан кеше аласыз, өз сезіміңізден қысылмайсыз және оны білдіре аласыз. Бірақ кейбір жағдайларда махаббат сізге қайғы әкелуі мүмкін, ал жақын адамыңызбен арадағы өз ара қарым-қатынастың күрделілігі шын мәнінде қасіретке соқтыруы мүмкін.</p> <p><b>50-99 ұпай.</b> Сіз нәзік жансыз. Махаббат мәселесі бірінші орында болмаса да сіз үшін ол өте маңызды. Шыншылдық, шыдамдылық, көбіне өркөкіректік - сіздің жүріс-тұрысыңыздың бағдаршысы болады.</p>	<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.</p>
--	--

<p>Кейде сезімге толық берілесіз, бірақ сіз ес жоғалтатындарға жатпайсыз.</p> <p><b>0-49 ұпай.</b> Сіз парасатты адамсыз, сезіміңізді білдірерде сан рет өлшеп-пішіп ойланасыз. Махаббат сізге баланың ісі сияқты болып көрінеді.</p>	<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>Топпен ән айту.</b> «Қызыл гүлім-ай» Кездескенде жан еркем назданасың Жасыра алмай сырынды көз қарасың Жадыратып жанымнан өте шықтың Қызыл гүлім қол жетпейтін сен ғанасың Қызыл гүлім ай Қызықтырдың ай Аппақ гүлім ай ардағымсың ай</p>	<p>Тақырыпты бекіту.</p>
<p><b>Үй тапсырмасы.</b> 1. Ақындар шығармашылығындағы нәзіктікті сыйпаттайтын өлең жолдарын тауып, талдау. 2. Адам баласының бойында қажырлылық қасиетті қалыптастыру үшін не керек? 3. Ж.Баласағұнның «Үйлену туралы» ақыл-кеңестерін; 4. Шал ақын, Базар жырау, Махамбет Өтемісұлы, М.Мақатаевтың әйелдерге және ер адамдарға тән мінез-құлық ережелері жайлы айтқандарын оқып шығып, топ ішінде пікір алмасыңыздар.</p>	<p>Тақырыпты тереңдету.</p>
<p><b>Рефлексия</b> Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	
<p><b>Қорытынды.</b> Елбасымыздың "гендерлік теңдікке қол жеткізудің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясы" Жарлығы бойынша ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру қарастырылып отыр. Демек, ерлер мәселесі де назардан тыс қалмайды. Шарифат бойынша отбасының тізгіні еркекке жауапкершілік ретінде тапсырылған. Гендерлік саясатты дамыту, әйел мен еркектің теңдігі мәселелерін жолға қою ісі айналып келгенде әйелдерді «еркектерден қай жерің кем» деп елірте беру емес. Бұлай түсіну қисынсыз. Әрине, еркекше шылым шегіп, шарап ішіп, бұзылған, қиындыққа төзе алмаған әйелдер де бар. Ал, үйлесім таппағандар тек өзіне өкпелеуге тиіс. Бұл стратегия сонау кеңес дәуірі жаңа орнай бастаған кездегі Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунистін» еске салады. Қазір тек формасы басқаша. Бірақ сол саясаттың нақ өзі.</p>	<p>Сабәққа қорытынды жасау.</p>
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Баяу әуен</p>

## Сабақтың технологиялық картасы № 10

**Тақырып:** «Ғалам – біз өмір сүретін орта»

**Құндылық:** «ғалам», «әлем», «туған жер»

**Қасиеттер:** қамқорлық, бауырмалық, сүйіспеншілік

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушыларға «ғалам», «әлем», «туған жер», «жан» құндылығының мәнін ашу.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім алушыларға әлемнің өте күрделілігін, өмір сүру жауапкершілігін түсінуге көмектесу.</li> <li>- өмірдің мәні туралы ойлануға жетектеу.</li> <li>- табиғатты, тіршілікті, қоршаған ортаны қадірлеуге үйрету.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер Жабдықта луы.</p>																																
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті</p> <p><b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																																	
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, сурет арқылы өз ойын бейнелеу. Сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, сергіту сәті, тыныштық сәті, ой толғау, талдау, ән айту</p>																																	
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, түрлі-түсті қағаз бен бояулар, жұмыс дәптері, үлкен көлемді қағаздар.</p>																																	
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr><td>1. Ұйымдастыру кезеңі</td><td>(2 минут)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td>(3 минут)</td></tr> <tr><td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td><td>(10 минут)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td>(3 минут)</td></tr> <tr><td>5. Пікірлесу сұрақтары</td><td>(5 минут)</td></tr> <tr><td>6. Даналық ойды талдау</td><td>(10 минут)</td></tr> <tr><td>7. Топтық жұмыс</td><td>(10 минут)</td></tr> <tr><td>8. Сергіту сәті</td><td>(5 минут)</td></tr> <tr><td>9. Шығармашылық жұмыс</td><td>(7 минут)</td></tr> <tr><td>10. Талдау үшін қойылатын сұрақтар</td><td>(5 минут)</td></tr> <tr><td>11. Өзіндік жұмыс</td><td>(5 минут)</td></tr> <tr><td>12. Топпен ән айту</td><td>(4 минут)</td></tr> <tr><td>13. Үй тапсырмасы</td><td>(2 минут)</td></tr> <tr><td>14. Рефлексия</td><td>(3 минут)</td></tr> <tr><td>15. Қорытындылау</td><td>(3 минут)</td></tr> <tr><td>16. Соңғы тыныштық сәті</td><td>(3 минут)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(3 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)	6. Даналық ойды талдау	(10 минут)	7. Топтық жұмыс	(10 минут)	8. Сергіту сәті	(5 минут)	9. Шығармашылық жұмыс	(7 минут)	10. Талдау үшін қойылатын сұрақтар	(5 минут)	11. Өзіндік жұмыс	(5 минут)	12. Топпен ән айту	(4 минут)	13. Үй тапсырмасы	(2 минут)	14. Рефлексия	(3 минут)	15. Қорытындылау	(3 минут)	16. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																																
2. Тыныштық сәті	(3 минут)																																
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																																
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																																
5. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)																																
6. Даналық ойды талдау	(10 минут)																																
7. Топтық жұмыс	(10 минут)																																
8. Сергіту сәті	(5 минут)																																
9. Шығармашылық жұмыс	(7 минут)																																
10. Талдау үшін қойылатын сұрақтар	(5 минут)																																
11. Өзіндік жұмыс	(5 минут)																																
12. Топпен ән айту	(4 минут)																																
13. Үй тапсырмасы	(2 минут)																																
14. Рефлексия	(3 минут)																																
15. Қорытындылау	(3 минут)																																
16. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)																																
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> </ul>	<p>Сабаққа деген қызығушылығын ояту.</p>																																
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	<p>Зейіндерін сабаққа аудару.</p>																																

<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b> Аутотренинг өткізу</p>	Баяу әуе.н
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b> 1 Ақындар шығармашылығындағы нәзіктікті сыйпаттайтын өлең жолдарын тауып, талдау. 2. Адам баласының бойында қажырлылық қасиетті қалыптастыру үшін не керек? 3. Ж.Баласағұнның «Үйлену туралы» ақыл-кеңестерін; 4. Шал ақын, Базар жырау, Махамбет Өтемісұлы, М.Мақатаевтың әйелдерге және ер адамдарға тән мінез-құлық ережелері жайлы айтқандарын оқып шығып, топ ішінде пікір алмасыңыздар.</p>	Сабаққа дайындығын бағалау.
<p><b>Дәйексөз.</b> Өмір, дүние, жер мен көк, өткен заман, Ажал алмай қоймайды ешкімді аман. Өлмей, өшпей, қартаймай жүргің келсе, Ол болмай ма тағдырды жамандаған? Шәкәрім Құдайбердіұлы. Әлем сіз бен біз өмір сүріп отырған кеңістік. Бұған өзіңіздің отбасыңыз тұратын үй, ауыл, қала, республика, бүкіл жер шары. Біз көріп, сезіне алатын ғалам кеңістік жатады. Ғалам - біздің; өмір сүретін ортамыз. Сондай-ақ, әлем ұғымын жеке адамға байланысты алып қарасақ - ішкі дүние, сыртқы дүние деп те бөлуге болады.</p>	Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.
<p>➤ <b>Пікірлесу сұрақтары.</b> 1. Адамның ішкі дүниесі деп нені айтамыз? 2. Сыртқы материалдық дүние деген не? 3. Осы екі дүниенің арасында байланыс бар ма? Болса қандай? 4. Ей дүние бір-бірінен тыс, тәуеліз өмір сүре ала ма? 5. О дүние дегеніміз не?</p>	Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.
<p><b>Даналық ойларды талдау</b> ➤ Біреудің мінін кешірсең, Саған да құдай кешеді. Бәрін де қылмай есірсең, Төбеңді әлі-ақ теседі . (Шәкәрім) ➤ Мәңгілік нәрсе ғана ұлы, ал мәңгілік - әділеттілік қана. (Д.Феррари) ➤ Өзін ерекше санамай, барлық адамдар сияқты болу - ұлы бақыт. (М.М.Пришвин) ➤ Біреу жәбір етсе, сен сабыр ет (халық мақалы)</p>	Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.
<p><b>Топтық жұмыс</b> Өмірдің мәні неде? ➤ Өмірде қандай қиындықтармен бетпе-бет келгендеріңізді еске түсіріңіз. Бұл жағдайда не істедіңіз? ➤ Кімнен көмек сұрадыңыз? Қиындықты жеңуге нақты көмектескен кім? ➤ Өміріңіздің қайсы тұстары, қандай оқиғалары сізге жағымсыз әсер қалдырды? ➤ Өмірде қандай жағдайлармен бетпе-бет келгенді қаламас едіңіз?</p>	Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.
<p>➤ <b>Сергіту сәті.</b> ➤ «Ғаламшар ғажаптары» бейнесюжет көрсету</p>	Тақырыпты пысықтау

<p><b>Шығармашылық жұмыс</b>  Ойға өз тұжырымыңызды жасаңыз  ➤ Біз өз тағдырымыз үшін өмір сүреміз.  ➤ Біз өзіміздің күш-қуатымыз бен талант, қабілетімізді дамыту үшін өмір сүреміз.  ➤ Өзімізге берілген қысқа ғұмырды қызықты өткізу үшін өмір сүреміз.  ➤ Біз дүниені жақсарту, көркейту үшін өмір сүреміз.  Өз болжамын қорғау үшін әр топқа 6 минут уақыт беріледі.</p>	<p>Шығармашы - лық белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>Талдау үшін қойылатын сұрақтар:</b>  - Жаттығу сізге ұнады ма?  - Болжамның қайсысы сізді таң қалдырады? Неге ?  - Өз тобыңызбен жұмыс істеу сіз үшін қызықты болды ма?  - Жұмыс барысында келіспеушіліктер болды ма? Болса олардың себебі неде ?</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>- өмірдің мәні туралы жоғарыда айтылғандардан басқа өзіңіздің ойыңыз, болжамыңыз бар ма?  - бұл сұраққа жұрттың бәрінің көңілінен шығатындай жауап табу мүмкін бе?</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Өзіндік жұмыс</b>  Ойды аяқтап жазыңыз: Бақытты болу дегеніміз  Мына ұғымдарға анықтама беріңіз  (Өлем, Дүние, Туған жер, Жан)</p>	<p>Шығармашы - лық белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>Топпен ән айту.</b>  Е. Серікбаев «Неткен өмір»</p>	<p>Тақырыпты бекіту.</p>
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b>  1. Абайдың «Қырық төртінші қара сөзін» оқып шығыңыз;  2. Бұдабай Қабыловтың «Көңіл» атты өлеңімен танысып, мұндағы айтылған ой-пікірлерге талдау жасаңыздар.  3. Қазіргі адамдар сақтанулары қажет және күшті ерік-жігер көрсетпеген жағдайда құлдырауға алып келетін еліктіргіш нәрселердің тізімін дәптерге жазыңыз.</p>	<p>Дайындық, тақырыпты тереңдету.</p>
<p><b>Рефлексия</b>  Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру</p>
<p><b>Қорытынды.</b>  Нағыз жан-жақты дамыған адамдар, яғни аса зор жетістіктерге жеткен тұлғалар, көбінесе адамдарға деген терең құрмет сезіміне, басқаларды бағалау қасиетіне ие. Жетістікке жетудің арнайы мінез-құлықтық моделі бар, оған кез-келген адамның қол жеткізуіне болады. Біз өзіміздің көкейімізде мүлгіп жатқан жойқын күштерге жол беріп, көзін ашуға, оларды өмірден белгілі бір мақсаттарға бағыттауға толық мүмкіндігіміз бар. Бұл жолда экономикалық, саяси-әлеуметтік қиындықтар еш кедергі жасай алмайды. Тек өзінің күшіне сенбеу, қолымнан келмейді деп санасын өшірудің кері әсерін тигізеді. Ұлы тұлғалардың туындылары армандаудан, еліктеуден және оны әдетке айналдырып. Іске асырудан туындаған.</p>	<p>Сабаққа қорытынды жасау.</p>
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Баяу әуен</p>

## Сабақтың технологиялық картасы № 11

**Тақырып:** «Еліктегіш нәрселерден қалай сақтану керек?»

**Құндылық:** дұрыс әрекет

**Қасиеттер:** салауатты өмір салтын ұстану, тазалық, ұқыптылық, адалдық

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушыларға салауатты өмір салтын ұстануын дұрыс әрекет екендігін ұғындыру. Өмірдің қарама-қайшы қырларына — күнгей мен көлеңкесіне сипаттама беру, Тәуелділік, қауіпті әуестенушіліктің зардаптарын және адам өміріне тигізетін зиянды әсерлерін сараптау. Өмірде кездесетін түрлі құбылыстарға жан-жақты баға беруге үйрену.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- салауатты өмір салтының мәнін түсіндіру;</li> <li>- зиянды заттарды қолданудың алдын алуы;</li> <li>- салауатты өмір салтын ұстануға, тазалыққа, ұқыптылыққа, адалдыққа тәрбиелеу;</li> <li>- салауатты өмір салтын насихаттай отырып денсаулықтарын сақтауға, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарауға, ізгілік пен мейірімділікке тәрбиелеу;</li> <li>- шығармашылық, сөйлеу қабілеттерін дамыта отырып жеке тұлға қалыптастыру.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер, жабдықта-луы.</p>																						
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті <b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																							
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, сурет арқылы өз ойын бейнелеу, топпен бірге жұмыс, әңгіме, шығармашылық жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті, тыныштық сәті, ой толғау.</p>																							
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнемагнитофон, дәптер, үлкен көлемді қағаздар.</p>																							
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr> <td>1. Ұйымдастыру кезеңі</td> <td style="text-align: right;">(2 минут)</td> </tr> <tr> <td>2. Тыныштық сәті</td> <td style="text-align: right;">(3 минут)</td> </tr> <tr> <td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>4. Дәйексөз талдау</td> <td style="text-align: right;">(3 минут)</td> </tr> <tr> <td>5. Топтық жұмыс</td> <td style="text-align: right;">(12 минут)</td> </tr> <tr> <td>6. Пікірлесу сұрақтары</td> <td style="text-align: right;">(5 минут)</td> </tr> <tr> <td>7. Даналық ойды талдау</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>8. Сергіту сәті</td> <td style="text-align: right;">(5 минут)</td> </tr> <tr> <td>9. Шығармашылық жұмыс</td> <td style="text-align: right;">(12 минут)</td> </tr> <tr> <td>10. Бейне материал көрсету</td> <td style="text-align: right;">(12 минут)</td> </tr> <tr> <td>11. Топпен ән айту</td> <td style="text-align: right;">(5 минут)</td> </tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(3 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Топтық жұмыс	(12 минут)	6. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)	7. Даналық ойды талдау	(10 минут)	8. Сергіту сәті	(5 минут)	9. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)	10. Бейне материал көрсету	(12 минут)	11. Топпен ән айту	(5 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																						
2. Тыныштық сәті	(3 минут)																						
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																						
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																						
5. Топтық жұмыс	(12 минут)																						
6. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)																						
7. Даналық ойды талдау	(10 минут)																						
8. Сергіту сәті	(5 минут)																						
9. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)																						
10. Бейне материал көрсету	(12 минут)																						
11. Топпен ән айту	(5 минут)																						

12. Үй тапсырмасы	(2 минут)	
13. Рефлексия	(3 минут)	
14. Қорытындылау	(3 минут)	
15. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)	
<b>Сабақтың барысы:</b>		
<p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>		Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>Маужырап отырған күйдегідей ыңғайланып отырыңдар. Көзімізді жұмамыз. Ыстықтан әбден маужырап, тіпті саусағыңды да қимылдата алмайтындай әсер болғаны дұрыс. Басқа тітіркендіргіштер әсер етпес үшін көзіміз жұмулы болу керек. Алдымен еркін, жайлап, тыныс алыңыздар. /6-8рет/. Қарныңмен ауаны жұтып, ауыз арқылы жіңішке әрі әлсіз лепті үрлеп шығара отырып, сен сол үрленген леппен аяғыңнан мойныңа дейін бүкіл дененді бүркемелеп қойғандай ойша елестетіндер. Осы жаттығуды 4-5рет қайталап, дем шығарғанда ойша: «Мен өз сезімімді ұнамсыз эмоциялардан арылттым»-деп айтамыз. Одан кейін екі рет дем шығарғанда «Енді мен ұнамсыз эмоциядан арылдым» -деп айтамыз. Жаттығуды жасап болғаннан кейін денелерімізді бос ұстап, әлденеден үрікпей, өзімізді жақсы сезінетін болайық. Енді көзімізді ашып, айналаға күлімдей қараңыздар.</p>		Баяу әуен
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Абайдың «Қырық төртінші қара сөзін» оқып шығыңыз;</li> <li>2. Бұдабай Қабыловтың «Көңіл» атты өлеңімен танысып, мұндағы айтылған ой-пікірлерге талдау жасаңыздар.</li> <li>3. Қазіргі адамдар сақтанулары қажет және күшті ерік-жігер көрсетпеген жағдайда құлдырауға алып келетін еліктіргіш нәрселердің тізімін дәптерге жазыңыз.</li> </ol>		Сабаққа дайындығын бағалау.
<p><b>Дәйексөз.</b></p> <p>«Өмірді әрқашанда қуанышты сезіммен қабылда, ол сенің даналығыңды көрсетеді»</p> <p style="text-align: right;">М.Монтень.</p> <p>Салауатты өмір сүру дегеніміз – дұрыс тамақтану, жеке бастың гигиенасын сақтау, шынығу, зиянды әдеттерден аулақ болу, қоршаған ортаның тазалығын сақтау, т. б. Кез келген адамның бір нәрсеге қызығушылығы болады. Өмірдің әртүрлі кезеңде адам өзгелерге, құбылыстар мен жағдайларға немесе заттарға белгілі бір дәрежеде тәуелді.</p>		Дәйексөздің мағынасын ашу, түсіндіру.

<p>Адамның уақыт өте келе әуесқойлығы, әдеттері өзгеруі мүмкін, бірақ тәуелділік қалпы түгелдей жойылып кетпейді. Кей кезде тәуелділіктің күшейетіні сондай, адам одан өз бетімен құтыла алмайтындай жағдайға жетеді, тәуелділік оның өзінің және жанындағы адамдардың өмірін азапқа айналдырады.</p>	<p>Дәйек-сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.</p>
<p><b>Топтық жұмыс.</b>  <b>Жаттығу: Құбылыстың екі жағы</b>  Студенттер өзара бірнеше топқа бөлінеді. Жаттығуға 30 минут уақыт беріледі. Әрбір құбылыстың тиімді және тиімсіз жағы болады. Сіз бен біз еліктіргіш нәрселердің осы екі жағын талдап көрелік. Олар төмендегідей:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Наша</li> <li>2. Ішімдік</li> <li>3. Компьютер ойындары</li> <li>4. Автомат ойындары</li> <li>5. Телевизор</li> <li>6. Казино</li> <li>7. Діни секталар - ағымдар.</li> </ol> <p>Сіздер қазір еліктіргіш нәрселердің бір түрін таңдап алып, оның қажетсіз жақтарын тізіп жазып, содан соң презентация жасауларыңыз қажет. Аталған еліктіргіш нәрселердің адам өміріне тигізетін зияндары ескерілуі тиіс.</p> <p>Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Басқа адамдармен қарым-қатынасы</li> <li>• Денсаулық жағдайы</li> <li>• Эмоционалды сезімдік жағдайлар</li> <li>• Материалдық жағы</li> </ul> <p>Енді қағазды аударып, екінші жағына осы еліктіргіштің тиімді жақтарын теріп жазып, өз көзқарасыңызды қорғауға тырысыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ләззат сезімі</li> <li>• қызығушылық</li> <li>• Тәнді және психикалық қалыпты қозғаушы күш</li> <li>• өзгеше сезімдер, өзгеше түйсіну</li> <li>• Проблемалардың уақытша ұмыт болуы</li> </ul>	<p>Шығармашылық белсенділік - терін дамыту.</p>
<p>➤ <b>Пікірлесу сұрақтары.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• «Еліктіргіш нәрселер» деп нені айтар едіңіз?</li> <li>• Бұл заттардың қай түрінің сізге тікелей қатысы бар?</li> <li>• Қалай ойлайсыз, адамның қиыншылықтарын шешетін ерекшеліктер бола ма?</li> <li>• Біз құбылыстардың екі жағын бірдей ескереміз бе?</li> <li>• Кімге қауіпті екендігінің екі жағы да анық көрініп тұрады? Неге?</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>



<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұл еліктіргіштер адам өміріндегі қиындықты шеше ала ма?</li> <li>• Еліктіргіш заттардан алған әсерді басқа зиянсыз әуесқойлықпен алмастыруға бола ма?</li> <li>• Өзгелерге зиянды заттарды ұсынатын адамдар үнемі шындықты айта ма?</li> <li>• Кейбір адамдар неліктен темекіге, ішімдікке әуес болады?</li> <li>• Зиянды нәрселерден қалай бас тартуға болады?</li> <li>• Зиянды нәрселердің адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екенін білесіңдер ме?</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Даналық ойларды талдау</b>  Салауатты өмір салтын сақтауға кеңесімді қабылдаңыздар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Ұстанымың-салауатты өмір салты болсын және оны бұлжытпай сақта;</li> <li>➤ Денсаулығыңды жастайыңнан сақта;</li> <li>➤ Әркез, мейірімді, ұстамды, сабырлы, ақылды бол, мазасыздықпен қобалжу жүрекке күш түсіреді;</li> <li>➤ Жақындарыңды құрметте, ақыл-кеңестеріне құлақ сал-олар сенің өміріндегі басты құндылықтар;</li> <li>➤ Өзіңе қызықты, рухани жақтан қанағаттандыратын іс-әрекеттеріңді таңдап ал;</li> <li>➤ Таза ауада көбірек болуға тырысып, дене еңбегімен шұғылдан;</li> <li>➤ Уайым-қайғыға берілме, көңіл-күйіңді түсірме;</li> <li>➤ Қалыпты нәрсенің бәрі денсаулыққа пайдалы, ал шамадан тыс нәрсе зиянды;</li> <li>➤ Жаның мен тәніңді мұқият тыңдай біл, оны сезін, зертте, сырына үніл, үніне құлақ сал;</li> <li>➤ Бас аманда мал тәтті, бас ауырса жан тәтті.</li> <li>➤ Жарлының байлығы – денінің саулығы.</li> <li>➤ Қай жерің ауырса, жаның сол жерде.</li> <li>➤ Ауру астан, дау қарындастан.</li> <li>➤ Ауруын жасырған өледі.</li> <li>➤ Дені сау адам – дәулетті адам.</li> <li>➤ Ішің ауырса аузыңды тый, Көзің ауырса қолыңды тый.</li> <li>➤ Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің.</li> <li>➤ Ауруы жоқтың бағы бар.</li> <li>➤ Шайнамай жұтқан ауырмай өледі.</li> <li>➤ Денсаулығың сай болса, көңілің жай болар.</li> <li>➤ Ұйқы тынықтырады, жұмыс шынықтырады.</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ <b>Сергіту сәті.</b></li> <li>➤ «Арақ туралы терме» бейнесюжет көрсету</li> </ul>	<p>Тақырыпты пысықтау</p>
<p><b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ 1 - жағдаят. Бір күні сені жан досың бір отырысқа ертіп баратындығын айтты.</li> </ul>	

<p>Онда барғаныңда үлкен жиынның үстінен түстің. Сені бейтаныс адамдар ішімдік ішуге, шылым шегуге шақырды. Досың да солар жағында. Бұған дейін досыңның мұндай әдеттерін байқамапсың.</p> <p>Осы жағдайда сен не істер едің, қандайда бір шұғыл шешім қабылдайсың ба? Өз шешіміңмен бөліс.</p> <p>2 - жағдаят. Сыныпқа жаңадан оқушы келді. Барлық сынып оқушылары жақын араласып кетті. Сіз онымен дос та болып алдыңыз. Кейін сіз оның жұқпалы аурумен ауыратынын білдіңіз.</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>								
<p>Бұл жағдайдағы сіздің іс - әрекетіңіз қандай?</p> <p>3 - жағдаят. Сен ағаңмен өте татусың. Бір күні ағаңның жанқалтасынан бір қорап темекі тауып алдың. Ол әке - шешене айтпауынды өтінді.</p> <p>Сенің әрекетің. Оқушылардың ой пікірін тыңдау.</p>	<p>Шығармашы - лық белсенділіктерін дамыту.</p>								
<p>«Арақтың денсаулыққа зияны» Тақырыпқа арналған фильмдерден қысқаша үзінді немесе әлеуметтік бейнеролик керсетіледі.</p>	<p>Талдау, талқылау.</p>								
<p><b>Топпен ән айту.</b> Ән «Қазақ жастары» Төрағали Төрәлі.</p>	<p>Тақырыпты бекіту .</p>								
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b> Қандай әдеттерден арылып, қандай әдеттерге ие болғың келеді (кесте толтыру)</p> <table border="1" data-bbox="137 936 1174 1059"> <thead> <tr> <th data-bbox="137 936 240 1021">№</th> <th data-bbox="240 936 571 1021">Менің жақсы әдеттерім</th> <th data-bbox="571 936 887 1021">Менің жаман әдеттерім</th> <th data-bbox="887 936 1174 1021">Маған қажетті әдеттер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="137 1021 240 1059"></td> <td data-bbox="240 1021 571 1059"></td> <td data-bbox="571 1021 887 1059"></td> <td data-bbox="887 1021 1174 1059"></td> </tr> </tbody> </table>	№	Менің жақсы әдеттерім	Менің жаман әдеттерім	Маған қажетті әдеттер					<p>Дайындық, тақырыпты тереңдету.</p>
№	Менің жақсы әдеттерім	Менің жаман әдеттерім	Маған қажетті әдеттер						
<p><b>Рефлексия</b> Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру.</p>								
<p><b>Қорытынды.</b> Нағыз жан-жақты дамыған адамдар, яғни аса зор жетістіктерге жеткен тұлғалар, көбінесе адамдарға деген терең құрмет сезіміне, басқаларды бағалау қасиетіне ие. Жетістікке жетудің арнайы мінез-құлықдық моделі бар, оған кез-келген адамның қол жеткізуіне болады. Біз өзіміздің өмірімізде мүлгіп жатқан жойқын күштерге жол беріп, көзін ашуға, оларды өмірден белгілі бір мақсаттарға бағыттауға толық мүмкіндігіміз бар. Бұл жолда экономикалық, саяси. Әлеуметтік қиындықтар еш кедергі жасай алмайды. Тек өзінің күшіне сенбеу, қолымнан келмейді деп санасын өшіру кері әсерін тигізеді.</p>	<p>Сабакқа қорытынды жасау.</p>								
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Баяу әуен</p>								

**Сабақтың технологиялық картасы № 12**

**Тақырып:** «Өмірді алдын ала болжауға бола ма?»

**Құндылық:** «Өмір», «болжам», «жорамал»

**Қасиеттер:** Құрметтеу, сыйластық, түсінушілік

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушыларға «өмір», «болжам», «жорамал» жайлы ұғымдарға түсінік беру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өмірді алдын ала болжау туралы мағлұмат беру, мән-мағынасын ашып, түсіндіру.</li> <li>- болжам, балгерлік, көріпкелдік жайлы дұрыс көзқарастарын қалыптастыру.</li> <li>- өз бетімен ой қорытындыларын жасай білуге, өз пікірлерін ашық жеткізе алуға, алған білімдерін болашақ тәжірибеде қолдана алуға, өзіндік жұмыс істеуге баулу.</li> <li>- ойлау қабілетін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.</li> <li>- жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер Жабдықта-луы.</p>																														
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті</p> <p><b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																															
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, сурет арқылы өз ойын бейнелеу, топпен бірге жұмыс, әңгіме, шығармашылық жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ой толғау.</p>																															
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнебаяндар, дәптер, үлкен көлемді қағаздар.</p>																															
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr><td>1. Ұйымдастыру кезеңі</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(7 минут)</td></tr> <tr><td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>5. Пікірлесу сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>6. Даналық ойды талдау</td><td style="text-align: right;">(6 минут)</td></tr> <tr><td>7. Шығармашылық жұмыс</td><td style="text-align: right;">(12 минут)</td></tr> <tr><td>8. Бейне баян көрсету</td><td style="text-align: right;">(6 минут)</td></tr> <tr><td>9. Талқылау сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>10. Тапсырма</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>11. Нақыл сөздерді талдау</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>12. Бейне материал көрсету</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>13. Талқылау сұрақтары</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>14. Топпен ән айту</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>15. Үй тапсырмасы</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(7 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)	6. Даналық ойды талдау	(6 минут)	7. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)	8. Бейне баян көрсету	(6 минут)	9. Талқылау сұрақтары	(3 минут)	10. Тапсырма	(5 минут)	11. Нақыл сөздерді талдау	(5 минут)	12. Бейне материал көрсету	(10 минут)	13. Талқылау сұрақтары	(3 минут)	14. Топпен ән айту	(3 минут)	15. Үй тапсырмасы	(2 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																														
2. Тыныштық сәті	(7 минут)																														
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																														
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																														
5. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)																														
6. Даналық ойды талдау	(6 минут)																														
7. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)																														
8. Бейне баян көрсету	(6 минут)																														
9. Талқылау сұрақтары	(3 минут)																														
10. Тапсырма	(5 минут)																														
11. Нақыл сөздерді талдау	(5 минут)																														
12. Бейне материал көрсету	(10 минут)																														
13. Талқылау сұрақтары	(3 минут)																														
14. Топпен ән айту	(3 минут)																														
15. Үй тапсырмасы	(2 минут)																														
<table border="0" style="width: 100%;"> <tr><td>16. Рефлексия</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>17. Қорытындылау</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>18. Соңғы тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> </table>	16. Рефлексия	(3 минут)	17. Қорытындылау	(2 минут)	18. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)																									
16. Рефлексия	(3 минут)																														
17. Қорытындылау	(2 минут)																														
18. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)																														

<b>Сабақтың барысы:</b>			Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.								
<p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>											
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>➤ «Өмірдің мәні» Нұрға бөлеу</p>			Бейне баян								
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b> Қандай әдеттерден арылып, қандай әдеттерге ие болғың келеді (кесте толтыру)</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 10%;">№</th> <th style="width: 30%;">Менің жақсы әдеттерім</th> <th style="width: 30%;">Менің жаман әдеттерім</th> <th style="width: 30%;">Маған қажетті әдеттер</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table>			№	Менің жақсы әдеттерім	Менің жаман әдеттерім	Маған қажетті әдеттер					Сабаққа дайындығын бағалау.
№	Менің жақсы әдеттерім	Менің жаман әдеттерім	Маған қажетті әдеттер								
<p><b>Дәйексөз.</b> Сен де бір кірпіш дүниеге тетігін тап та бар қалан.</p> <p style="text-align: right;">Абай</p>			Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.								
<p><b>1. Пікірлесу сұрақтары:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Болашақты алдын ала болжауға бола ма?</li> <li>➤ Болашақты болжайтын адамдарды қалай атаймыз?</li> <li>➤ Болашақты қандай әдістер арқылы болжауға болады?</li> <li>➤ Осылардың қайсысына сенуге болады?</li> <li>➤ Болашақты болжайтын, бойында ерекше қасиеті бар таныстарыңыз туралы не айтасыздар?</li> <li>➤ Оларға сенесіз бе?</li> </ul>			Тақырыпты өзектендіру.								
<p><b>Даналық ойларды талдау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Өзінен-өзі оза алмаған, Өзгеден де оза алмас. (М.Әлімбаев)</li> <li>➤ Әрбір сүрінгеніңді бақытсыздық деп санама. Бәлкім, сенің шын бақытың сол жерден басталар. (Лев Толстой)</li> <li>➤ Алдай алмайтын адамды азат адам деп атауға болады. (А.Камю)</li> <li>➤ Жетекке ергенді тағдыр жетелейді, (Сенека)</li> </ul>			Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.								
<p><b>2. Құлықсызды сүйрейді</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бақытты өзіміз жасамаған болсақ, онда оны қолдануға құқымыз жоқ (Б.Шоу).</li> <li>➤ Еркіндік - бұл жауапкершілік. Одан қорқатынымыз сондықтан (Б.Шоу).</li> </ul>			Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру								
<p><b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <p>1. «Өмірдің мәні» деген ұғымға анықтама беріңіз.</p> <p>2. Мәнді өмір сүру үшін адамға керек қасиеттер:</p>			Шығармашылық белсенділік								

<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ <b>Бейе баян көрсету.</b></li> <li>➤ «Жынды кетіру, көріпкел, тәуіп, бақсы балгер» Арман Куанышбаев бейнесюжет көрсету</li> </ul>	Тақырыпты пысықтау.
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ <b>Талқылау сұрақтары</b></li> <li>➤ Бейне баяндағы ойды талқылау жұмыстары</li> </ul>	Тақырыпты пысықтау.
<p><b>Тапсырма</b> Егер адам тағдыры өз қолында деп ойласақ, болашағыңызды қалай жоспарлар едіңіз?</p>	Шығармашы - лық белсенділіктерін дамыту.
<p><b>Нақыл сөздерді талқылау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Көңіл жақсы болғаны - Өмір жақсы болғаны. (халық мақалы)</li> <li>➤ Өзен ағысын бөгеуге болады, Өмір ағысын бөгеуге болмайды. (халық мақалы)</li> <li>➤ Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді, Арың өлсе, тәнің қатар өледі?! Бір қасиет бар әлемде қаққан жұмбақ қанатын, Артық кетсең, қатал қолмен төубанды еске салатын. Әрбір оғаш қылығыңды ұмытпаған, кетпеген, Ол-табиғат заңдылығы ғылым әлі шешпеген. Сәл көңіліме желік енсе, қасиетті сол заңға Қайшы келіп қалам ба деп сескенем (М.Шаханов)</li> <li>➤ Жаманға бақыт қонса, Қонғанын сезбей, Ұшқанын бір-ақ сезеді (Б.Момышұлы)</li> </ul>	Тақырыпты өзектендіру. Талдау, талқылау.
<p><b>Бейне сюжет көрсету</b> «Бал ашу, болжау, көріпкелдік»</p>	Тақырыпты пысықтау.
<p><b>Талқылау сұрақтары</b> Бейне материалдардағы ойларды талдау</p>	Тақырыпты пысықтау.
<p><b>Топпен ән айту.</b> «Сен де, мен де» Қайрат Нұртас</p>	Тақырыпты бекіту .
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұлтанқожаұлы Майлықожаұлының «дүниеге мейман көңілім...» атты өлеңі.</li> <li>2. Абайдың «37 сөзін» оқып шығып ұнаған ойларды дәптерге жазып алыңыз.</li> </ol>	Дайындық Тақырыпты тереңдету.
<ol style="list-style-type: none"> <li>3. М.Шахановтың «Алтын, күміс және қалайы» өлеңі.</li> <li>4. Саиф Сараи шығармаларынан үзінді.</li> <li>3. Әбілхасан Рудакидің «Өмір маған ақыл айтты»</li> <li>5. М.Мақатаевтың «Өмір жайлы» өлеңдері.</li> <li>6. Жетес бидің өз ғұмыры жайлы айтқан ой-толғамдарын оқып танысып, алған әсерлеріңізбен бөлісіңіздер.</li> </ol>	Дайындық Тақырыпты тереңдету.
<p><b>Рефлексия</b> Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	Кері байланыс ортасын құру.
<b>Қорытынды.</b>	
<b>Соңғы тыныштық сәті</b>	

**Сабақтың технологиялық картасы № 13**

**Тақырып:** «Материалдық және рухани құндылықтар»

**Құндылық:** «Құндылық», «Адами құндылықтар»

**Қасиеттер:** адамгершілік, қанағаттанушылық, бірлік, татулық

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Материалдық және рухани құндылықтар жайлы ақпарат бере отырып, рухани құндылықтарды қалыптастырудың жолдарын қарастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- адам өмір сүріп жатқан рухани - құндылықтар дүние екенін ұғындыру.</li> <li>- материалдық және рухани құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту, жаңа ақпараттармен толықтыру.</li> <li>- білім алушылардың алған теориялық білімін өз бетінше өзіндік тұжырымдай білуге дағдыландыру.</li> <li>- өздерін қадірлеуге, өмірге адам болып келген соң, адам болып өмір сүру керектігін түсіндіру.</li> <li>- білім алушыларды рухани құндылықтар арқылы адамгершілік, инабаттылық, сауаттылық, ұқыптылыққа тәрбиелеуге ықпал жасау.</li> <li>- жастардың нақты болмысынан басқа жоғары рухани болмыстың қажеттігін сезіндіру.</li> </ul>	<p><b>Ресурстар:</b> (құралдар, мәліметтер, Жабдықтауы.</p>																		
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті</p> <p><b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																			
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, сурет арқылы өз ойын бейнелеу, топпен бірге жұмыс, әңгіме, шығармашылық жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ой толғау. миға шабуыл, танымдық ойын, метаплан, жаңа ақпарат беру, салыстырмалы түрде талдау, дәйексөз,</p>																			
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнебаяндар, дәптер, үлкен көлемді қағаздар, таза парақ.</p>																			
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 80%;">1. Ұйымдастыру кезеңі</td> <td style="width: 20%; text-align: right;">(2 минут)</td> </tr> <tr> <td>2. Тыныштық сәті</td> <td style="text-align: right;">(3 минут)</td> </tr> <tr> <td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>4. Дәйексөз талдау</td> <td style="text-align: right;">(3 минут)</td> </tr> <tr> <td>5. Жаңа ақпарат беру</td> <td style="text-align: right;">(5 минут)</td> </tr> <tr> <td>6. Даналық ойды талдау</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>7. Тапсырма</td> <td style="text-align: right;">(12 минут)</td> </tr> <tr> <td>8. Пікірлесу сұрақтары</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>9. Шығармашылық жұмыс</td> <td style="text-align: right;">(10 минут)</td> </tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(3 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Жаңа ақпарат беру	(5 минут)	6. Даналық ойды талдау	(10 минут)	7. Тапсырма	(12 минут)	8. Пікірлесу сұрақтары	(10 минут)	9. Шығармашылық жұмыс	(10 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																		
2. Тыныштық сәті	(3 минут)																		
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																		
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																		
5. Жаңа ақпарат беру	(5 минут)																		
6. Даналық ойды талдау	(10 минут)																		
7. Тапсырма	(12 минут)																		
8. Пікірлесу сұрақтары	(10 минут)																		
9. Шығармашылық жұмыс	(10 минут)																		

10. Бейне материал көрсету 11. Топпен ән айту 12. Үй тапсырмасы 13. Рефлексия 14. Қорытындылау 15. Соңғы тыныштық сәті	(10 минут) (4 минут) (2 минут) (3 минут) (3 минут) (3 минут)	
<b>Сабақтың барысы:</b>		
<p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>		Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>Видеоролик: Адами құндылықтар</p>		Баяу әуен
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сұлтанқожаұлы Майлықожааның «дүниеге мейман көңілім...» атты өлеңі.</li> <li>2. Абайдың «37 сөзі».</li> <li>2. М.Шахановтың «Алтын, күміс және қалайы» өлеңі.</li> </ol> <p>Саиф Сараи шығармаларынан үзінді.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Әбілхасан Рудакидің «Өмір маған ақыл айтты»</li> <li>4. М.Мақатаевтың «Өмір жайлы» өлеңдері.</li> <li>5. Жетес бидің өз ғұмыры жайлы айтқан ой-толғамдары.</li> </ol>		Сабаққа дайындығын бағалау.
<p><b>Дәйексөз.</b></p> <p>➤ «Адамға адал досты табу қиын, Көбіне дос етеді мал мен бұйым. Қасыңнан, досыңнан да бірдей сақтан, Егер де болса зердең, баста миың».</p> <p style="text-align: right;">Ахмет Байтұрсынов.</p> <p>Бүгінгі жастар рухани байлықтан гөрі материалдық байлықты үстем орынға қоятын жалаң көзқарастың жетегінде жүр. Себебі, олар адам жанының алтын арқауы-рухани құндылық екенін ұмыта бастаған сыңайлы. Кім болса да жақсы өмір сүруге тырысатыны белгілі. Ол үшін кім не істейді. Бұл әркімнің өзіне байланысты. Кебіне жақсы өмір сүруді материалдық тәуелсіздікпен байланыстыруға тырысамыз. Шын мәніде ол материалдық және рухани байлықтың ара қатынасының тепендігіне байланысты. Адамның адамға қажеттілігін оның бақытының, кеңпейілділігі іспеттес. Шынайы байлық адамдардың іс-әрекетінен көрініп тұрады. Адамдар бір-бірінен қарым-қатынас жасау барысында өз бойларыңдығы қалыптасқан құндылықтарды көрсете алады.</p> <p>Шын бай адам рухани бай адам.</p>		Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.
<p>Шын кедей адам да рухани жағынан кедей адамдар болғаны. Демек материалдық кемшілік шынайы кедейшілік емес дегеніндей, материалдық байлық шынайы байлыққа емес.</p>		Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.
<p><b>Жаңа ақпарат</b></p> <p>Әдетте құндылық деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді? Құнды заттар, құнды ақпарат, басқа адамның құнды қасиет.</p>		

<p>Әр нәрсенің өз құндылығын білгенмен, біз өз құнд/мызға назар аудары бермейміз-жан-дүниеміздің құндылығына. Сіз өзіңізді ақылды, инабатты, тәрбиелі, парасатты, адамгершілігі, түсінігі мол, т.б.керемет қасиетке ие адаммын деп ойлауыңыз мүмкін. Бұның бәрі құнды қасиеттерге жатады. Шынайы байлыққа ние болған адам бақытты өмір сүреді. Рухани жудеу кедейленген адамның еш уақытта материалдық байлыққа қолы жетпейді. Керісінше материалдық тұрғыда кедей адамдар рухани байлыққа болашақта материалдық тұрғыдан баюына мүмкіндігі мол. Сіз ата-анаңызды, туыстарыңызды, достарыңызды, туған жеріңізді, еліңізді, ұлтыңызды шексіз сүюіңіз мүмкін. Бұл да адамның ерекше жақсы көретін құндылығы. Сіздің үйіңіз, материалды жағдайыңыз, жұмысы-ңыз, айналысатын ісіңіз, хоббиіңіз, шығармашылығыңыз да құнд/р қатарында. Болмысыңыз бен пішініңіз, сұлулығыңыз, сымбаттылығыңыз құндылықтың бір түрі. Сонымен қатар, іске аспай жатқан құндылықтар да болады: үйлену, тұрмыс құру, ата-ана болу, өмірде өз орныңды табу, сыйлы адам болу, тұлға ретінде мойындалуда құндылықтар. Аналар үшін баласы үлкен құндылық.Сол себепті баласы жайлы жаман сөз естісе, ескерту алса, анасының жүрегі жараланады, ашуға салынады, айтқан адамға өмір бойы ренжіп, ашуланып, тіпті төбелесуге дейін баратындар бар. Ал енді сол реніш пен ашуға келдік, негізінде осы эмоциялар басқаның біздің құндылықтарымызға тіл тигізгенінен болады екен. Мұны біз ешқашан ойланбай-мыз. Адам сенің ашуыңа тиді, ренжітті, аяғында ұрсып тыңдындар. Ал негізі ойлана келсек, ол сіздің қандай да бір құндылығыңды жалмап өтуі мүмкін. Әр адам өз құндылығын анықтап алған кезде реніштің қайдан шығатыны анықтала бастайды. Сол кезде адамды кешіру де жеңілдейді. Мысалы, сіз бір адамның шығармашылығын сынға алдыңыз. Ол азар да безер болып, сізге ренжіді. Неге? Өйткені, ол үшін оның шығармасы оның құндылығы. Ол оған жанын салды. Ал сізге бұл тіптен құндылық болмауы мүмкін.</p>	<p>Тақырыты өзектендіру .</p>
<p><b>Даналық сөздерді талдау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» халық даналығы</li> <li>➤ «Адам өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нәрсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады» Әл-Фараби.</li> <li>➤ «Ердің артында мол байлық қалғанша, жақсы аты қалғаны игі». (халық даналығы)</li> <li>➤ «Ақыл ой жүректі бірге ұста». Абай Құнанбаев</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Адам баласы мінезге бай болу керек» Абай</li> </ul>	



<p><b>Тапсырма</b></p> <p>1. Енді төмендегі құндылықтарды материалдық және рухани топқа бөліп: киім-кешек, кітап, театр, бағалы зат, үй, теледидар, көрме, мұражай, тарихи ескерткіштер, гүл.</p> <p>Әр қайсыларыңыз жақсы өмір сүруге өте қажет құндылықтарды ретімен жазып шығыңыздар (мысалы: денсаулық, бейбіт өмір, туыстар арасындағы мейірімді қатынас, махаббат, ақша, дүние-мүлік және т.б.).</p> <p>2. Өзіңіз пір тұтқан адамыңыздың ізгі құндылықтарын саралап, өзіңізбен салыстырыңыз. Бай адамның бойындағы құндылықтар негізінде құрастырыңыз. Сіз өзіңізге қажетті заттарды анықтаңыз және қандай тілегіңіз бар?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Адамгершілік. Мораль. Ізгілік. Ниет.</li> <li>• Ақыл. Парасат. Білімділік. Даналық.</li> <li>• Толеранттық. Шыдамдылық. Төзімділік.</li> <li>• Әдептілік. Ізеттілік. Ар-ұят. Кіші пейілдік.</li> <li>• Жанашырлық. Мейірімділік. Бауырмалдық. Қайырымдылық. Рақым.</li> <li>• Сүйіспеншілік. Махаббат. Бақыт.</li> <li>• Имандылық. Инабаттылық, ибалық. Кісілік</li> <li>• Достық. Ұжымшылдық. Адалдық.</li> <li>• Әсемдік. Әдемілік. Сезімталдық.</li> <li>• Мінез-құлық. Сабырлық. Ұстамдылық.</li> <li>• Аманат. Дәулет. Қанағат. Әділеттілік.</li> <li>• Патриотизм. Отанға адалдық. Батылдық. Ұлттар достығын құрметтеу.</li> <li>• Талап. Өнерлілік. Шығармашылық. Еңбексүйгіштік.</li> <li>• Қайраттылық. Жүректілік. Ерік-жігер.</li> <li>• Рухани байлық. Игілік. т.б.</li> </ul>	<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>3. Пікірлесу сұрақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сіз өзіңізге не тілер едіңіз, басқаларға ше?</li> <li>2. Өз тілегіңіз сол адаммен алыс-жақын қатынасыңызды білдіре ме?</li> <li>4. Тілек тілеу арқылы ол адамға жақындығыңызды сезінуге тырысасыз ба?</li> <li>5. Әлде шешендігіңізді көрсетесіз бе?</li> <li>6. Адамдар бір-біріне материалдық байлық тілей ме?</li> <li>7. Әлде рухани байлық тілей ме?</li> <li>8. Ойланып көріңізші, сіздің қандай құндылықтарыңыз бар?</li> <li>9. Рухани қажеттілікке нені жатқызуға болады?</li> <li>10. Материалдық қажеттілікке нені жатқызуға болады?</li> <li>11. Материалдық және рухани қажеттіліктерді пайыз көлемімен салыстыруға бола ма?</li> <li>12. Қажеттіліктер қандай құндылықтармен байланысты?</li> </ol>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Шығармашылық жұмыс</b></p> <p>Әр бір топ мүшесі таза параққа өз бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттер мен мінездерді тізбектеп жазып шығады. Екі құндылықты бейнелеуге тырысады. Күн нұрының қысқа шуағы жағымсыз, ал ұзын шуағы жағымды әдеттер болуы тиіс. Осылайша әркім өзінше сипаттама береді. Күн нұрының ұзын шуақтары мол болса, оның бейне де әдемі ал олай болмаған жағдайда жағымсыз мінездерді жоюға күш жұмсалуды тиіс. Студенттің көмегімен оқытушы тақтаға топқа арналған күнді салуға тырысады. Жағымды қасиеттердің, жағымсыз мінездердің санына байланысты топтың бейнесі айқындалады.</p>	<p>Талдау, талқылау.</p>

<p><b>Бейне материал көрсету</b> «Бай мен кедей». Шәкәрім Құдайбердіұлы</p>	<p>Тақырыпты пысықтау.</p>
<p>Топпен ән айту. Серік Ибрагимов &amp; Лашын - Әсем ән</p>	<p>Сергіту сәті.</p>
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b> Материалдық және рухани құндылықтар тізбесін жасау. Рухани құндылықтарды дамыту жолдарын дәптерге жазып келу. 1. Егер өз ата-аналарыңызбен бірге тұратын болсаңыз, отбасы қаражатына тек сіздің қажеттіліктеріңізді өтеу үшін қанша қаражат кететінін есептеңіз. 2. Сізге жұмсалатын қаржының пайыз келемінде қаншасы материалдық қаншасы рухани қажеттіліктерге жұмсалатынын анықтаңыз.</p>	<p>Дайындық Тақырыпты тереңдету.</p>
<p><b>Рефлексия</b> Студенттерге бір-біріне қандай тілек тілер едіңіздер, таза параққа жазыңыздар.</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру.</p>
<p><b>Қорытынды.</b> Ә.Нысанбаевтің мына сөзін келтіре кету ойымызды нақтылай түседі: «Адам бойындағы рухани даму мүмкіндігін көрсететін тағы бір жайт-оның айқын өмірлік позициясының болуы. Егер ол тек ғана баюға ұмтылатын, бірақ еліне өз отандастарына қол ұшын беруді, көмектесуді ойламайтын, имандылық пен адамгершіліктен аулақ тұрған болса, қанша кітап оқыса да, бәрібір, ондай адамның руханилығы туралы сөз болуы да мүмкін емес». Егер ол адам сізді кешіргісі келсе, ол сол құндылығына тағы бір назар аударып, оны жақсарту үшін тағы жұмыс істеу керектігін түсінуі керек. Бұл өмірде болатын т.б. реніштер мен ашуларға да байланыс-ты. Бірақ біреу менің құндылығымға тиісті деп ренжіп жүре беруге болмайды. Құндылығыңыздың кем-кетік тұстарын анықтаңыз, ол әлі де жөндеуді талап ететін шығар, немесе құндылығыңыздың кішкене бағасын түсіріп, адамды кешіріңіз.</p>	<p>Сабаққа қорытынды жасау.</p>
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Нұрға бөлеу</p>

## Сабақтың технологиялық картасы № 14

**Тақырып:** «Болашақ бүгіннен басталады»

**Құндылық:** «болашақ», «мақсат»

**Қасиеттер:** бағалай білу, қадірлей білу, түсіністік.

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> «Болашақ» құндылығының мәнін ашу.. Білім алушыларға жауапты өмірлерінің басталғандығын түсіндіру. Өмірдің әртүрлі жағдайына бейімделуін, кездескен қиындықтардан дұрыс жол табуларына жол керсету.</p>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер Жабдықта- луы.</p>																														
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті <b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																															
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, топпен бірге жұмыс, әңгіме, шығармашылық жұмыс, сұрақ - жауап, сергіту сәті, ой толғау, пікіртатас, ситуациялық ойын, талдау.</p>																															
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнебаяндар, дәптер, үлкен көлемді қағаздар.</p>																															
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0" style="width: 100%;"> <tr><td>1. Ұйымдастыру кезеңі</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>2. Тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>4. Дәйексөз талдау</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>5. Тапсырма</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>6. Даналық ойды талдау</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>7. Ситуациялық ойын</td><td style="text-align: right;">(10 минут)</td></tr> <tr><td>8. Тапсырма</td><td style="text-align: right;">(12 минут)</td></tr> <tr><td>9. Бейне баян көрсету</td><td style="text-align: right;">(5 минут)</td></tr> <tr><td>10. Шығармашылық жұмыс. Тест.</td><td style="text-align: right;">(14 минут)</td></tr> <tr><td>11. Топпен ән айту</td><td style="text-align: right;">(4 минут)</td></tr> <tr><td>12. Үй тапсырмасы</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>13. Рефлексия</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> <tr><td>14. Қорытындылау</td><td style="text-align: right;">(2 минут)</td></tr> <tr><td>15. Соңғы тыныштық сәті</td><td style="text-align: right;">(3 минут)</td></tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(5 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Тапсырма	(5 минут)	6. Даналық ойды талдау	(10 минут)	7. Ситуациялық ойын	(10 минут)	8. Тапсырма	(12 минут)	9. Бейне баян көрсету	(5 минут)	10. Шығармашылық жұмыс. Тест.	(14 минут)	11. Топпен ән айту	(4 минут)	12. Үй тапсырмасы	(2 минут)	13. Рефлексия	(3 минут)	14. Қорытындылау	(2 минут)	15. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																														
2. Тыныштық сәті	(5 минут)																														
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																														
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																														
5. Тапсырма	(5 минут)																														
6. Даналық ойды талдау	(10 минут)																														
7. Ситуациялық ойын	(10 минут)																														
8. Тапсырма	(12 минут)																														
9. Бейне баян көрсету	(5 минут)																														
10. Шығармашылық жұмыс. Тест.	(14 минут)																														
11. Топпен ән айту	(4 минут)																														
12. Үй тапсырмасы	(2 минут)																														
13. Рефлексия	(3 минут)																														
14. Қорытындылау	(2 минут)																														
15. Соңғы тыныштық сәті	(3 минут)																														
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	<p>Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.</p>																														
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>➤ «Жалған өмір» Бейне баян</p>	<p>Нұрға бөлеу</p>																														

<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Абайдың «Өлсем орным қара жер болмай ма?» өлеңі;</li> <li>➤ Асан қайғының «Бұл заманда не ғәріп?» толғауы;</li> </ul> <p>«Ғұмыр ұзақтығындай жол» мақал-мәтелдер.</p>	<p>Сабаққа дайындығын бағалау</p>
<p><b>Дәйексөз.</b> Өмір-мұхит, уақыт - толқын.</p> <p style="text-align: right;">Абай</p> <p>Халықтың өмірі жеке адамдар өмінен құралатыны сияқты халық тарихы да дара тұлғалардың тарихынан тұрады. Әрине, біз өміріңіздің жарқын болатынына сенуіміз керек. Бірақ оның жарқын, мәнді, мағыналы болуына жеке адамдар өзіндік үлесін қосуы тиіс.</p>	<p>Дәйек - сөздің мағынасын ашу, түсіндіру,</p>
<p><b>Тапсырма</b> Әркім өз болашағын елестету арқылы туындаған сезімдерді қағаз бетіне бір-бір ауыз сөйлеммен жазып шықсын. Оны бір-бірлеріңізге ауыстырыңыздар. Қуаныш пен қорқыныш сезімдерді дауыстап оқып, ол адамға тілегіңізді білдіріңіз.</p>	<p>Шығармашылық белсенділік - терін дамыту.</p>
<p><b>Даналық ойларды талдау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Арам нәрселерден сақтансаң - адамдар арасында қадірлі боласың. <span style="float: right;">(Мың бір хадис-19)</span></li> <li>➤ Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе - адал адам бол. <span style="float: right;">(Т. Фуллер)</span></li> <li>➤ Тұрмысқа тірі күнде бол себепкер,</li> <li>➤ Отырма құр үйінде бойға сеніп.</li> <li>➤ Талап қыл, азды-көпті жұмса ойды,</li> <li>➤ Әр істің ақырын ойла, көңіл бөліп. <span style="float: right;">(Ақан сері)</span></li> <li>➤ Жас кезінде көргенің болмаса,</li> <li>➤ Үлкейгенде кісілігің болмайды. <span style="float: right;">(Халық нақылы)</span></li> <li>➤ Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,</li> <li>➤ Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.</li> <li>➤ Өзің білмесең, білгендерден үйрен,</li> <li>➤ Үйренгеннен ештеңең кетпейді. <span style="float: right;">(Төле би)</span></li> <li>➤ Қатты тәртіп көрсе бала күнінде,</li> <li>➤ Өнерімен қуандырар түбінде.</li> <li>➤ Бала нені көрсе жастан-ұядан,</li> <li>➤ Өле өлгенше соны шолар қиядан. <span style="float: right;">(Жүсіп Баласағұни)</span></li> <li>➤ Дүниеге қызығамыз несін біліп,</li> <li>➤ Аз күнгі қызығына есерленіп,</li> <li>➤ Жалаңаш кеп жалаңаш қайтамыз ғой, Мойынға төрт қарыс бөз тесіп іліп. <span style="float: right;">(Шал ақын)</span></li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p><b>Ситуациялық ойын</b> Топ үшке бөлінеді. Әрбір топқа ситуациялық жағдайды шешу ұсынылады:</p> <p>1-ситуация. Сіз ауылдан қалаға келіп білім алып, жетістікке жете бастадыңыз делік. Өз бетіңізше өмір сүруге әбден дағдыландыңыз. Тіпті сізге фермадан жоғары ақы төлейтін жұмыс та ұсынып отыр. Кенеттен анаңыз қатты сырқаттанып қалды деген хабар аласыз, сізден басқа қарайласатын адам жоқ. Сіздің іс-әрекетіңіз.</p> <p>2-ситуация. Сіз бүгін кешке қалыңдығыңызбен театрға баруыңыз қажет. Үйден шығар кезде почта қызметкері мені күтіп ал деген атаңыздың жеделхатын береді. Екеуінің уақыты бір мезгілде, ескертіп үлгермейсіз. Бірі театр алдында, екіншісі вокзалда күтуде. Атаңызды танитын, күтіп алатын басқа адам жоқ. Ситуацияны шешіңіз.</p> <p>3-ситуация. Сіз өз құрбыңыздың кемшілігін көрдіңіз. Мысалы жеңіл жүріспен айналысады, тіпті жеңіл жүрістен жұқпалы ауру жұқтырған. Болашақта оның ұрпағы болмайды. Ол үнемі сізді материалдық жағдайдан құтқарып отыратын. Қиын кездерде қол ұшын берген. Енді ол өзіңіздің өте жақын туысыңыздың қызымен (ұлымен) тұрмыс құрмақшы, бірақ оны жасырып қалмақшы. Сіз қандай қорытынды жасайсыз?</p> <p>Біз кебіне бүгінгі күн емес, ертең не болады деп күтумен өмір сүреміз. Негізінен қазіргі кездің мамандары, бүгінгі күнмен өмір сүру керектігін айтады. Бірақ бүгінгі күннің нәтижесіз ертеңгі күніңіздің болашағы жоқ екенін түсінгіңіз келмейтіні, демек ол тағыда кешегі күніңіздің көшірмесі іспеттес болады. Өмір мағынасыз, мәнсіз сипат алады.</p>	<p>Жағдаятты шеше білуге, басқаның орнына өзін қоя алуға, сезімдерін түсіне білуге баулу.</p>
<p><b>Тапсырма</b> <i>Құндылық сана ұстанымдары жайлы оқып, қортынды жасаңыз.</i> Өмірдің мәні жайлы сұраққа жауаптың нәтижелерін ұсынып отырмыз. Жауап бергендер жас адамдар, сіздің замандастарыңыз. Статистиканы талдап, эксперттік баға беріңіз.</p> <p>10% - Түбегейлі өзгерістерге бармай-ақ әлемдегі қайырымдылықтың мөлшерін арттыру үшін барлық мүмкіндікті жасау (мысалы: адамдарға көмектесу).</p> <p>2% - Идеалды қоғам орнатуға барлық күшті жұмылдыру (христиандық, коммунистік, мұсылмандық т.б.).</p> <p>0% - О дүниелік өмірге лайық болу үшін дұрыс өмір сүру.</p> <p>0% - Жан-жақты жетілген тұлға ретінде қалыптасу.</p> <p>6% - Адамдармен қарым-қатынаста көрінбегенмен, ғылым мен мәдениетте із қалдыратындай жаңалық ашу.</p> <p>20% - Әлемді мүмкін болғанша танып білу.</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p>8% - Ешнәрсені ойламастан, өмірдің ләззатын мейлінше татып, керегінше пайдалану. 31% - Өмірдің мәні-өмірдің өзінде. Оның бергеніне қанағат етіп, болмасты талап етпеу.</p> <p>0% - Күннің қалай өткенін ойлап бас қатырудың қажеті қанша?</p> <p>22% - Басқа да жағдайлар.</p>	
<p>➤ <b>Бейне баян көрсету.</b> Өмір мектебі «Өмірдің мәні неде?»</p>	Тақырыпты пысықтау
<p><b>Шығармашылық жұмыс.</b> «Сіз бақыттысызба?» тақырыбына жасалған тестке жауап бер. Берілген үш жауаптың бірін таңдаңыз:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Өткен өміріңізді еске түсіргенде қандай ойға келесіз?       <ol style="list-style-type: none"> <li>бәрі болды, жақсысынан жаманы көбірек;</li> <li>бәрі де болды, жаманынан жақсысы көбірек;</li> <li>өткен өміріме ризамын.</li> </ol> </li> <li>Өткен күніңізді кешке қалай қорытындылайсыз?       <ol style="list-style-type: none"> <li>өзіңізге қанағаттанбайсыз;</li> <li>бүгінгі күнді бұданда жақсы өткізуге болар еді деп ойлайсыз;</li> <li>өз-өзіңізге риза сезіммен ұйықтайсыз.</li> </ol> </li> <li>Айнаға қарағанда не ойлайсыз?       <ol style="list-style-type: none"> <li>күдай-ау, уақыт неткен қатыгез!;</li> <li>әлі де жаман емес!;</li> <li>өте тамаша!;</li> </ol> </li> <li>Егер танысыңыз ірі сыйлық ұтып алса, қандай ойға келесіз?       <ol style="list-style-type: none"> <li>маған ондай күн тумас;</li> <li>неге мен ұтып алмаймын?;</li> <li>менің де күнім туады.</li> </ol> </li> <li>Ақпараттан қайғылы хабар естігенде қандай ой келеді:       <ol style="list-style-type: none"> <li>бұл жағдай менің басыма да келуі мүмкін;</li> <li>бақытыма орай, мені күдай сақтады;</li> <li>«осы репортерлер өмірді қиындатып жібереді».</li> </ol> </li> <li>Таңертең ұйқыдан тұрғанда;       <ol style="list-style-type: none"> <li>еш нәрсе туралы ойлағыңыз келмейді;</li> <li>бүгінгі күні сізді не күтіп тұрғаны жайлы ойланасыз;</li> <li>жаңа күнді ризашылықпен қарсы алып, жағымды жаңалықтар күтесіз.</li> </ol> </li> <li>Таныстарыңыз туралы төмендегідей ой келеді:       <ol style="list-style-type: none"> <li>олар мен ойлағандай сезімтал және қайырымды адамдар емес;</li> <li>әрине, олардың кемшіліктері бар, бірақ түзетуге боларлық;</li> <li>өте жақсы адамдар.</li> </ol> </li> </ol>	Тест арқылы, өздерінің қаншалықты бақытты екенін сезіндірте білдіру.

<p>8.Өзіңізді басқалармен салыстырғанда сізге мына ойлар келеді:</p> <p>а) «мені жете бағаламайды»;</p> <p>ә) «мен басқалардан кем емеспін»;</p> <p>б)«мен лидер бола аламын және оны басқалар да мойындайды»</p> <p>9. 5-6 кг. салмақ қоссаңыз:</p> <p>а) есіңіз шығып, қапаланасыз;</p> <p>ә) онда тұрған еш нәрсе жоқ деп санайсыз;</p> <p>б) дереу дене ш/мен және тамақ ішуді шектеумен айналысасыз.</p> <p>10. Егер сіз емірден қажысаңыз:</p> <p>а) тағдырыңызға налысыз;</p> <p>ә) жамандық кетеді, орнына жақсылық келеді деп ойлайсыз;</p> <p>б) көңіл көтеруге тырысасыз.</p> <p>Әрбір"а"жауапқа-0ұпай,"ә"-жауапқа-1ұпай,«б»-жауапқа-2 ұпай.</p> <p><b>17-20ұпай.</b>Сіз адам сенбестей бақыттысыз. Өміріңізге ризасыз, күнделікті өмірдің ұсақ-түйектеріне мән бермейсіз.Өзіңіздің ақкөңілділігіңізбен басқаларға ұнайсыз, дегенмен көп нәрсеге үстірт қарап жүрген жоқсыз ба? Мүмкін, аздаған салмақтылық қажет болар?</p> <p><b>13-16 ұпай.</b> Сіз бақыттысыз, өміріңізде жаманшылықтан гөрі жақсылық көп. Сіз ақкөңілсіз, бірақ салқынқандысыз. Ақылыңыз да жеткілікті, дегенмен мінезіңізде жеңілтектік бар. Қиындықтармен бетпе бет кездескенде абыржымаңыз. Оларды байыппен бағалауға тырысыңыз.Ортаңыз сізді ұнатады.</p> <p><b>8-12 ұпай.</b>Бақытты, бақытсыз күндеріңіз бірдей. Егер бақытты күндеріңізді толықтырғыңыз келсе, қиыншылықта достар/ға сүйеніңіз, оларға сеніңіз және оларға да көмектесіңіз.</p> <p><b>0-7 ұпай.</b> Сіз өз өміріңізге риза емессіз және оны тағдырдың жіберген тәлкегі деп түсінесіз, тіпті өзіңізге аяныш сезімін туғызғыңыз келеді. Жақсылап ойланыңыз, сіздікі дұрыс па? Көңілді адамдар арасында көп болыңыз. Өзіңізді қызықтыратын іспен айналысқаныңыз дұрыс.</p>	<p>Тест арқылы, өздерінің қаншалықты бақытты екенін сезіндірте білдіру.</p>
<p><b>Топпен ән айту.</b> «Өмір өтті зырғып ағып» Мейрамбек Беспев</p>	<p>Тақырыпты бекіту</p>
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Даналық сөздер;</li> <li>➤ Ақмолла бидің толғауы;</li> <li>➤ Ы.Алтынсариннің «Тәкаппарлық» әңгімесі;</li> <li>➤ М.Мақатаевтың «Болашаққа» өлеңі.</li> </ul>	<p>Дайындық Тақырыпты тереңдету,</p>
<p><b>Рефлексия</b> Жүрекшеге тілек айтып бір-біріне жылы сөз сыйлау</p>	<p>Кері байланыс ортасы</p>

<p><b>Қорытынды.</b></p> <p>Есенберлиннің айтқанындай: «Ағаш қаншалықты биік өссе, оның тамыры да сонша тереңдейді, сол сияқты адам болашақты ойлаған сайын, өткен тарихты терең білгісі келеді. Олай болмаған жағдайда болашақты құру да мүмкін емес.</p> <p>К. Өмірәлиевтің "Алдыңғы ұрпақ жасаған рухани медениетін оған жалғасып келген екінші ұрпақтың берік иеленуі, мұраланып отыруы - табиғи заңдылық" - деген сөзінен құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілуі арқылы іске асатынын көруге болады. Ұлы тарихи тұлғалардан үйреніп, үлгі тұтады. Олардың нақыл сөздерін өз өмірлеріне азық етеді. Дара тұлғалардың өмірін зерттеу барысында көптеген өмір шындығы айқындатып, өз өмірлеріне негіз етеді.</p>	
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	



## Сабақтың технологиялық картасы № 15

Тақырып: «Өмір-мәңгілік»

Құндылық: «өмір», «бақыт»

Қасиеттер: шүкіршілік, сүйіспеншілік, адамгершілік

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Өмір сүру мәнін көрсету, өмір мен өлімнің өзара байланысы туралы мәселенің өзектілігін ашу, өмірдің құндылығы адам болмысының ең жоғарғы қасиеті деген түсінікті қалыптастыру.</p> <p>Құндылық сияқты өмірді бағалау алгоритмін табу және өмірді маңызды ету.</p>	Ресурстар: (құралдар, мәліметтер жабдықта луы)
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті</p> <p><b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>	
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, дәйексөз, сурет арқылы өз ойын бейнелеу, топпен бірге жұмыс, әңгіме, ой толғау, миға шабуыл, шығармашылық жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті, танымдық ойын, метажоспар, салыстырмалы түрде талдау.</p>	
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнебаяндар, дәптер, үлкен көлемді қағаздар, таза парақ, ашық хат.</p>	
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)</li> <li>2. Тыныштық сәті (3 минут)</li> <li>3. Үй тапсырмасын тексеру (10 минут)</li> <li>4. Дәйексөз талдау (3 минут)</li> <li>5. Даналық ойды талдау (12 минут)</li> <li>6. Ашықхатпен жұмыс (10 минут)</li> <li>7. Жаңа ақпарат беру (5 минут)</li> <li>8. Тапсырма (10 минут)</li> <li>9. Бейне материал көрсету (10 минут)</li> <li>10. Шығармашылық жұмыс (10 минут)</li> <li>11. Топпен ән айту (4 минут)</li> <li>12. Үй тапсырмасы (2 минут)</li> <li>13. Рефлексия (3 минут)</li> <li>14. Қорытындылау (3 минут)</li> <li>15. Соңғы тыныштық сәті (3 минут)</li> </ol>	
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың барысы:</b></p> <p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>	Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p>	Нұрға бөлеу
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Материалдық және рухани құндылықтар тізбесін жасау.</li> <li>➤ «Мен адаммын» шығарма жазу, жағдаяттойластыру.</li> <li>➤ «Менің пікірім» эссе</li> <li>➤ «Өмір-өзен» шығарма жазу</li> </ul>	Сабаққа дайындығын бағалау.

<p><b>Дәйексөз.</b> Адам ғұмыр бойы өзін-өзі шыңдайды.</p>	<p>Мағынасын ашу, түсіндіру.</p>
<p style="text-align: right;">Ф.Достоевский.</p> <p><b>Даналық сөздерді талдау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Қайғы ойлаған жігіттің, Кең дүниесі тармен тең. Уайымшыл адамның, Алды тұйық жармен тең. <span style="float: right;">(Шал ақын)</span></li> <li>➤ Өзі туралы ғана ойлап, бар нәрседен өзінің пайдасын іздейтін адам бақытты бола алмайды. өзің үшін өмір сүргің келеді екен, басқалар үшін де өмір сүре біл. <span style="float: right;">(Сенека)</span></li> <li>➤ Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат. <span style="float: right;">(Әл-Фараби)</span></li> <li>➤ Азды місе тұтып, дана мәз, ал ақымаққа барлығы аз. <span style="float: right;">(Ф.Ларошфуко)</span></li> <li>➤ Ақыл, қайрат жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден ерек. <span style="float: right;">(Абай)</span></li> <li>➤ Бақаның бағынан сұңқардың соры артық. <span style="float: right;">(Б. Момышұлы)</span></li> <li>➤ Бақыттың мәні-парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат қоя білуінде, ол мақсат тек кездейсоқ рақат үшін емес, шынайы игілік үшін бағытталуында, адамның өз мінез құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында. <span style="float: right;">(Әбу Насыр әл-Фараби)</span></li> <li>➤ Қайғы келсе, қарсы тұр, күлай берме, Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде, Сонан тапқан — шын асыл, тастай көрме. <span style="float: right;">(Абай)</span></li> <li>➤ Бақытсызды көріп тұрып, бақытты болуға болмайды. <span style="float: right;">(Мольер)</span></li> <li>➤ Өмір - мұхит, уақыт – толқын. <span style="float: right;">(Абай)</span></li> <li>➤ Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан. <span style="float: right;">(Абай)</span></li> </ul>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Өмір - күрес, бақыт – күресте. <span style="float: right;">(И.Гончаров)</span></li> <li>➤ Өмірдің алды - ыстық, арты - суық, Алды - ойын, артқы жағы - мұңға жуық. <span style="float: right;">(Абай)</span></li> </ul>	
<p><b>Ашықхатпен жұмыс.</b> Оқытушы берген ашықхатқа аты-жөніңізді жазып "мен өмірді не үшін сүйемін?" деген сұраққа жауап беріңіздер. Ашықхатты әрі қарай жалғастырыңыз. Ашықхат иесіне жайдары көңіл-күйіңізді білдіріңіз.</p>	<p>Тақырыты өзектендіру.</p>

<p><b>Жаңа ақпарат беру.</b>  Тұлғаның "Болу не болмау" деген мәселесі қазір бұрынғыдан да маңызды болып отыр. А. Камю "Сизиф туралы мифінде" өзін-өзі мерт қыламын дегендерге, өмірден үміт үзген, өзін-өзі өлтіруге бейім адамдарға жәрдем беріп, өмірін сақтауды өз адамгершілік міндетім деп білген. Адамның өмір сүруін, өмір мен өлім арасында болу мәселесін зерттейтін саланы экзистенциализм деп атаған. А. Камю философиясы бойынша кебінесе адамды қабылдамай жатсынатын ортада өзін-өзі түсінуге көмектесу керек деп есептеген. Сондықтан экзистенциалист өмір керемет деген кеңпейіл-оптимистік сенімде емес, өйткені дүние логикасын түкке тұрғысыз, мағынасыз мәнде қабылдайды.</p> <p>А. Камю грек мифінің кейіпкері - Сизифтің құдай қаһарына ұшырап, тасты тауға көтеруге мәжбүр болғанын тастың үнемі төмен домалайтынын түкке тұрмайтын әрекеттен өз мықтысында көрсетеді. Бірақ өмір (түкке тұрмайтын іс болса үздіксіз күрес жүргізу арқылы құндылықтарды жену үшін) адамға теңдесі жоқ құндылық болып табылады. Әрине жеке адамның өмірі өліммен аяқталатыны белгілі. Психология, әдебиет, философиясы, медицина. XX ғасыр экологиясы өлім аузындағы өмір мен өмірден күдер үзуді бұрынғыдан гөрі тереңірек және нақтылай зерттеген. Осы мәселелер адамды толғандырады. Біз жақын адамдарымыздан айрылғанда өмірдің қадірін түсінеміз. Жеке адамның өмірі мағыналы болу үшін. Бірақ аяқ астынан сол мағына жоғалуы да мүмкін. Ажалың келсе ақ өліммен өлу. Өмір сүруге мүмкіндік болса күресу. Басқаларға көмектесу - әр адамға керекті ұлы іс. Оны өмір өзі үйретеді. Ежелгі грек философы Эпикур "...жамандықтың ең қорқыныштысы - өлім. Біз тірі кезімізде өлімді ойламаймыз. Өлім келгенде біз болмаймыз" деп өз сезіміміз арқылы өмір құндылығын білдірген. Қазіргі заманғы экзистенциалды философия " өмір дегеніміз - өлім болмысы" дейді. Бір жағынан бұл дұрыс сияқты. Өйткені адам туа салысымен өлімге жақындайды. Өлім кез келген уақытта келуі мүмкін. Әлеуметтік және жеке бастың уайымы арқылы ойы мен сезімі тығырыққа тірелген адамды түсінуге болады.</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Оларды түсіну де керек. Бұл тек қана әлеуметтік патология (өзін-өзі мерт қылу идеясы) жағдайынында емес, дені сау адамдарда да болады. Жан-жақты жақсылықтан үміт үзу жағдайында да кездеседі. Осыған мысал ретінде Шекспирдің Гамлеттің айтуға болады. Экзистенциалистер ажалдың жақындығы өлім қаупі адамдарға өткен өмірінің мәні жөнінде ой салады деген пікірді ұстанады.</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Тапсырма</b>  Мораль бізді жарасымды өмір сүруге үгіттейді. Бұл ұғым нені білдіреді? Маңыздылығына қарай нөмірлеңіз және досыңыздың пікірімен салыстырыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қорлықсыз өмір сүру;</li> <li>• қарапайым өмір сүру;</li> <li>• бай-қуатты, күйлі өмір сүру;</li> <li>• шығармашылыққа толы өмір.</li> </ul>	<p>Шығармашылық белсенділіктерін дамыту.</p>
<p><b>Бейнематериал көрсету</b></p>	

<p><b>Шығармашылық жұмыс</b>  «Бақыт түймедағын» салып, (бақытқа жету үшін орамды-баспалдақты) жапырақшаларына (орамдарына) сізге өмірге риза болу үшін қажетті құндылықтарды жазыңыздар. Гүл әдемі шықты ма (баспалдақ тұрақты ма)?</p> <p>Гегесийге сүйене отырып осы уақытқа дейінгі өмірлік рақатыңыз бен қайғыңызды теңестіріңіз (дәптерге екі тізімді жазыңыз). Болашақ үшін осыдан қандай қорытынды шығаруға болады.</p> <p>Қайғыру <span style="float: right;">Рахаттану</span></p> <p>Өміріңіздегі елеулі маңызы бар рахаттарыңыздың тізімін жасаңыз. Олардың бәрінің өнегелік мәні бар ма? Олар басқа адамдардың мүддесін шектей ме?</p>	<p>Талдау, талқылау.</p>
<p><b>Топпен ән айту</b></p>	
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Абайдың «Өлсем орным қара жер болмай ма?» өлеңі;</li> <li>➤ Асан қайғының «Бұл заманда не гәріп?» толғауы;</li> <li>➤ «Ғұмыр ұзақтығындай жол» мақал-мәтелдер.</li> <li>➤</li> </ul>	<p>Дайындық, Тақырыпты тереңдету.</p>
<p><b>Рефлексия</b>  Студенттерге бір-біріне қандай тілек тілер едіңіздер, таза параққа жазыңыздар.</p>	<p>Кері байланыс құру.</p>
<p><b>Қорытынды.</b> Адам өмірін шынайы және адамгершілік тұрғыдан тартқылай отырып, өлім болмысы мәнінің теориялық мәнінде сенімсіздікпен қараймыз. Адам көңіл күйін дұрыс кезде өмір сүруге күштар болады. Өмір тағдырдың қызығына сенуді үйретеді.</p>	
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	<p>Баяу ән</p>

Сабақтың технологиялық картасы № 16

**Тақырып:** «Әрқашан мейірімділік жолымен жүр»

**Құндылық:** «Мейірім», «қайырым», «ізгілік»

**Қасиеттер:** жанашырлық, қамқорлық, адамгершілік

<p><b>Сабақтың мақсаты:</b> Білім алушылардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, мейірімді істер атқаруға ынталандыру, қалыптастыру. Білім алушылар бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды имандылыққа, шыншылдыққа, тәрбиелеу.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мейірімділіктің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру;</li> <li>- өзара сыйластық қарым-қатынастарын, өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы әңгімелей отырып, нақыл сөздер, өлеңдер, тақпақтар арқылы тілдерін дамыту;</li> <li>- мейірбандыққа, мейірімді болуға, қамқорлық жасауға жетелеу, қайырымдылық көрсетуге, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, оларға қамқорлық жасай отырып үлкенге көмек беріп, кішіге деген қамқорлыққа кішіпейілділікке тәрбиелеу;</li> <li>- шығармашылық қиялын, ой-өрісін, есте сақтау, жүйелі ойлауын дамыта отырып, танымдық қабілеттерін жетілдіру.</li> </ul>	<p>Ресурстар: (құралдар, мәліметтер Жабдықта-луы</p>																		
<p><b>Сабақтың типі:</b> Креативті <b>Сабақтың түрі:</b> Шығармашылық сабақ</p>																			
<p><b>Сабақтың әдіс-тәсілдері:</b> Пікірталас, сурет арқылы өз ойын бейнелеу, топпен бірге жұмыс, әңгіме, шығармашылық жұмыс, сұрақ-жауап, сергіту сәті, ой толғау, талдау, рефлексия, өзін-өзі түсіну пікірталас.</p>																			
<p><b>Сабақтың жабдықталуы:</b> слайд, бейнебаян, үн таспа, дәйексөздер, жұмыс дәптері, маркерлер, бейнебаяндар, дәптер, үлкен көлемді қағаздар.</p>																			
<p style="text-align: center;"><b>Сабақтың құрылымдық жоспары:</b></p> <table border="0"> <tr> <td>1. Ұйымдастыру кезеңі</td> <td>(2 минут)</td> </tr> <tr> <td>2. Тыныштық сәті</td> <td>(7 минут)</td> </tr> <tr> <td>3. Үй тапсырмасын тексеру</td> <td>(10 минут)</td> </tr> <tr> <td>4. Дәйексөз талдау</td> <td>(3 минут)</td> </tr> <tr> <td>5. Жаттығу</td> <td>(5 минут)</td> </tr> <tr> <td>6. Пікірлесу сұрақтары</td> <td>(5 минут)</td> </tr> <tr> <td>7. Даналық ойды талдау</td> <td>(6 минут)</td> </tr> <tr> <td>8. Шығармашылық жұмыс</td> <td>(12 минут)</td> </tr> <tr> <td>9. Бейне баян көрсету</td> <td>(6 минут)</td> </tr> </table>	1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)	2. Тыныштық сәті	(7 минут)	3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)	4. Дәйексөз талдау	(3 минут)	5. Жаттығу	(5 минут)	6. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)	7. Даналық ойды талдау	(6 минут)	8. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)	9. Бейне баян көрсету	(6 минут)	
1. Ұйымдастыру кезеңі	(2 минут)																		
2. Тыныштық сәті	(7 минут)																		
3. Үй тапсырмасын тексеру	(10 минут)																		
4. Дәйексөз талдау	(3 минут)																		
5. Жаттығу	(5 минут)																		
6. Пікірлесу сұрақтары	(5 минут)																		
7. Даналық ойды талдау	(6 минут)																		
8. Шығармашылық жұмыс	(12 минут)																		
9. Бейне баян көрсету	(6 минут)																		

10. Нақыл сөздерді талдау 11. Бейне материал көрсету 12. Топпен ән айту 13. Үй тапсырмасы 14. Рефлексия 15. Қорытындылау 16. Соңғы тыныштық сәті	(5 минут) (10 минут) (3 минут) (2 минут) (3 минут) (2 минут) (3 минут)	
<b>Сабақтың барысы:</b>		
<p>➤ <b>Ұйымдастыру кезеңі.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сәлемдесу.</li> <li>- Кабинет тазалығын бақылау.</li> <li>- Білім алушылардың жеке бас гигиенасы талаптарын сақтауын қадағалау, бақылау.</li> <li>- Білім алушыларды түгендеу, оқу журналымен, рапортिकाмен жұмыс.</li> </ul>		Сабаққа деген қызығушылығын ояту. Зейіндерін сабаққа аудару.
<p>➤ <b>Тыныштық сәті.</b></p> <p>➤ «Аспанға қараймын...» Абай Бегей</p>		Нұрға бөлеу
<p><b>Үй тапсырмасын тексеру</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Даналық сөздер;</li> <li>➤ Ақмолла бидің толғауы;</li> <li>➤ Б.Алтынсариннің «Тәкаппарлық» әңгімесі;</li> <li>➤ М.Мақатаевтың «Болашаққа» өлеңі.</li> </ul>		Сабаққа дайындығын бағалау.
<p><b>Дәйексөз.</b></p> <p>Мейірімділікке сену үшін, оны істеу керек.</p> <p style="text-align: right;">Л. Толстой.</p>		Дәйек сөздің мағынасын ашу, түсіндіру.
<p><b>Жаттығу</b></p> <p>Бір-біріңізбен ауыл адамдары секілді амандасыңыздар (олар жұрттың бәрімен амандасады, сонымен бірге хал-жағдайын, денсаулығын, мал-жан амандығын сұрайды).</p> <p>- Неге қала адамдары суық сәлемдеседі?</p>		Сабаққа әзірлеу, психологиялық жағымды ахуал орнату.
<p><b>Пікірлесу сұрақтары:</b></p> <p>Өзін-өзі тану пәнін оқып, үйрену сізге не үйретіп, не бергенін талқылап көрелік.</p> <p>Өмірге қадам басқан адамда екі үлкен мәселе болады. Қоршаған әлемдегі өзінің орнын және өмір мағынасын, өмір сүру мақсатын табу: «Кім болу?», «Қандай болу?», «Қалай өмір сүру керек?» - деген сұрақтардың жауабын әрбір ересек адам шеше білмейді, тіпті оны өздеріне барлығы бірдей қоя да бермейді. Өзінің жеке тұлға ретінде өсуіңізді және жолдастарыңыздың болмыс жетілуін қалай бағалар едіңіз?</p>		Тақырыпты өзектендіру

<p><b>Даналық ойларды талдау</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бір жамандықты жеңсеңіз, екінші жамандық орнын басуға дайын тұрады. ( Ф. Искандер)</li> <li>➤ Қарапайым, елеусіз өмір кеш. (Эпикур)</li> <li>➤ Өмірде жолаушы болыңдар. (И. Христос)</li> <li>➤ Өз-өзін зерттеп білмеген адам, басқаларды терең зерттеп біле алмайды. (Н.Г. Чернышевский)</li> <li>➤ Адам тарихы идеялар тарихы. (Г. Уэллс)</li> <li>➤ Өткен буын бізге сұрақтарды дайын шешімімен ғана емес, сонымен бірге сұрақтардың өзін де қалдырып кетті. (Кіші Сенека)</li> <li>➤ Олар ешнәрсені ұмытпады және де ештенені үйренбеді. (Ш. Татейран)</li> <li>➤ Халыққа айтылған идеялар емес - тайға таңба басқандай шындық керек. ( А. Ривароль)</li> <li>➤ Ежелгі көне заманға сүйсінуге болады. Бірақ қазіргі заман ағынына лесу керек. (Тапит)</li> <li>➤ Өз ойымен, біреудің сезімімен өмір сүретін адам ең жақсы адам, ал өзгенің ақыл ойымен, ақыл сезімімен өмір сүретін адам ең жаман адам қатарына жатады. Адамдардың барлық ерекшелігі мен олардың мінезінің күрделілігі осы төрт негіздің түрлі өлшемдерінен тұрады. Тек өз сезімдерімен ғана өмір сүретін адамдар хайуан тектес. ( Л.Н. Толстой)</li> </ul>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Жазмышта солай жазылған: Өмірде де, жырларда да жолдың бәрі бір емес. Кейбірі жоғарыға өрмелесе, Кейбірі ылғилап төмен түседі Бірақ көбісі белгісіз жолмен әр жаққа кетеді (Ш. Мырза)</li> <li>➤ Тегін білмейтін елге саяхатқа барған адам, саяхатқа емес, мектепке барғандай сезінеді. Бар адамның ережесі - өз жүрек қалауымен жүру және батыл әрекет жасау - осы жалпы берілген кеңестен басқа, ешкімге кеңес айтуға және басқаның кеңесімен жүруге болмайды. (Н. Макиавелли)</li> <li>➤ Мейірімді болу қиын емес, әдепті болу қиын. (В. Тьюго)</li> <li>➤ Адам табиғатынан мейірімді. (Мэн Цзы)</li> <li>➤ Адам өмірі - қас қағымдай, оның мәні — таусылмайтын ағыс. (Халық даналығы)</li> </ul>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p><b>Шығармашылық жұмыс</b>  Басыңызға қиындық түскенде өміршеңдік ережесін есіңізге алып, өз өміріңіз - өз қолыңызда екеніне сеніңіз.  Өз күшіңе деген сенімсіздікпен қалай күресуге болады? Кез келген іске төмендегідей көңілмен кірісейік: иығыңды тіктеп, жарқын көңілмен, іштей табысқа жетуге талаптанып:  Жігер деген - Мен.  Күш деген - Мен.  Махаббат деген - Мен.  Кешірім деген - Мен.  Қүдірет деген - Мен.  Жасөспірім деген — Мен.  Жастық деген - Мен.  Денсаулық деген - Мен.  Даналық деген - Мен.  Жарқындық деген - Мен.  Бар ғажайып деген - Мен.  Бәрі маған байланысты.  Бәрі менің қолымда!!! - деп өзіңізді сендіріңіз.</p>	<p>Шығармашылық белсенділік терін дамыту.</p>
<p><b>Бейне баян көрсету</b>  «Мейірімділік»</p>	<p>Тақырыпты пысықтау.</p>
<p><b>Айтылған ой-пікірлерді топпен бірге талқылаңыздар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Адамның адамгершілігін оның жекелеген әрекеттеріне қарап емес, күнделікті өміріне қарап бағалау керек. (Паскаль)</li> <li>➤ Жазғырмас бұрын, әрқашан кешіруді ойластыру керек. (Лихтен-берг)</li> <li>➤ Адам көп нәрселерсіз өмір сүре алады, тек адам адамсыз өмір сүре алмайды. (Л.Берне)</li> <li>➤ Адамды тану үшін оны сүйу керек. (Л.Фейербах)</li> <li>➤ Ақыл мен жүректі бірге ұста. (Абай)</li> <li>➤ Байлық - қанағат пен еңбекте (Ы.Алтынсарин)</li> <li>➤ Мен жанбасам лапылдап,  Сен жанбасаң лапылдап,  Біз жанбасақ лапылдап,  Аспан қалай ашылмақ? (Назым Хикмет)</li> <li>➤ Адам ғұмыр бойы өзін-өзі шындайды (Ф.Достоевский)</li> <li>➤ Адам өз туған жерінде аяғын нық басып өссін, бірақ көзімен бүкіл әлемді қалт жібермей бақылап отырсын (Д.Сантаяма)</li> </ul> <p>Мейірімді болу қиын емес, әділетті болу қиын (В.Гюго)</p>	<p>Білім, білік, іскерлік, дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p><b>Бейне сюжет көрсету</b>  «Жақсылық жасау әр адамның қолынан келеді»</p>	<p>Тақырыпты пысықтау.</p>



<p><b>Топпен ән айту.</b> «Сағындым» Ернар Айдар</p>	<p>Тақырыпты бекіту .</p>
<p><b>Үй тапсырмасын беру:</b>      ➤ Жүсіп Баласағұнның «адамшылыққа-адамшылық, қайырымға-қайырым беру туралы» сөздері.      ➤ Саиф Сараи хикметтерінен үзінді.      ➤ Сүйінбай Аронұлының жақсы мен жаман адамның қасиеттері жайлы толғауы.      ➤ Торайғыр бидің ғибрат сөздері.</p>	<p>Дайындық Тақырыпты тереңдету</p>
<p><b>Рефлексия</b>      Мен Сіздің өмір жолыңызға қуаныш, бақыт, сәттілік тілеймін!      Кәні, өзімізге не тілесек, өзгеге де соны тілейік.      Студентгер тілек жазған ашық хаттарына қол қойып, бір-біріне сыйлайды.</p>	<p>Кері байланыс ортасын құру.</p>
<p><b>Қорытынды.</b>  <b>Мейірімділік</b> — адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен <u>лебізін</u> білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы <u>сыйластық</u>, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді.</p>	
<p>Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын, шат-шадыман тіршілігі үшін қажетті аса маңызды қасиеттің бірі болып саналады. “Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады” (<u>Шәкәрім</u>). Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, <u>имандылық</u> пен <u>инабаттылық</u> секілді асыл қасиеттер-мен үндестік тапқан. Ж.Баласағұн “кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең - мейірімділік көресің” деп, мейірімділікке зор мән бергенбалалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.</p>	
<p><b>Соңғы тыныштық сәті</b></p>	

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда өзін-өзі тану пәнін оқытудың мән-маңызы ерекше екендігін атап көрсетудің өзі бұл күнде артық болар. Өйткені пән арқылы білім алушыларды бастауыш сыныптан бастап-ақ ізгілікке тәрбиелеп, өмір сүруге үйрететіндігіміз бұлтартпас ақиқат. Тек пәнді оқушылардың қызығушылықтарын арттыратындай түрлі технологияның сан алуан әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып жүргізу мәселесі уақыт өткен сайын өз өзектілігін арттырып отыр. Пән барысында тек оқулықта ұсынылған мәтінді оқытып, өлеңді жаттатумен шектелу білім алушылардың құзыреттілігін еш арттыра алмайды. Ол пәннің мазмұнын толық ашып көрсетпейді. Сондықтан білім алушылардың жас ерекшелігіне байланысты қосымша мәліметтерді, мәтіндерді, қызықты өмірлік жағдаяттарды пайдаланғанымыз жөн. Оларды сыни ойлауға дағдыландырып, тақырып төңірегінде жұппен, топпен жұмыс жасату, тақырыпқа байланысты түрлі ситуациялық жағдайлардан шыға білуге үйрету олардың функционалдық сауаттылығын арттыра түседі. Сол себепті өзін-өзі тану пәнінде тақырып төңірегінде ой өрбіту, әңгімелесу, сұхбаттасу әдістері маңызды болып саналады. Сабақ нәтижелілігіне қол жеткізу үшін саралап деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, сыни тұрғыдан ойлау, проблемалық оқыту, ірі блокпен оқыту, жобалай оқыту, жеделдетіп оқыту, алдын-ала оқыту, тұлғалық гумандық технология, шоғырландырып-қарқынды оқыту, жүйелілік тұрғысынан оқыту, үшөлшемді әдістемелік жүйе, интерактивті оқыту технологияларының элементтерін өзара ықпалдастыра оқытамыз. Бұл сабақтың бірсарынды өтуінің, оқушының сабаққа құлықсыз қатысуының алдын алады.

Өзін-өзі тану пәні оқушыны болашақ өмірге дайындайтын, өмірдегі сан алуан жағдаяттарға бейімделуге баулитын, соның барлығында олардың жүрегін нұрлы етіп, адамгершілік атты ұлы қасиетті темірқазық етіп ұстандыратын пәндердің бірі. Сол себепті де бұл пән мектеп қабырғасындағы кез келген пәнмен өзара байланысып, тығыз ұштасып жатқаны абзал. Өйткені, ертеден-ақ адамдар тәрбиесіз берілген білімнен сақтандырған болатын. Білім алушы болашақта қандай мамандық иесі атанса да, оның ең бірінші қандай АДАМ болып өскені маңызды. Осы мақсатты бағдар ете отырып, әдістемелік нұсқаулықта өзін-өзі тану пәнінде жаңа технологияларды қолданудың кейбір жолдарын кейбір жолдарын ұсындық.

Білім берудің қазіргі уақыттағы ең негізгі талабы - шығармашылықпен жұмыс жасайтын, бәсекеге қабілетті, құзіретті тұлға тәрбиелеу. Сондықтан да бүгінгі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі құрылуда. Білім беру парадигмасының орын алмасуы: жаңаша мазмұн мен жағдай, өзгеше қарым-қатынас пен өзгеше тәртіп қалыптастыруда. ХХІ ғасырға лайықты тұлғаны тәрбиелеуде жаңа талаптар оқушыға емес, қазіргі заман мұғаліміне қойылады. Оқу процесінің тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану. Жаңа заман мұғалімдерінің білім мазмұнына өзгеріс

енгізе алатын, оқыту мен тәрбиеге жаңа әдістер мен технологияларды енгізе алатын зор шығармашылық әлеуеті бар. Сабақ мақсатына жету үшін оқушылардың уәж дағдыларын дамытуға жағдай жасау керек. Сонда ғана оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым-қатынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашуға болады. Мұның бірден-бір шешуші жолы бағалау болып табылады. Сондықтан да жоғарыдағы ұсынылып отырған әдістердің ерекшелігі де осында. Әдістердің барлығы дерлік білім алушының ойлау қабілетін арттыру, анализ жасау, синтездеу және пікір айтуға машықтандырады. Осы әдістермен өтілген сабақтардың есте қалуы мен қолдана отырып білімді меңгеру дәрежесі жоғарылап материалды анализ жасап, қалай күнделікті өмірде қолдана алатын дәрежесін көрсетеді.

Білім алушылар күрделі мәселелерді шешудің оңай жолдарын қарастыруды, табуды, пайдалануды оңай меңгеріп жалпы терең білім алуға өздерін дайындайды. Іздену арқылы тиісті нәтижеге қолдарын жеткізе алады. Бұл дегеніміз мұғалімнің еңбегінің жанып маңдай терінің зая кетпегені болып табылады. Сонымен қатар, білім алушылар мұғалім қойған мақсатқа жетіп жатса, сана көтеріліп рейтинг жоғарылайды. Заман талабы да соны қалайды. Сол себепті әдістемелік нұсқаулықта өзін-өзі тану пәнінде білім алушының білім деңгейін бағалаудың түрлі әдістерін ұсындық. Әдістемелік нұсқаулық пән мұғалімдеріне өзіндік жәрдемін тигізеді деген ойдамыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Өзін-өзі тану оқулықтары.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші деңгей. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
3. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. – Алматы. 2005.
4. Оценивание учебных достижений учащихся. Методическое руководство/Сост. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. –80 с.
5. Современные средства оценивания результатов обучения: Учебное пособие /Сост. Е.В.Телеева - Шадринск: Изд-во Шадрин. пединст-та, 2009.
6. Ғаламтор мәліметтері.

## МАЗМҰНЫ:

1.	АЛҒЫ СӨЗ.....	3
2.	ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	4
3.	ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕГІ БАҒАЛАУДЫҢ ШЕШУШІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ.....	15
4.	ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІНДЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ МАҢЫЗЫ.....	23
5.	ҚОСЫМШАЛАР .....	24
6.	ҚОРЫТЫНДЫ.....	122
7.	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	124

## КАБИМОЛДИНА АЙГУЛЬ КАЙРБЕКОВНА

---

---

Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы жетістіктерін мониторингілеу (өзін-өзі тану пәні бойынша колледж оқытушылары мен студенттеріне арналған әдістемелік көмекші құрал), «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КММ, Семей: «Zhardem» республикалық баспа компаниясы., - 2021 жыл, - 128 бет.

*Бас директор А.Ғали-Арыстанұлы  
Редактор А.Тойшыбекова  
Дизаин Венедиктова О.А.  
Техникалық редактор А.Ержанқызы  
Компьютерде беттеген Т.Тегененов  
Корректор Ж.Құдайбергенова*

*Терімге жіберілді 25.01.2021. Басуға қол қойылды 25.11.2021.  
Қалпы 60×84/8 Көлемі 6,25 б.т. Қағазы офсетті. Қаріп түрі әдеби. Баспа  
табағы 6,25. Тираж 100 экз. Тапсырыс № 01903*

*«Zhardem» баспа компаниясы  
071710, Семей қаласы., Гоголь көшесі, 89 үй  
Тел./факс: 8 7222 52-13-72  
Zhardem.baspasy@bk.ru  
Тапсырыс берушінің файлдарынан  
Қазақстан Республикасы  
«Zhardem» баспа компаниясының баспаханасында басылды.  
071710, Семей қаласы., Гоголь көшесі, 89 үй*

ISBN 978-601-2405-28-3



978-601-2405-28-3

## ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

---

## ЕСКЕРТПЕЛЕР ҮШІН

---



«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледж» КММ өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы Кабимолдина Айгуль Кайрбековнаның «Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы жетістіктерін мониторингілеу» атты өзін-өзі тану пәні бойынша әдістемелік көмекші құралына

## ПІКІР

Егеменді елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгерістер жалпы білім беру жүйесіне игі әсерін тигізіп, білім мазмұнын, тәрбиелеу мен оқыту әдістемесін жетілдіру, білім беру жүйесін қайта құру, ол үшін педагогикалық жаңаша ойлау, тың ізденістерге жол ашу сияқты көкейтесті мәселелерді алға тартып отыр. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан тізгінін ұстауға қабілетті, жан-жақты, парасатты, ақылды, білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеуді көздейді.

Осы ретте өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы Айгуль Кайрбековнаның «Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы жетістіктерін мониторингілеу» атты өзін-өзі тану пәні бойынша әдістемелік көмекші құралы осындай іргелі де күрделі мәселелерге жауап іздеуімен құнды. Ұсынылып отырған әдістемелік көмекші құралда білім алушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда «Өзін - өзі тану» пәнінің ұтымдылығы мен тиімділігі, сонымен қатар өзін - өзі тану бағдарламасы негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру жолдары, өзіндік таным туралы афоризмдер топтамасы, мониторинг жүргізудің маңызы, өзін-өзі тану пәнінде бағалаудың шешуші құндылықтары мен түрлері қамтылған. Құралда өзін-өзі тану әр тарапты, көп векторлы мақсатта қолдану, яғни адамгершілік, тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, логикалық дамыту, тіл дамыту сынды бағыттарда сұрақ-жауап, дискуссия әрекетін қолдану маңыздылығы көрсетілген.

Түйіндей айтқанда, Айгуль Кайрбековнаның «Колледж білім алушыларының жеке тұлғалылығын дамыту мен оқытудағы жетістіктерін мониторингілеу» атты өзін-өзі тану пәні бойынша колледж оқытушылары мен студенттеріне арналған әдістемелік көмекші құралы колледж оқытушылары мен білім алушыларға арналған оқу бағдарламасының талаптарына толықтай сәйкеседі.

Пікір әдістемелік құралды оқу үрдісіне енгізіп, баспаға ұсыну үшін берілді.

Педагогика ғылымдарының  
кандидаты, профессор,  
«Академик С.Қалиев атындағы  
ғылыми зерттеу орталығының»  
қызметкері

Исмагулова Б.Х.